Doctor of Philology, Professor  
E-mail: phorman@mail.ru*

*Boeva Evelina Volodimirivna,  
The state institution «South-Ukrainian National  
Pedagogical University named after K. D. Ushinsky»,  
As. professor, Ph. Doctor  
E-mail: phorman@mail.ru*

## **The concept of corruption in Ukrainian language consciousness**

*Форманова Світлана Вікторівна,  
Державний заклад «Південноукраїнський національний  
педагогічний університет імені К. Д. Ушинського»,  
доктор філологічних наук, професор  
E-mail: phorman@mail.ru*

*Боєва Евеліна Володимирівна,  
Державний заклад «Південноукраїнський національний  
педагогічний університет імені К. Д. Ушинського»,  
кандидат філологічних наук, доцент  
E-mail: phorman@mail.ru*

## **Концепт корупція в українській мовній свідомості**

Актуальність дослідження зумовлена тим, що поняття «корупція» глибоко вкорінилося в свідомості українців, більша частина співгромадян вважає це звичним буденним явищем, суспільство спокійно реагує на інформацію про корупційні скандали й гучні розслідування. Процвітає корупція і в системі державного управління, у політичній, економічній, соціальній, юридичній, медичній, освітній галузях тощо. «Майже весь пострадянський простір охоплений корупційною лихоманкою і попри всі гучні заяви високопосадовців та низку антикорупційних програм цю проблему побороти не вдається»<sup>1</sup>.

Головною ідеєю представленої розвідки є розуміння концепту як дискретного ментального утворення, яке є базовою одиницею мисленнєвого коду людини, що має відносно впорядковану структуру, представляє результат пізнавальної

<sup>1</sup> Быстрова А. С. Феномен коррупции: некоторые исследовательские подходы/А. С. Быстрова, М. В. Сильвестрос//Журнал социологии и социальной антропологии. – 2000. – № 1. – С. 91.

(когнітивної) діяльності особистості й суспільства і яке несе комплексну, енциклопедичну інформацію про предмет чи явище, що відображається, про інтерпретацію цієї інформації суспільною свідомістю і відношенням суспільної свідомості до певного явища<sup>1</sup>.

Останнім часом лінгвістичні студії базують свої розвідки на когнітивній лінгвістиці, в основі якої лежить концепт. Корупція є сьогодні найважливішою проблемою не лише в Україні. Це серйозна загроза повноцінного розвитку суспільства, оскільки в умовах тотальної корумпованості всіх галузей влади, на поверхню виходять соціальні, економічні, політичні та ін. проблеми, що гальмує прогресивний розвиток суспільства й перешкоджає інтересам національної безпеки України.

Метою статті є визначення концепту «корупція» в свідомості українців. Мета передбачає розв'язання таких завдань:

- 1) схарактеризувати витоки виникнення корупції;
- 2) з'ясувати лінгвістичне тлумачення терміна;
- 3) простежити, як українці ставляться до корупції;
- 4) встановити шляхи її подолання.

Дослідженню поняття «корупція» приділено багато розвідок учених різних галузей: О. Бандурка, Ю. Грошовий, І. Даньшин, Є. Дидоренко, А. Закалюк, В. Зарубін, В. Зеленецький, Р.-В. Кісіль, В. Литвиненко, О. Макухін, М. Мельник, Є. Невмержицький, В. Пасічник, О. Прохоренко, І. Савін, В. Сташис, В. Тумальов, М. Хавронюк та ін. Дане поняття розглянуто в економічній, політичній, соціологічній, юридичній системі. Втім у мовознавстві бракує праць, які дали б систематизований і комплексний аналіз концепту «корупція» в українській свідомості.

Концептуальний простір «корупція» складається з таких вербальних репрезентантів, як «*хабар*», «*хабарництво*», «*блат*», «*непотизм*» (кумівство), які мають константне значення упродовж різних епох і настільки вкорінились у свідомість людей, що сприймаються як невід'ємна частина існування нації.

Хабарництво згадується в російських літописах XIII ст. За царювання Івана III в Росії було здійснено перше законодавче обмеження корупційної діяльності. Іван IV (Грозний), онук Івана III, вперше ввів смертну кару за надмірність у хабарях.

За правління Петра I в Росії широкого розмаху набули і корупція, і жорстока боротьба царя з нею. Згадаймо князя Олександра Меншикова, сибірського губернатора Гагаріна, обер-фіскала Нестерова та ін. 2004 року в Одесі встановили пам'ятник хабареві — апельсин, вилитий у бронзі, що символізує історичну

---

<sup>1</sup> Попова З. Д. Когнитивная лингвистика: учебное издание / З. Д. Попова, И. А. Стернин. АСТ: Восток-Запад, Москва, 2007. – С. 20.

подію — хабар розміром 3 000 апельсинів від володарів і мешканців міста онуку Катерини II імператору Павлу I.

Протягом усього царювання династії Романових корупція була значною статтею доходу як державних службовців нижчого рангу, так і посадовців вищого рівня. Наприклад, елизаветинський канцлер Бестужев-Рюмін одержував за службу в Російській імперії 7 тисяч карбованців на рік, а за послуги британської корони (як «агента впливу») — 12 тисяч карбованців.

З останніх передреволюційних епізодів крім Г. Распутіна має сенс згадати балерину Кшесинську і великого князя Олексія Михайловича, які за величезні хабарі допомагали фабрикантам отримувати військові замовлення під час Першої Світової війни<sup>1</sup>.

Корупція виступає як складне соціальне явище, що зародилося у глибоку давнину і продовжує існувати практично у всіх країнах світу. Основними причинами корупції вчені вважають політичну нестабільність у країні, неефективні дії владних структур, недосконале законодавство, економічну кризу; низьку правову свідомість народу; пасивність інститутів громадянського суспільства; відсутність стійких демократичних традицій; слабку судову систему, яка не має послідовності в застосуванні законодавства<sup>2</sup>.

*Корупція* (від лат. *corruptio*) означає «*підкуп*»; підкупність і продажність громадських і політичних діячів, державних чиновників і посадових осіб<sup>3</sup>.

Радянські дослідження корупції також мали значні здобутки. З початку 20-х років фахівці П. Маслов, С. Солнцев, В. Штейн, що відбулися як науковці ще до революції, починають писати про швидко зростаючий «радянський» бюрократизм і закликають вивчати його не за допомогою теорії планування К. Маркса та теорії бюрократизму М. Вебера. Виявилось, що апарат будь-якого «мобілізаційного» типу держави широко впроваджував до свого складу старих дореволюційних службовців з їхніми традиціями, звичками й навичками управлінської роботи<sup>4</sup>.

У науковій, навчальній та суспільно-публіцистичній літературі існують різні визначення корупції. Цікавим видається той факт, що в Енциклопедичному словнику Ф. Брокгауза, І. Ефрона (М., 2005), у Толковом словаре живого великорусского языка В. Даля (М., 1979), у Словарі української мови Бориса Грінченка (К., 1907–09) тлумачення цього поняття відсутнє.

<sup>1</sup> Алексеев М. Им'я ім – легион... /М. Алексеев//Економіка і життя. – 2001. – № 37. – С. 11–14.

<sup>2</sup> Коррупция и борьба с ней: роль законодательства/под ред. М.Б. Горного. – СПб.: Норма, 2000. – 136 с.

<sup>3</sup> Камлик М. Корупція в Україні/М. Камлик, Є.Невмержицький. – К., 1998. – 310 с. – С. 87.

<sup>4</sup> Водолеев Г.С. Коррупция: Хроника борьбы/Г.С. Водолеев. – СПб., 1995. – 181 с. – С. 7–8.

Словарь русского языка под ред. С. Ожегова (М., 1953) подає таку характеристику: «*Корупція*, — і, ж. У буржуазних країнах: підкуп хабарями, продажність посадових осіб, політичних діячів»<sup>1</sup>.

У великому тлумачному словнику сучасної української мови за редакцією В. Бусела зазначено: «*Корупція*, — і, ж. Діяльність осіб, уповноважених за виконання функцій держави, спрямованих на протиправне використання наданих їм повноважень для одержання матеріальних благ, послуг, пільг або інших переваг. // Пряме використання посадовою особою свого службового становища з метою особистого збагачення. // Підкупність, продажність урядовців і громадських діячів»<sup>2</sup>.

В академічному тлумачному словнику української мови подається наступне тлумачення: *корупція* — у капіталістичних країнах — підкупність, продажність урядовців у складній і страшній машині підкупу, підступу, провокацій та корупції<sup>3</sup>.

У підручнику для вищих навчальних закладів «Кримінальне право України» зазначається, що у широкому сенсі слова *корупція* — це соціальне явище, яке вразило публічний апарат управління, що виражається в розкладанні влади, навмисному використанні державними і муніципальними службовцями, іншими особами, уповноваженими на виконання державних функцій, свого службового становища, статусу і авторитету посади, яку обіймають, з корисною метою для особистого збагачення чи в групових інтересах<sup>4</sup>.

У довідковому документі ООН про міжнародну боротьбу з корупцією остання визначається як «зловживання державною владою для одержання винагороди в особистих цілях»<sup>5</sup>, що включає в себе *хабарництво* (дачу винагороди), *непотизм* (заміщення за протекцією прибуткових або вигідних посад родичами або «своїми людьми») і *незаконне привласнення* публічних коштів для приватного використання.

Робоче визначення міждисциплінарної групи з корупції Ради Європи набагато ширше. *Корупція* є хабарництвом і будь-якою іншою поведінкою осіб, яким доручено виконання певних обов'язків у державному або приватному секторі і яке призводить до порушення обов'язків, покладених на них за статусом державної

<sup>1</sup> Словарь русского языка/сост. С. И. Ожегов. – Изд. 3; под общ ред. Акад. С. П. Обнорского. – М.: Гос. Изд-во иностр. и нац. словарей, 1953. – С. 261.

<sup>2</sup> Великий тлумачний словник сучасної української мови/Уклад. і голов. ред. В. Т. Бусел. – К., Ірпінь: ВТФ «Перун», 2003. – С. 457.

<sup>3</sup> Словник української мови/[за ред. І. К. Білодіда]. – У 4-х т., К.: «Наукова думка», 1980. – С. 302.

<sup>4</sup> Вальчук А. Корупція як соціальне явище/А. Вальчук : [Електронний ресурс]. – <http://ppf.net.ua/index.php//page=article&id=24>. – Назва з екрану.

<sup>5</sup> Коррупция: исторические корни и современное состояние/ред. М. Б. Горный. – СПб.: Норма, 2002. – 327 с. – С. 5.

посадової особи, приватного співробітника, незалежного агента, або іншого роду відносин і має на меті одержання будь-яких незаконних вигод для себе та інших<sup>1</sup>.

У доповіді, підготовленій Радою із зовнішньої і оборонної політики та Регіональним громадським фондом «Індем», вказується, що «під *корупцією* (у вузькому розумінні слова) мають на увазі ситуацію, коли посадова особа приймає протиправне рішення (іноді рішення морально неприйнятне для громадської думки), з якого отримує вигоду деяка інша сторона (наприклад, фірма, що забезпечує собі завдяки цьому рішення державне замовлення всупереч встановленим процедурам), а сам посадовець отримує незаконну винагороду від цієї сторони. Характерні ознаки даної ситуації: приймається рішення, що порушує закон чи неписані суспільні норми, обидві сторони діють з обопільної згоди; обидві сторони одержують незаконні вигоди і переваги, обидві намагаються приховати свої дії»<sup>2</sup>.

У розвідках міжнародних науковців існує багато визначень цього поняття. Втім у жодному тлумаченні немає прозорості й правової правильності. Погляди російських і західних правознавців на цю проблему істотно розрізняються. Російські вчені розуміють корупцію як правопорушення, що асоціюється із суспільно шкідливою дією, яка суперечить вимогам правових норм. У свою чергу, західні правознавці розширюють межі корупції до девіантної поведінки політичної еліти, тобто йдеться саме про порушення моральних і етичних норм<sup>3</sup>.

Дж. Най вважає, що *в основі корупції* лежить хабарництво (пропонування винагороди з метою спокушання особи з позиції обов'язку), непотизм (протегування через особисті зв'язки) й незаконне привласнення публічних коштів для власного використання<sup>4</sup>.

На наш погляд, повне визначення корупції подає С. Максимов. Учений під цим терміном розуміє «використання державними, муніципальними або іншими публічними службовцями свого статусу для незаконного отримання будь-яких переваг (майна, прав на нього, послуг або інших пільг, у тому числі немайнового характеру) чи надання останніми таких переваг»<sup>5</sup>.

Різноманітність точок зору на визначення корупції свідчить про складність цього явища і вимагає більш глибокого і всебічного його вивчення. Тут доцільно було б зосередитися на наступних двох аспектах. По-перше, поглибленні теоретичного рівня концепту «*корупція*», а саме, формуванні його категоріального

<sup>1</sup> Быстрова А. С. Феномен коррупции: некоторые исследовательские подходы/А. С. Быстрова, М. В. Сильвестрос//Журнал социологии и социальной антропологии. – 2000. – № 1. – С. 91–112, С. 96–97.

<sup>2</sup> Быстрова А. С. Зазначена пряця. – С. 96–97.

<sup>3</sup> Гараев Р. Ф., Селихов Н. В. Понятие коррупции//Следователь. – 2001. – № 2. – С. 43–50.

<sup>4</sup> Ответственность за должностные преступления в зарубежных странах. – М., 1994. – С. 37.

<sup>5</sup> Основы борьбы с коррупцией/науч. ред. С. В. Максимов. – М.: Спарк, 2000. – С. 22.

апарату, дослідженні причин виникнення та чинників, що сприяють його розвитку, впливу на економічне, соціальне й політичне життя суспільства та ін. По-друге, чіткого правового й лінгвістичного визначення корупції і формування системи практичних заходів щодо боротьби з цим явищем.

Доречним буде згадати роки правління президента В. Ющенка, коли всі посади в Кабінеті Міністрів посли його родичі й куми, а також «славнозвісного» президента В. Януковича з його золотими батонами, багатомільйонними маєтками й банківськими рахунками. Така ж ситуація відбувається й у деяких вишах, де навантаження й посади розподіляються серед улесливих колег. На роботу можна влаштуватися лише за телефонним дзвінком, через протекцію знайомих і родичів.

У відеоматеріалах під назвою «Корупція в Україні» доведено, що проблема корупції є надзвичайною загрозою національній безпеці країни. У рамках рубрики «Тема тижня» від П'ятого каналу (м. Київ), каналу «Україна» (м. Київ), Сьомого каналу (м. Одеса), Третього цифрового (м. Одеса) проводилося загальнонародне опитування, яке містило в собі наступне питання: *чи вважаєте Ви ефективною антикорупційну політику країнського уряду?*

Переважає більшість (95 %) вважають антикорупційну політику неефективною, 3 % вважають, що вона працює і лише 2 % не визначились з відповіддю. Протягом опитування з'ясувалося: *«Казки це все... Ніхто там з корупцією не бореться. Це вони самі на цьому заробляють гроші. Звичайно, подивіться, звідки ці всі дорогі машини, будинки багатомільйонні? Невже за зарплату чиновника?»*; *«Корупцію, я думаю, не можна повністю знищити, але зараз її рівень не на стільки високий, як колись у 90-х роках»*; *«Про що ви говорите? Подивіться наліво, направо і одразу все зрозуміло, як такої, боротьби немає. Це тільки створюють вигляд»*; *«Ще ж нікого не посадили за це, це тільки декларації — арештували або викликали до слідчого, але це ні про що не свідчить, судових вироків-то немає»*; *«Владі вигідно, щоб корупція була. Це не той уряд, який би міг щось зробити для держави»*; *«Ми зверталися до держорганів із рішенням, пропонували, як усунути так званні «відкати» у держзакупівлях, але, на жаль, це нікого не зацікавило, тобто на даний час це нікому не потрібно»*; *«Позитивні зрушення є в цьому питанні. Наприклад, введення ЗНО, наскільки я знаю, раніше його не було, і вступ до університету був більш корумпований, можливо, а зараз, напевно, трошки легше»*; *«Україна просто кричить, що потрібно вирішувати це питання і Європа нам про це каже. Я гадаю, що питання з корупцією нам вдасться вирішити лише років за двадцять»*; *«Вони всі корумповані там у верхах. Їм самим із собою боротися не хочеться»*.

Отже, як бачимо, переважно всі відповіді громадян, незважаючи на різний вік і стать, зводяться до однієї думки, що корупція назавжди залишиться в країні й ніхто не підніматиме це питання на національному рівні. Реакція респондентів на запитання журналістів була різною: одні іронічно посміхалися, другі важко



зітхали, треті були досить обурені й відповідали на питання, стиснувши зуби. За відповідями, отриманими під час опитування, громадян можна розподілити на кілька груп: невеликий відсоток відповів, що бачить позитивні зрушення у проведенні антикорупційної політики з боку влади (наприклад, у ЗНО), інші відповіли, що корупцію можна побороти лише «через років двадцять», решта вважають, що порівняно з дев'яностими роками рівень корумпованості у країні значно зменшився.

Концепт «корупції» настільки вкорінився в житті громадян, що більшість опитаних ставиться до нього як до звичайного явища. Ефективна боротьба з посадовими злочинами не може бути здійснена в результаті разових і короточасних акцій будь-якого ступеня активності й суворості на будь-якому рівні, а потребує довгострокових перетворень. Ця діяльність повинна базуватися на поєднанні профілактичних і репресивних заходів.

Втім проблема корупції лежить в історичному, політичному, релігійному й соціокультурному розумінні. Річ у тім, що її витоки сягають сивої давнини й лежать у свідомості етносу через «правовий нігілізм» (Л. Савінов), відсутність належної загальної і правової культури, політичної, економічної, соціальної грамотності тощо. Результати опитування довели, що корупційну поведінку й корупційну свідомість визначають не лише корупційні інтереси, а й прагнення отримати дурні гроші, владу, престиж і под.

Усе вищезазначене засвідчує, що корупція у свідомості українців має давнє походження, усталену традицію і сприймається як буденне явище. Тому для боротьби з корупцією треба змінити ставлення суспільства до цієї проблеми, щоб держава, базові структури й соціум почали сприймати корупцію як «раціональне зло» (Л. Савінов), щоб влада й народ жили за совістю, за законом, за мораллю, тоді саме українська свідомість стане інструментом боротьби з корупцією.

## Section 6. Comparative-historical, typological and comparative linguistics

*Amrenov Adilbek Dautbekovitch,  
Pavlodar State Pedagogical Institute,  
Lecturer, the Faculty of Philology and History  
E-mail: adilbek.61@mail.ru*

### **On a anthroponyms in Turkic writing of the 16<sup>th</sup> century: linguistic, historical code**

*Әміренов Әділбек Дәуітбекұлы,  
Павлодар мемлекеттік педагогикалық институты,  
Филология және тарих факультеті  
E-mail: adilbek.61@mail.ru*

### **16 ғасырдағы ортатүркілік жазба шежіредегі антропоним туралы: тілдік, тарихи код**

Ғасырлар қойнауының құпия тірлігінен сыр шертіп, жазба мәдениетінің желісін үзбей жалғап келген үлгілердің бірі — шежірелік сипаттағы әдеби жәдігерліктер. Шежіре ұғымы (шаджрат) — «бұтақ», «тармақ» мағынасында араб тілінен енгені белгілі.

Осы ата-тек шежірелер халық арасында ауызша да, жазбаша да таралды. Ауызша таралған шежірелерді айтпағанның өзінде, жазбаша сақталғандары да біршама. Олар: Әбілғазының «Түрік шежіресі», Дулат Хайдардың «Тарихи рашиди», Жалайыр Қадырғалидың «Жәмиғат тауарихы», Захириддин Бабырдың «Бабырнама», Шоқан Уәлихановтың «Ұлы жүз шежіресі», Абайдың «Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы», Шәкәрімнің «Түрік, қырғыз-қазақ һәм ханлар шежіресі», Мәшһүр Жүсіптің «Қазақ түбі», «Қазақ шежіресі», М. Тынышбаевтың «Қазақ халқының тарихына қатысты материалдар» сияқты басқа шежірелер қазақ хандығы құрылғаннан бастап ХХ ғасырдың басына дейінгі кеңістікті қамтиды.

Осылардың ішінде қазақ тарихында өзіндік орны бар, баға жетпес құнды қазынаның бірі — Қадырғали Жалайырдың «Жәмиғат тауарих» атты қолжазба

шежіресі, 1602 жылы Ресейде сол кездегі орта түркілік араб қадим жазуымен жазылған.

Қолжазбаны алғаш жариялап, зерттеген орыс шығыстанушысы И. Н. Березин болды. Ол 1851 жылы «Московитянин» журналының № 24 санында «Татарский летописец. Современник Бориса Федровича Годунова» атты мақаласында, жәдігерліктің құндылығына тоқталып, ғылыми тұрғыдан зерттеу керектігін айтады. Екінші қолға алған орианалист ғалым В. В. Вельяминов-Зернов «Исследование о касимовских царях и царевичах» еңбегінде «Жәмиғат тауарихты» тарихи тұрғыдан саралайды, құнды тұжырымдар жасайды. Жәдігерлікпен И. Н. Березин арқылы Ш. Уәлиханов та танысады, «Извлечения «Жамиат тауарих»» атты шағын зерттеуінде шежіренің тілі, стилі, орфографиясына қатысты сөз қозғайды. Шоқаннан кейін қазақтардан бұған Ә.Марғұлан, Р. Сыздықова және т. б. ғалымдар назар аударды. «Жәмиғат тауарихты» зерттеген басқа да түркітанушы ғалымдар баршылық.

Қадырғали Жалайырдың «Жалпы тарихында» (араб тіліндегі «Жәмиғат тауарихты» осылай қазақшалауға болады) «Дастан Оразмұхаммед хан бин Ондан сұлтан» (қазіргі қазақшасы: Ондан сұлтанның баласы Оразмұхаммед хан туралы дастан) тарауындағы хан тағының суретінде тақтың сол жағында (*майсара* (араб) — сол жақ, немесе *дәст чәб* (парсы) — сол қол. Ә.Ә) отырған бектің (би, уәзір Ә.Ә) бірі — Оразмұхаммед ханның төрт бегінің бірі болған Арғын Чиш бектің есімі жазылған.

Жазба жәдігерліктегі осы есім түркітанушылар тарпынан әр түрлі аталып жүр. В. В. Вельяминов-Зернов зерттеуінде Оразмұхаммедтің сол қол уәзірі Арғын Чешь-бикъ<sup>1</sup>, Шоқан Уәлиханов зерттеуінде аргынец Чиш-бек<sup>2</sup>, Рәбиға Сыздықова зерттеуінде Шаш бек<sup>3</sup>, Мұхтар Мағауиннің «Аласапыран» романында Шәш бек<sup>4</sup>, және Н. Мингулов, Б. Көмеков, С.Өтениязовтардың аудармаларында Арғын Чаш бек<sup>5</sup> деп әртүрлі дыбыстық өзгерістермен (Чешь, Чиш, Шаш, Шәш, Чаш) аталады. Енді осының анық-қанығын тілдік (лингвистикалық) кодын сараптап көрейік.

Антропонимнің Чаш нұсқасына келсек (қазіргі қазақ тілінде «шаш») көне түркілік қолданыста «саш», «сач» деп жазылған. Мәселен: Енесей құлыптасында (ҮІІІ ғ) — **Қара сач** (кіс есімі), «Диуани луғатта...» (ХІ ғ) — **ер сачланды**, «Оғыз қағанда (ҮІІІ–ІХ ғ) — **Сачлары, қашлары қара ерділер**, «Ат-тухафа әз-

<sup>1</sup> Вельяминов-Зернов В. В. Исследование о касимовских царяхъ и царевичахъ. – Часть вторая. – Санктпетербургъ, 1864. – С. 403.

<sup>2</sup> Уәлиханов Ш. Бес томдық шығармалар жинағы, 1-том. – Алматы, 1961, – Б. 158.

<sup>3</sup> Сыздықова Р. Г. Язык «Жами'ат- тауарих» Жалайри. – Алма-Ата, 1989, – С. 239.

<sup>4</sup> Мағауин М. Аласапыран. – Алматы, 1986 – Б. 108.

<sup>5</sup> Қадырғали Жалайыри. Шежірелер жинағы, – Алматы, 1997. – Б. 124.

зәкияда ...» (XVIII ғ) — *саи*, орта түркілік (X–XV ғ.ғ) және жаңа түркілік (XV–XX ғасыр аралығы) жазбаларда, «Ахуал Чингиз хан уа Ақсақ Темурде» (XVI–XVII ғ) — «шач» немесе «сач» — *Шачын тараса інжу төкүлүп* таңбаланған.

В. В. Вельяминов-Зерновтың жоғарыдағы еңбегінде Қасым хандығының орталығы болған Кермен қаласындағы қорымдар басындағы жазбаларды зерттегенде, солардың бірінде Сайын Болат ханның өз анасы Алтыншашқа орнатқан ескерткішіндегі антропонимді — Алтунсач деп оқиды<sup>1</sup>.

Яғни араб таңбалы қадим жазуындағы түркілік төл сөздің дауыссыз, дауысты дыбыстарының барлығы жазылғанын көреміз. Сонымен қатар мысалдардан байқап отырғанымыздай қазіргі қазақ тіліндегі «шаш» сөзі көне және орта түркі жазба ескерткіштерінде сөз басында (анлаутта) «*ч*» дыбысынан басталмайды. Ал Жалайыр Қадырғали шежіресіндегі сөз «*ч*» әрпімен басталып тек дауыссыз дыбыстармен (**ЧШ**) таңбаланған, яғни дауысты дыбыстар жазылмаған.

Оның өзіндік себебі бар. Алдымен жәдігер Орта түркілік жазба ескерткішке жатады. Орта түркілік араб қадим жазулы ескерткіштерде жазу тәртібі болған (орфографиялық заңдылық деуге келмейді). Атап айтқанда жалғалмалы (аглютинативті) тіл болғандықтан түркілік төл сөздердің дауысты, дауыссыз дыбыстары толығымен таңбалануға түссе, қопармалы (флективті) тілдік заңдылыққа бағынатын араб-парсылық кірме сөздердің дауыссыз дыбыстан тұратын түбір қаңқасы ғана жазылып, қысқа дауысты дыбыстар харакаттар арқылы белгіленген. Харакаттар (қысқа дауысты дыбыстар) тек қасиетті жазбаларды қатесіз дұрыс оқу үшін дауыссыз дыбысты таңбалайтын әріптің асты, үстіне қысқа дауысты дыбыстарды белгілейтін диакретикалық белгілер қойылады, яғни Құран және Хадис сөздерінде ғана жазылған, ал басқа жазбаларда харакат қойылмайды. Орта түркілік жазбалардағы араб-парсылық кірме сөздердің де харакаттары жоқ. Сондықтан Қадырғали Жалайыр жазбасындағы антропоним харакатсыз жазылған таза арабтық есім болғандықтан оны «чаш», «чиш», «чеш», «чш», «чыш», «чуш», «чүш», «чөш», «чош» деп қысқа дауыстыларды қойып әртүрлі сөзформада оқуға болады. Зерттеушілердің жәдігерліктегі есімнің бірде «Чаш» енді бірде «Чеш» деп оқуының мәнісі де осында.

Қадырғали Жалайырдың тарихи еңбегіндегі сөз болып отырған осы антропоним қазақтың тарихи-рулық шежіресінде де кездеседі. Атап айтқанда Арғын тайпасының ішіндегі қазіргі Қанжығалы руының арғы аталары Шиш бек есімімен аталады. Бұған байланысты Қанжығалы Саққұлақ бидің «Шежіре тарихында» мынандай дерек бар: «Арғын бабамыздың немерелері Толыбай жиырмаға, Маябоз он сегізге келген тұсында, Ақсопы екі баласын түркімендерге, оның ханы Көроғлы

<sup>1</sup> Вельяминов-Зернов В. В. Изследование о касимовскихъ царяхъ и царевичахъ. – Часть вторая. – Санктпетербургъ, 1864. – С. 11.

ханға қызмет етуге жібереді. Хан Толыбайды өзіне атбегі етіп қабылдайды да, Маябозды теке-жәуміт (ахалтеке) жылқысын бағуға жібереді.

Толыбай түркімен қызына үйленеді. Оның жүкті кезінде Көроғлы хан Хорасанға жорық жасап, Хорасанның орталығы Раушан қаласын өзіне қаратады. Еліне қайтып келе жатқан жолда, көңілінің тасығандығынан болар, хан басындағы жығасын Толыбайға кигізеді. Елге оралғанда жұрт: Хан Толыбайға жығасын сыйлапты, «ханның жығасын» киген Толыбай, деп шуласады. Ақыры «хан жығасы» Толыбайдың екінші лақап есіміне айналып «Ханжығалы» (айтылым бойынша Қанжығалы) атанып кетіпті.

Қанжығалы Хорасан жорығынан оралғанда әйелі ұл табады. Көроғлы хан жеңіп алған Раушан шаһары құрметіне Қанжығалы баласына Раушан бек деп ат қояды. Одан кейін туған ұлына Шиш пайғамбардың есімін беріп Шиш бек деп атаған. Қанжығалылар мұны қысқаша Ішпек деп атайды»<sup>1</sup>. Шежіре ауызша тарих, ішінде аңыз араласып келсе де, түбінде ақиқат бар. Сондықтан Қадырғали Жалайырдың «Жәмиғат тауарихындағы» Арғын Чиш бекті бүгінгі қанжығалылардың ақсақалдары өздерінің аталарына жатқызып жүргендері де шындыққа біраз жақын келеді. Бұған мынандай дәлелдер бар:

1. Түркі жұртының Орта ғасырларда Ислам дініне кіріп мұсылмандана бастауына байланысты көптеген түркілік антропонимдер де мұсылмандық атауға бейімделді. Әсіресе Ислам дінімен байланысты пайғамбарлардың, әулиелердің, сахабалардың есімдері түркі антропонимдерінде кеңінен қолданысқа түсті. Соның бірі Шис (ауызекі тілде кейде Чит деп те атайды) пайғамбардың есімі. Шис Адам атаның Әбіддің өлімінен кейін көрген үшінші ұлы<sup>2</sup>. Сондықтан Шис есімі орта түркілік жазба ескерткіштерде көп кездеседі.

2. Дыбыстық құбылыстарға байланысты Шис атауы кейде Чис, Чиш/Шиш, Шейш болып та аталады. Мәселен «Шаджарату түркіменде» (XVII ғ) — **Адам өлер болды ерсе, Шейш атлы оғылыға айтады кім: «Мендің соң сен менің орнумға олтуруп оғаланларымға баш болғул»**. Яғни жазба тілде де «Шейш» деп жазыған.

Сөздің абсолют басында <<ч> аффрикат дыбысының қолдануы араб тіліне тән емес, ал көне және орта түркі тілінде бұл аффрикат сөз басында (анлауттта) жиі қолданыста болған. Көненің көзі реликт ретінде бұл дыбыс қазіргі қазақ тілінің Оңтүстік, Шығыс, Маңғыстау, Алтай қазақтарының диалектілерінде сақталынып, актив қолданылады (шай-чай, шын-чын, шыны-чыны, шәш –чәш. шөп-чөп т.б.).

<sup>1</sup> Еңсебаев Т. А. Қанжығалы шежіресі. – Павлодар, 2004. – Б. 53.

<sup>2</sup> Пайғамбарлар қиссасы. Құрастырғандар. А. Қадыров, Ж. Жакипов, Қ. Қыдыралыұлы. – Алматы, 2008. – Б. 23.

Сондықтан орта түркілік жазба ескерткішіндегі араб негізді Шис атауының анлауыттағы **ш~ч** дыбыстық алмасуға түсуі таза тілдік құбылысқа тән. Сөздің соңындағы (бір ерекшелігі көне, орта түркі жазбаларындағы «шаш» сөзінің осы позициясында «ч» аффрикаты қолданылмаған) **с~ш** алмасуын да осындай құбылыс деп қарау керек. Сонда араб тілі арқылы енген Шис есімінің орта ғасырлық түркілік сөйленісте (дыбыстық құбылыстар, дыбыстық алмасулар тек ауызша тілде болады) **Чис, Чиш, Шиш, Шейш** болып әртүрлі аталуы заңды нәрсе.

3. Орта түркілік **Чиш бек** антропонимдік лауазымның (бек — лауазым атауы болғандықтан жазба ескерткіште бөлек жазылған) қазіргі қазақ тілінде **Ішпек** болып өзгеріске түсуі де осы тілдік (фонетикалық) заңдылыққа, яғни протезаға байланысты. Кірме сөздің алдынан басы артық дыбыстың қосылуы — протезалық құбылыс. Протеза кірме сөзді енген тілге икемдеп айтуға жеңілдету үшін қажет. Қазақ тілінде протезалық дыбыстар негізінен қысаң (ы, і, ұ, ү) дауыстылар: стакан-ыстақан; стол-үстел; шкаф-ышқап т. б. Сонда араб тілінен енген **Шис**, орта түркілік жазба ескерткіште сөз басында (анлауыттық) **ш~ч** және сөз соңы (аулауыттық) **с~ш** дыбыс алмасуына түсіп **Чиш**, кейін жаңа түркілік қазақ тіліне бейімделіп (протезалық құбылыс) **Іш** болған. Негізінен тарихи даму тұрғысынан алғанда орта түркілік жазбалардағы «ч» мен «ш» бір дыбыс болып саналады, кейде екеуі бірінің орнына бірі алмасып қолданыла береді. Қазіргі қазақ тіліндегі аймақтық сөйленістер осыны айғақтайды. Қазақ тілінің диалектикалық сөздігінде сөз басында «ч» дыбысымен дыбысталатын 200-дей сөз бар<sup>1</sup>. Сонда араб тілдік дауыссыз дыбыстарға негізделген (консонанттық) орта түркілік шежіредегі түбірдің құрамындағы **ЧШ** дауыссыздары бір ғана **Ш** дауыссыз дыбысына айналған, яғни **чш ~ ш** болып өзгерген де кейін протезалық құбылыс арқылы **Іш** болып қалыптасқан.

Ал **бек** лауазымы қазіргі қазақ тілінде есіммен бірігіп кеткен. Яғни **Чис бек** есімді лауазым біріккен сөзге айналып **Ішбек/Ішпек** антропониміне айналған. Бұл жерде дыбыс үндестігіне орай сөз соңындағы қатаң «ш» дыбысы екінші кіріккен сөз басындағы ұяң «б» дыбысын өзіне икемдеп қатаң «п» дыбысына айналдырған. Яғни, **Ішбек** ілгерінде ықпалдың әсерімен **Ішпек** болып өзгеріске түскен.

Сонда антропонимдік өзгерісті жүйелейтін болсақ, **Шис бек ~ Чис бек ~ Чиш/Шиш бек** (кейде **Шейш бек**) ~ **Ішбек ~ Ішпек** тізбегін құрайды. Барлығы тілдік заңдылыққа бағынып сатылай өзгеріске түскен. Бұл тілдік сараптама негізіндегі дәлеліміз.

Ендігі мәселе Оразмұхаммедтің сол қол уәзірі Арғын Чиш бектің қазіргі Қанжығалалардың атасына қатыстылығы. Мұны анықтау үшін шежірелік, тарихи деректерге сүйеніп, жалпы Арғын тарихына үңілу қажет.

<sup>1</sup> Диалектикалық сөздік. – Алматы, 2007. – Б. 677–685.

Арғындардың шығу тегі көптеген тарихшыларды қызықтырған, себебі олардың өзге тайпалардан (керей, найман, жалайыр, қоңырат, қыпшақ, үйсін және т. б.) өзгешелігі, жазба тарих бетіне XIV ғасырға дейін белгісіз болып келгендігінде. Зерттеушілердің көбі «арғын» этнониміне қатысты тарихи-салыстырмалы тәсіл арқылы түркі тайпасының түп атасы «ғұн» атымен байланыстырғанмен ғылыми негіздеме жоқ. Арғындарға қатысты В. В. Бартольд, А. Н. Бернштам сияқты ориенталист ғалымдарымен қатар Шоқан Уәлиханов, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Әлкей Марғұландардың да құнды пікірлері бар.

Әсіресе Шыңғыс хан тұсындағы арғын тайпасы туралы деректер мардымсыз, әлі де зерттеуді қажет етеді. Шәкәрім шежіресінде: «... Бергірек заманда шежіреде арғынның білінетұғыны — Шыңғыс ханның үлкен баласы Жошы менен онан кішісі Шағатайға ел бөліп бергенде, солардың қол астында арғын деп аталады. Арғын дегені — арғындар деген сөз. Әмір Темір хан заманында және арғын атанып, осы Шыңғыс тауы менен Тарбағатайда жүргені анық. «Шыңғыс ханның өз тұсында арғын аты неге аталмаған?» деген сөз туралы орыстың жазушылары әр түрлі сөз айтса да, ақырында «арғын Шыңғыс ханға соғыспай қараған шығар» дейді. Менің ойымша, ол кезде арғындар найман ханына қарайды. Себебі Аристов сөзінде бұрын қара қытайдың алғашқы ханы Амбахан тұсында Байергун, яғни арғын айтылады да, найман жоқ. Және Аристов айтады: «бұрын баярген яғни арғын күшті еді, Шыңғыс тұсында найман күшті болып, екі ханға қарап тұрды. Керейлер өз алдына бір ханға қарап тұрған еді» дейді. Және Шыңғыстың баласы Шағатай қол астындағы елді айтқанда, «арғын наймандарменен Еміл, Қаратал, Нұра өзенінде жүрді» дейді. Осы сөздерден мағлұм болды — бір кезде арғын күшті болып, найман оған қарап, бір кезде найман күшті болып, арғын оған қарағандығы»<sup>1</sup> деген жорамал жасайды.

Темір жорықтарына арналған деректерге қарағанда, арғындар XIV ғ. аяғында Алакөл мен Қаратал өзенінің арасында тұрған, яғни олар бұрынғы орындарында қалған. Шағатай ұлысының құрамында болған арғындар Темірдің 1376, 1389 және 1390 жылдардағы жойқын шапқыншылықтарына ұшырады, одан кейін XV ғ. басында шығыстан жоңғарлардың шабуылы басталды да, 1456 ж. арғындар батысқа қарай кәдімгідей жылжып, Орыс ханның немересі, әйгілі Жәнібек ханның қарамағында болды. Шамасы, арғындар батысқа қарай 1400–1410 жылдары қозғалса керек. Өйткені арғындар (қанжығалы руы) 1420 ж. Жәнібектің әкесі Барақ ханның Ташкент пен Ходжентке қарсы жорығына қатысады. Бұлардың барлығы Қадырғали Жалайырға дейінгі мәліметтер.

Қадырғали Жалайыр шежіресін зерделей қарайтын болсақ, Шыңғыс ханның оң қол, сол қолға бағынышты түмен, мыңбасы, жүзбасы әмірлері және әскерлері,

<sup>1</sup> Шәкәрім. Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі. – Алматы, 1991. – Б. 43.



кейінгі балалары Шағатай, Үгедей, Жошы, Толу қасындағы оң қанат, сол қанат бектері негізінен қазіргі қазақ руларынан Жалайыр, Маңғыт, Қоңырат және т. б. тайпалардан болғанын көреміз<sup>1</sup>. Мұнда Арғындар туралы мәлімет айтылмайды. Тек ХҮІІ ғасыр басында Қасым хандығын басқарған қазақ сұлтаны Оразмұхаммедтің бірнеше билерінің бірі болған Арғын Чиш бектің аты ғана аталады. Негізінен хан жанынан табылып, кеңесші, серігі, жақын жолдасы болып жүрген Арғындар жайлы мәліметтер де аз емес. Бір деректе Әбілхайырдың (1428–1465) ақылгөй қазысы Арғын Дайырқожа би болған дейді. «Біздің осындағы арғындардың арғы атасы Дайырқожа ханның сүйікті қазысы екен, әділ айтқандықтан «Ақжол» атаныпты. Және Қара Қыпшақ Қобыланды батыр да Әбілқайырға сүйікті екен. Екеуі ішінен жауласып жүргенде, бір күні далада Қобыланды батыр Дайырқожаны өлтіріп кетіпті. Әз Жәнібек хан біліп, Қобыландыны шарифат бойынша қысас қылып өлтіруге сұрапты. Әбілхайыр хан берейін десе, көп қыпшақ бұзылатын болған соң, бере алмай үш кісінің құнын алып бітім қыл деген соң, Әз Жәнібек хан өкпелеп кеткені, біздің қазақта мақал болып жүрген «Қара Қыпшақ Қыпшық Қобыландыда нең бар еді құлыным» деген сөз Дайырқожаның сүйегін айналып жүріп жылаған әкесі Қыдан тайшы деген кісінің сөзі. ... Біздің қазақтың Арғын атасы Қотан ақын дейтұғын осы және бұл сөзге бір дәлел Арғын Жанақ ақынның өлеңі:

Алашта Арғын аға туған зерек,

Өзгеден ол кісінің жөні бөлек.

Арғынның түп атасы ақын Қотан,

Өлеңге бізден ұста болса керек»<sup>2</sup> дейді, ұрпақтан ұрпаққа аманат боп үзілмей жалғасып жеткен, халық жадында сақталған ауызша тарих.

Осы оқиғадан кейін арғындар мен керейлер Жәнібек пен Керей сұлтанға ілесіп, Әбілқайырды тастап кетеді. Жәнібек пен Керейдің Моңғолстанға, Балқаш көлінің оңтүстігіне ығысу себебін де тиянақтай түседі. Бұл тарихи аңыз (яғни ауызша жеткен тарих, сондықтан оның әр түрлі нұсқасы болуы да мүмкін).

Қазақ хандығының құрылуына бірден бір себепкер болғандықтан арғындар осы халықтың құрамындағы аға орынды алғаны күмәнсіз. Сондықтан Орта жүздің ішіндегі рулардан ерекшеленіп «Арғын аға баласы» атануы да осы болса керек (Шәкәрім шежіресінде Арғынның аға болуына басқа деректер келтіреді). Арғындардың кейін Шыңғыс әулетінің қасында жоғары лауазымды қызметте жүруі де осы ағалық мәртебесі болуы мүмкін. Оған дәлел Шыңғыс ұрпағы Оразмұхаммедтің жанындағы арғын (қанжығалы) Чиш бектің болуы. Мұхтар Мағауин оны қырым жақтан келген арғын деп көрсетеді<sup>3</sup>. Дегенмен де, Қазақ

<sup>1</sup> Қадырғали Жалайыр. Шежірелер жинағы. – Алматы, 1997. – Б. 61.

<sup>2</sup> Шәкәрім. Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі. – Алматы, 1991. – Б. 23.

<sup>3</sup> Мағауин М. Аласапыран. – Алматы, 1986. – Б. 146.

хандығының негізін қалаған аға баласы арғын Чиш бектің өз елінен жырақтап Кермендегі Оразмұхаммедтің қасынан табылуы, оның санаулы бектерінің бірі болуы әлі де түйіні шешілмеген, зерттеуін күтіп тұрған мәселелер.

Енді осы айтылған деректі сараптайтын болсақ, Қанжығалы атанған Арғын Толыбай ХҮ ғасырда Әбілхайырдың қасында болса, онда оның ұлы Чиш бектің арасы екі ғасырға алшақтап кетеді де бұл шындыққа жанаспайды.

Ал екінші деректегі Қодан тайшының екінші ұлы Қаратайдан бастап таратсақ онда Чиш бекке дейін тоғыз ата болады<sup>1</sup>. Дайырқожаның өліміне байланысты оқиға ХҮ ғасырдың 50 жылдарының орта тұсына келсе, (Жәнібек пен Керейдің Шу бойына көшіп келуі 1457 жылдар шамасы) сонда Қодан тайшының ұлы Қаратай ХҮ ғасырда (шамамен 1410 жылдары дүниеге келді деп шамаласақ) өмір сүрсе, онда Чис бекке (туған жылын шамамен 1568 жылдар деп алсақ) дейінгі аралықтағы ұрпақ жалғастығы 17,5 жасқа келеді. Ал енді төменен жоғары өрлесек, Қанжығалы Бөгенбай мен Чиш бек атасының арасында жеті ата бар Бөгенбай 1680 жылы дүниеге келсе, Шишбек атасын шамамен 1568 жылы туған десек (1602 жылы Оразмұхаммедтің қасында би болғанда жігіт ағасы жасында 40–45 терде болуы мүмкін) онда аралары 128 жылды қамтиды, сонда әр атаның арасы 16 жастан келіп отырады. Әрине, ауызша шежіреге сүйенгендіктен, ата-тектің туған жылдары, өмір сүрген уақыты нақты болмағандықтан біздің есептеуімізде біраз ауытқушылықтар да жоқ емес. Дегенмен «Он үштегі отау иесі» түркілік салт-дәстүрімен қарасақ, бұл дерек шындыққа біраз жақындайды.

Сонда Қадырғали Жалайырдың шежіресіндегі антропонимді зерттеген тәсілдерден (тілдік сараптамалық, тарихи-салыстырмалы, ата тектік, ұрпақ жалғастығы) шығатын қорытынды бойынша 1602 жылы Оразмұхаммед сұлтанның бегі болған Арғын Чис бек қазіргі Қанжығалылардың атасы болып шығатынына негіз бар. Өйткені жазба деректерде Түркіменстан, Кавказ, Қырым түбегіндегі ауа жайылаған арғындар арасынан Чиш бек атымен аталатын тарихи тұлға кездеспейді. Арғындар туралы зерттеу жүргізген шетел, орыс, қазақ ореанталистері де бектік лауазымға жеткен осы рудың, осы аттас тұлғалары жөнінде ешқандай мағлұмат бермейді.

Екіншіден, Оразмұхаммедтің қасындағы бек, би, уәзірлері Қазақ хандығы құрамындағы ру-тайпалардың (жалайыр, арғын, маңғыт т.б.) адамдары болғандықтан арғын Чиш бектің қазақ, соның ішінде қанжығалы руынан болуы да мүмкін. Біздің дәлеліміз осы.

Түйіндейтін болсақ, енді осы арғын (қанжығалы) Чиш бекті ары қарай зерттеп, оның тарихи тұлғасын ашу үшін қосымша архив құжаттарын қарастырған жөн. Ә. Марғұланнның деректеріне сүйенсек, Оразмұхаммедтің қолжазбалары, кітаптары,

<sup>1</sup> Еңсебаев Т.А. Қанжығалы шежіресі. – Павлодар, 2004. – Б. 35.

хаттары сақталған «күміс сандық» сұлтан өлген соң Патша архивіне өткізіліп, ХҮІ-ХҮІІІ ғасырларда сонда сақталған, кейін ХІХ ғасырдың ортасына дейін Ресей Ғылым Академиясының Азия музейінде болған<sup>1</sup>. Сонда бір дерек болуы да мүмкін.

### Әдебиет тізімі:

1. Вельяминов-Зернов В. В. Изследование о касимовскихъ царяхъ и цареви-  
чахъ. – Часть вторая. – Санктпетербургъ, 1864. – 525 с.
2. Уәлиханов Ш. Бес томдық шығармалар жинағы, 1-том. – Алматы, 1961. – 777 б.
3. Сыздыкова Р. Г. Язык «Жами'ат- тауарих» Жалайри. – Алма-Ата, 1989. – 243 с.
4. Мағауин М. Аласапыран. – Алматы, 1986. – 408 б.
5. Қадырғали Жалайыр. Шежірелер жинағы. Шағатай-қазақ тілінен аударып,  
алғы сөзін жазғандар Н. Мингулов, Б. Көмеков, С. Өтениязов. – Алматы,  
1997. – 128 б.
6. Еңсебаев Т. А. Қанжығалы шежіресі. – Павлодар, 2004. – 494 б.
7. Пайғамбарлар қиссасы. Құрастырғандар. А. Қадыров, Ж. Жакипов, Қ. Қыды-  
ралыұлы. – Алматы, 2008. – 268 б.
8. Диалектикалық сөздік. – Алматы, 2007. – 800 б.
9. Шәкәрім. Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі. – Алматы, 1991, – 43 б.
10. Марғұлан Ә. Күміс сандық құпиясы//Қазақ әдебиеті. – 1981 ж, 1 январь.

*Ahmedova Ugiljan Kuranbayevna,  
English Teacher, the Faculty of Foreign Languages  
E-mail: ugetta1606@mail.ru*

*Nurmatova Manzura Rakhimbayevna,  
Urganch State University, Teacher of the English  
and literature Department, the Faculty of Foreign Languages  
E-mail: manzura.nurmatova@inbox.ru*

## **The role of translation in expressing semantic and linguocultural features of Uzbek and English proverbs**

There are many definitions of proverbs and sayings. There is a great number of books, works and other fiction, devoted to this beautiful part of every language. It is said that proverbs and sayings were the great and beautiful part, because they appeared from folk's thoughts and minds. They express the whole historical culture of the country, because proverbs and sayings didn't appear in one day, they were forming during ages and nowadays they are also creating.

<sup>1</sup> Марғұлан Ә. Күміс сандық құпиясы//Қазақ әдебиеті. – 1981 ж, 1 январь.

This article is devoted to English proverbs and sayings and translating them into Uzbek language, without losing the original meaning of the source language and expressing it into Uzbek.

Proverbs and sayings are very important part of English speech culture, so why an interpreter needs to be prepared for translating proverbs and sayings. Translation process, strategies and methods of translation is the process to transfer written or spoken source language (SL) texts to equivalent written or spoken target language (TL) texts. The basic purpose of translation is to reproduce various types of texts, comprising literary, religious, scientific, philosophical texts etc. in another language and thus making them available to wider readers, to a greater number of target audience and to bring the world closer. However translation is not an easy job. If language is just a classification for a set of general or universal concepts, it will be of course very easy to translate from a source language to a target language. But translation covers not only word for word translation but also many other factors. The concepts of one language may differ from those of another. This is because each language organizes the word differently. The bigger the gap between the SL and the TL, the more difficult the process of transfer will be. The difference between the two languages and the difference in cultures makes the process of translating a real challenge. The problematic factors include translation like form, style, meaning, proverbs, idioms, etc. Some Questions that are asked in Translation are: • Can a translator leave out certain sections of text? • Must the translator give more importance to meaning or to form? • Should the translator be familiar with the culture of this nation? • Is equivalence possible? These are some theoretical debates that have always been considered in Translation Studies. Translation Processes, Strategies and Methods.

There are some nuances and some kind of problems with translating. Some of the common methods of translation are as follows. There are 4 main methods of translating proverbs and sayings:

### **1. Using of equivalent**

There is a number of English proverbs and sayings, which meaning and stylistic direction are the same with Uzbek ones. These Uzbek proverbs and sayings are with English equivalents. If interpreter needs to translate a proverb, he can find it's equivalent in Uzbek language, if the proverb has it, the interpreter can use it in translation. For example:

**(SL) Gold is that glitters, All is not.**

**(TL) Yaltiragan hamma narsa ham oltin emas.**

**(ST) Like master, like man.**

**(TL) Xizmatkor egasiga o'xshar.**

**(SL) Easy come, easy go.**

**(TL) Oson kelgan, oson ketadi.**

**(SL) Eat at pleasure, drink by measure.**

**(TL) Rohatingga yegin, me'yorida ichgin.**

## 2. Using of variant

In most cases an interpreter, when he translates a proverb, has to use Uzbek variant of English one, this variant has the same meaning, but it is expressed by another words. We can express it with the proverbs what are given in the first method. For example:

**(ST) Gold is that glitters, All is not.**

**(TL) Zarhal ko'rinar soxta,  
Avval bilib so'ng maqta.**

**(ST) Like master, like man.**

**(TL) Mol egasiga o'xshamasa, harom o'lar.**

**(ST) Easy come, easy go.**

**(TL) Tez kelgan davlatning bahosi bo'lmas.**

**(SL) Eat at pleasure, drink by measure.**

**(TL) Sharobning ozi –dori, ko'pi- og'u.**

## 3. Calque method

In linguistics, a calque or loan translation is a word or phrase borrowed from another language by literal, word-for-word or root-for-root translation. Used as a verb, “to calque” means to borrow a word or phrase from another language while translating its components so as to create a new lexeme in the target language. “Calque” is a loanword from a French noun, and derives from the verb “calquer” (“to trace”, “to copy”). Proving that a word is a calque sometimes requires more documentation than does an untranslated loanword, since in some cases a similar phrase might have arisen in both languages independently. This is less likely to be the case when the grammar of the proposed calque is quite different from that of the language proposed to be borrowing, or the calque contains less obvious imagery. Calquing is distinct from phono-semantic matching. While calquing includes (semantic) translation, it does not consist of phonetic matching (i. e. retaining the approximate sound of the borrowed word through matching it with a similar-sounding pre-existent word or morpheme in the target language). Sometimes an interpreter needs to translate a proverb, which has no variant or equivalent in Uzbek language, so he has to use calque method to translate it by words. This method can be used only if the meaning of a proverb is clear, when it is translated in Uzbek. For example:

**(ST) A fool may ask more questions in an hour than a wise man can answer in seven years.**

**(TL) Aqlsiz bir soatda ko'p savol so'rashi, aqlli unga yetti yil javob izlashi mumkin.**

## 4. Method of describing

If the proverb has no variants or equivalents and the calquing method isn't suitable in this case, an interpreter can describe the meaning of this proverb to the listener. For example:

**(ST) When Queen Anne was alive.**

**(TL) O'shanda, ya'ni qrolicha Anna tirikligida, bu bo'lishi mumkin edi, biroq hozir bu foydasiz.**

While translating the proverbs into the target language we can use these methods and understand the semantic and linguocultural features of the proverbs both languages. If we discuss the proverbs taken from literary works it would be easier and clear to the researcher and for all readers. And I prefer to analyze the proverbs about luck, work, nature and friendship.

**(SL) Better be born lucky than rich.**

This proverb has three different variants in Uzbek language:

**(TL) 1) Togday taxt bo'lguncha, barmoqday baxt bo'lsin<sup>1</sup>.**

**2) Boy bo'lib tug'ilgandan omadli bo'lib tug'ilgan yaxshi.**

**3) Taxting kulguncha baxting kulsin.**

These three variants of the English proverb translated into the Uzbek language have been described very clear way. We can read the first one "Togday taxt bo'lguncha, barmoqday baxt bo'lsin" in the play "Ulug' yo'l" by great uzbek writer Aybek. I think that the writer chose the best version of the proverb. It can give to the writer very beautiful and colorful expression.

**(SL) Cook and bottle-washer, Head.**

**(TL) 1) Ham bosh oshpaz, ham tovoq yuvuvchi.**

**2) Yigitga yetmish hunar oz.**

**3) Bir yigitga yetmish ikki hunar oz<sup>2</sup>.**

Here you see three variants of one proverb. The translators used both calque and using variants methods. I think the third one more useful in literary and everyday life. So the uzbek writer Odil Yoqubov used it in his work "Er boshiga ish tushsa. Saylanma". And my impression of reading this book is very good. Because the writer could use the proverb in its place very skillfully.

**(SL) Cats love fish but fear to wet their paws, All.**

**(TL) 1) Mushuk baliqni xush ko'rar, ammo oyog'ini ho'llashdan qo'rqar.**

**2) Baliqni xush ko'rgan, qiltanog'idan qo'rqmas.**

**3) Chumchuqdan qo'rqan tariq ekmas.**

Uzbek people mostly use the third one "Chumchuqdan qo'rqan tariq ekmas". It means when people want to do something, he or she shouldn't fear anything and try to find enough braveness to begin his goal. So all proverbs let people be brave, hard-working, clever, intelligent and friendly.

Finishing my article I can say, that there is no language without proverbs and sayings. It is the large part of every language, and it is very interesting work to translate them by

<sup>1</sup> Oybek. – 1967. Ulug' yo' l.9 bet.

<sup>2</sup> Odil Yoqubov. – 1987. Er boshiga ish tushsa. Saylanma. 468 b.

understanding semantic and linguocultural features, because in every language proverbs have different lexical and grammatical peculiarities. There is special methodic, including calque method, method of describing, methods of finding equivalents and variants of SL.

I always thought that translating English proverbs into Uzbek language is very difficult work, but I was wrong. It isn't very difficult. Everything depends on interpreter's knowledge.

<sup>3</sup> Fishman J. Language modernization and planning in comparison with other types of national modernization and planning // Language in society. – Hague: Mouton, 1974. – Vol. 2. – N 1. – P. 79–102.

Термін «американізація» ми пропонуємо трактувати як експансію норм, цінностей американської культури, що є характерною особливістю світового процесу. Наголосимо, що «американізація» є логічним наслідком і продовженням європейської культурної традиції, тобто «вестернізації». Проте найчастіше під конструктом «американізація» мається на увазі не стільки експансія американської традиції, скільки процеси загальної «вестернізації» світової культури. Наразі американська і західноєвропейська ідеології, норми, спосіб життя претендують на ототожнення з загальнолюдськими. Прагнення до визнання американо-європейських систем цінностей, моделей державного устрою поєднується з військовою, політичною, технологічною, економічною перевагами, в силу чого «вестернізація» і «американізація» виявляються стрижнем світової культури в цілому.

Погодимось з Ferguson, Fishman, Phillipson, Ricento & Hornberger<sup>1</sup>, які стверджують, що «вестернізація як частина мовної політики передбачає західноцентризм (поширення супралокальної (тобто західної) ідентифікації та супралокальних цінностей), розробку на основі англomовних концептів і номінацій корпусу лексичних одиниць мов-реципієнтів, що перекладаються англійською; маргіналізацію і архаїзацію традиційних національних мовних номінацій і мовленнєвих форм; стимулювання супранационального, уніфікованого використання імен і понять, схожого опису предметних ситуацій; нівелювання мовних картин світу, дискурсів і практик за західним зразком».

Виступаючи свідками сучасного розвитку мов, ми можемо констатувати факт історичної зміни полярності впливу грецької та англійської мов в контексті міжкультурної комунікації. Так, свого часу гегемонічна грецька мова збагатилася лексикон і граматику європейських мов, особливо слов'янських, а також мов християнського Сходу. Дослідниками помічено, що чим більший відсоток присутності в мові слів грецького походження, тим вона багатіша. Наведемо деякі приклади з метою довести наскільки великою була експансія грецької мови і культури на різні прошарки європейського суспільства. У загальних словниках англійської мови кількість запозичених з грецької мови слів коливається від 5 000 до 8 500, що складає приблизно 15–21 %. Етимологічний словник Lewis & Short уміщує 10 500 грецьких слів, тобто 21,6 % від занесених до нього слів. Навіть у найповнішому американському словнику Merrian Webster із 166 724 слів нараховується 42 914 грецьких, що відповідає 25,73 %, тобто кожне четверте слово має грецький корінь. Отже, щоб оцінити відсоткову значущість присутності в англійській мові грецьких слів, порівняємо: авторами зафіксовано запозичення лише 57 турецьких слів, а із слов'янських мов — 34. Наголосимо також, що в багатьох словниках,

<sup>1</sup> Цит. за: Шелестюк Е. В. Английский язык как инструмент вестернизации // Судьбы национальных культур в условиях глобализации: сб. мат. II Междунар. научн. конф. (Челябинск, 4–5 апреля 2013 г.). – Челябинск: Энциклопедия, 2013. – Т. 2. – С. 144.

зокрема Оксфордському, етимологія слів ґрунтується на латинських коренях, що дещо нівелює масштабність феномену «еллінізація» мов.

Важливо, що в означеній проблемі питання постає не тільки у відсотковому запозиченні грецьких слів іншими мовами, а і в якісному їх співвідношенні. Адже вплив грецької мови поширився, головним чином, *на запозичення*:

1) засадничих понять і виразів, так званих «ключів мовознавства» в їх споконвічній грецькій формі;

2) наукової термінології;

3) власних імен;

4) приказок і прислів'їв;

5) ідіом і фразеологізмів;

6) слів з міфології та історії тощо;

*на перенесення*:

1) фонетичних і морфологічних особливостей;

2) канонів словотворення з грецької на різні мови тощо.

Наразі в контексті міжкультурної комунікації спостерігається тенденція до «вестернізації»/«американізації» національних культур (зокрема мов), що знаходить своє відображення у проникненні численних англіцизмів/американізмів в їх словниковий запас. Як визначає О. Шелестюк<sup>1</sup>, англійська мова вбачається дуже інструментальною для «вестернізації» в умовах глобалізації *завдяки*:

1) інтенсивному поширенню ментефактів англійською мовою засобами масової інформації та мас медіа;

2) набуттю статусу *lingua franca* майже у всіх галузях суспільної діяльності (тотожну роль свого часу виконувала і грецька мова);

3) поширеному викладанню англійської мови, пропаганді її престижності, штучному створенню суб'єктивної діглосії;

4) активній політиці просування англійської як основної мови міжнародного спілкування.

Таким чином, «вестернізація»/«американізація» сьогодні відображає глобальну гегемонію лише одного суб'єкту — англомовного світу. Складовою частиною означеного феномену виступає культурна гегемонія у «грамшианському» дусі<sup>2</sup>, тобто домінування певної культури, мова якої *неусвідомлено транслює ідеологію домінуючих еліт*, сформовану за рахунок законів ринку і засвоєну мамами. З боку англомовних країн це увиразнюється програмованим створенням

<sup>1</sup> Шелестюк Е. В. Английский язык как инструмент вестернизации // Судьбы национальных культур в условиях глобализации: сб. мат. II Междунар. научн. конф. (Челябинск, 4–5 апреля 2013 г.). – Челябинск: Энциклопедия, 2013. – Т. 2. – С. 144.

<sup>2</sup> Грамши А. Искусство и политика // Тюремные тетради. Избранное. – Режим доступа: <http://eot.su/node/5638>



сприятливих умов (наприклад, поширенням привабливих брендів західноєвропейської та американської культур, британської й американської англійської мов) з метою формування у представників культур-реципієнтів англо/американо-центристських цінностей і переконань, які сприйматимуться ними як власні.

### Список літератури:

1. Грамши А. Искусство и политика//Тюремные тетради. Избранное. – Режим доступа: <http://eot.su/node/5638>
2. Шелестюк Е. В. Английский язык как инструмент вестернизации//Судьбы национальных культур в условиях глобализации: сб. мат. II Междунар. научн. конф. (Челябинск, 4–5 апреля 2013 г.). – Челябинск: Энциклопедия, 2013. – Т. 2. – С. 143–151.
3. Щербина В. Комунікація в контексті діалогу культур//Культурологічна думка. – К., 2009. – № 1. – С. 80–86.
4. Fishman J. Language modernization and planning in comparison with other types of national modernization and planning//Language in society. – Hague: Mouton, 1974. – Vol. 2. – N 1. – P. 79–102.

## Section 7. Theory of literature. Textual criticism

*Orazhanova Maygul Irangaipovna*  
*Yergaliyev Kuanysh Sovetuly,*  
*Pavlodar State Pedagogical Institute, Associate Professor*  
*E-mail: maigul7777@mail.ru*

### Genre of ballads in Kazakh literature

*Оразханова Майгүл Ирангайыпқызы*  
*Ергалиев Қуаныш Советұлы,*  
*Павлодар мемлекеттік педагогикалық институты, доцент*  
*E-mail: maigul7777@mail.ru*

### Қазақ әдебиетіндегі баллада жанры

Қазақ поэзиясындағы *баллада* — бүгінгі күнде ақындарымыз жатсынбай, қалам тербеп жүрген жанрлардың бірі. Батыс Еуропа өнерінен бастау алған баллада жанрының бүгінде әлем әдебиетінде өзіндік орны қалыптасқан. Интернет желілерінде: «поэзияның шағын сюжетті лирикалық жанры ... Әдебиеттегі баллада XII-XIII ғасырлардағы трубадурлар мен труверлердің дәстүрлі халық өлеңдері мен әндеріне негізделген шығармалардан бастау алады. Ал, XIII-XV ғасырларда Францияда полифониялық рефренді әндер (Гильом де Машо), Англияда эпикалық тынысты, лирикалық нәзік үнді халықтық балладалар бұл жанрдың қалыптасуына негіз болды», — деп түсініктеме берілген<sup>1</sup>.

Баллада, негізінен, итальян сөзі (ballare — билеу деген мағынаны береді). Зерттеуші З. Қабдолов: «Мұнда ақын өзінің көңіл-күйін, толғанысын жырлап қана тынбайды, сол сезімді туғызған себептерді оқиғаға айналдыра суреттеп көрсетеді. Балладаның мазмұны көбіне тарихи шындық, оқшау фантастикалық хал, ерлік әрекет (мысалы, ағылшынның Робин Гуд жайлы халық балладалары) болып келеді», — деп көрсетеді<sup>2</sup>.

<sup>1</sup> [Electronic resource]. – <http://kk.wikipedia.org/wiki>

<sup>2</sup> Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Жазушы, 1983. – 319 б.

Қазақ әдебиетінде баллада жайында жекелеген пікірлер айтылып, мақалалар жазылып жүргенімен, арнайы кандидаттық диссертация 2005 жылы қорғалды. Осы ретте Ж. С. Рамазанованың «Қазақ поэзиясындағы баллада жанры (қалыптасу, даму ерекшеліктері және көркемдік сипаты)»<sup>1</sup> деген тақырыптағы еңбегінің орны ерекше. Сондай-ақ Ж. Толысбаева мен Ә. Қабыловтың авторлығымен 2008 ж. Семей қаласында жарық көрген «Поэзия жанрлары: тарих және жаңа заман тәжірибесі»<sup>2</sup> еңбегіндегі «Баллада: даму тарихы мен қазіргі нұсқалары» атты арнайы тараушасын атауға болады.

Ж. С. Рамазанова өзінің «Қасым поэзиясындағы балладалар» мақаласында: «Баллада — өлеңмен жазылатын синтетикалық жанр. Оған тән сипаттар: оқиға, характер, драматизм мен лиризмнің қоса өріліп келуі (баяндау, ақынның бағасы). Атам заманнан оқиғалы жырға, хикая хисса-дастанға құрылған қазақ поэзиясының бұл баллада түрі — әрі жазуға да, оқуға да ықшам, ой мен оқиғадан бос сөзге орын қалмайтын кісі қызығарлық жанр. Психологиялық коллизиялар мен жеке адамның жан дүниесіндегі терең тебіреністер астасып өрбіп, белгілі бір қаһарманның тағдыр жолымен ұштаса көрініп, тосын шешім тауып отыратын баллада жанры қазақ поэзиясының да барынша шеберлікті, көркемдік тартысты жіті де толымды бейнелейтін саласы саналады», — деп сипаттама береді<sup>3</sup>.

Баллада қазақ әдебиетінде ХХ ғасырда соғыс жылдары тұсында ерекше дамығаны белгілі. Баллада десек, қазақ ақындарынан Қ. Аманжолов, Ә. Сәрсенбаев, Ғ. Орманов, Ж. Сайын, Қ. Бекхожин, Қ. Жармағамбетов, Ж. Молдағалиев, С. Бегалин, С. Мәуленов, Ә. Әбілев есімдері ойға оралады. Әсіресе, Қ. Аманжоловтың «Бурабай толқындары», «Сұлтанмахмұт туралы», «Дариға, сол қыз» атты балладалары көпшілікке белгілі.

Баллада дегенде есімі ерекше аталатын ақындардың бірі — Қ. Жармағамбетов. Ақын туралы Баламер Сахариев: «Қазақ поэзиясында баллада жанрын бастаушы болмаса да, түбегейлі қоныс тептіріп, орнықтырушы Қайнекей болды десек, артық айтқандық болмас», — деп өз ойын анық білдіреді<sup>4</sup>.

Ақын Қ. Жармағамбетовтің «Шын махаббат», «Ар туралы аңыз», «Шал мен ажал», «Ана кегі», «Әке мен бала», «Мұғалима», «Бидай», «Большевик», «Соңғы түн», «Жидебайдың түндері мен күндері», «Фирдоуси туралы баллада», «Ақын мен ажал», «Бетпақдала аңызы» т. б. балладаларын атай аламыз. Сондай-ақ

<sup>1</sup> Рамазанова Ж. С. Қазақ поэзиясындағы баллада жанры (қалыптасу, даму ерекшеліктері және көркемдік сипаты): филол. ғыл. канд. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған автореферат. – Алматы, – 2005.

<sup>2</sup> Толысбаева Ж., Қабылов Ә. Поэзия жанрлары: тарих және жаңа заман тәжірибесі. – Семей: Талант, 2008. – 302 б.

<sup>3</sup> [Electronic resource]. – <http://qasym.kz/>. Рамазанова Ж. С. Қасым поэзиясындағы балладалар.

<sup>4</sup> Жармағамбетов Қ. Шыңдағы шам шырақ. Құраст. Б. Сахариев. – Алматы: Жазушы, 1976. – 24 б.

ақын Ж. Нәжімеденов, М. Мақатаев, Қ.Мырзалиев, К. Мырзабеков, М. Шаханов, И. Сапарбаев, М.Әлімбаев, Е. Раушанов, Т.Әбдікәкімұлы, Ш. Сариев, И. Исаев, Ұ.Есдәулетов, Д. Стамбековтердің балладалары да әдебиетте өз орнын алды.

Ж. Толысбаевамен Ә.Қабыловқазақстандық баллада туралы: «Батысевропалық канондарды мұралаудан бас тарта отырып, қазақстандық авторлар балладалары көп жанрлы табиғатқа ие болды және бұл жағдайда эпикалық фольклорлық мәтіндердің ұйымдасу принциптері алға шықты. Алайда баллада жасанды жанр болып табылмайды, оның мақсаты — белгілі ауызша поэтикалық материалдарды талдап-түсіндіру. Баллада өзінің дүние көрінісіне басқа дүниебейнені емес, өзін өзектендіруге қаншалықты қажет болса, мәдени-әдеби өткеннің соншалықты көптеген ақпараттарын жинақтайды. Сол себептен, балладалық эксперименттердің бәрін бірдей сәтті шыққан дей алмаймыз. Авторлар өздерінің азаматтық-патриоттық сезімдерінің жетегінде кететін мәтіндерде эпикалық материалдардың тым көптігі орын алып, жанрлық дүниебейне бұзылады», — деген ой айтады<sup>1</sup>.

Қазақ әдебиетіндегі балладаларға назар аударсақ, Қ.Жармағамбетовтің «Бетпақдала» балладасында жапан түздегі бір жолаушының басынан кешкен жайы сөз болады. Жолаушы жапан далада бір мүсәпірге кезігіп, оған жаны ашыған соң атына мінгізеді де, өзі жаяу жүреді. Мүсәпір есін жинап, өзіне жақсылық жасаған адамның атына мініп жоқ болады. Жүріп отырып бір бұлақ басына келеді де, өзі қызыра қымыз ішіп, аты жайына кетеді. Соңында, мүсәпірді ұлы жылан шағып, ат өз иесін табады. Шағын да қызықты сюжетке құрылған баллада өзінің идеясымен де, тәрбиелік мәнімен де құнды.

Қазіргі ақындарға келсек, **2011 жылы республикалық «Тәуелсіздік таңым атты, арайлы!» жас ақындар мүшәйрасының бас жүлде иегері, халықаралық «Шабыт» фестивалінің арнайы грамота иегері Ақерке Асанның «Әйелдің жеті кереметі» баллада-циклін ерекше атай аламыз. Цикл жеті жырдан құралып, олар «Адалдық жыры. Пенелопа», «Қайсарлық жыры. Жанна Дарк», «Сұмұлық жыры. Клеопатра», «Ерлік жыры. Томирис», «Ақыл-айла жыры. Хасике сұлтан Александра», «Тапқырлық жыры. Шехрезат», «Рух жыры. Фариза» деген атаулармен берілген. Осылардың ішінде Фаризаға арналған жырдан үзінді келтірелік:**

*Даналық пен ерліктің, қайсарлықтың,  
Парасат пен адалдық, байсалдықтың,  
Бәрі сенің жырыңда Фариза апа,  
Ойы сізде тоғысқан он сан жұрттың.  
«Фариза қыз...» өксігі өмір өлең,  
Қаламы рух, тұңғиық кегі терең.*

<sup>1</sup> Толысбаева Ж., Қабылов Ә. Поэзия жанрлары: тарих және жаңа заман тәжірибесі. – Семей: Талант, 2008. – 302 б.

*Алты қазы Алаштың аспанға ұшса,  
Ана қаздай алдынан сені көрем.  
Құр бекерге сөз айтып ұрынбашы...  
Не көрмеген ақынның жұмыр басы,  
Махамбет қой Фариза апам менің  
Жоқ демесең басында дуылғасы<sup>1</sup>!*

Баллада белгілі бір оқиғаға құрылмаған. Бірақ өлеңнен лирикалық сипат пен автордың ішкі ойы, өзіндік бағасы көрініс береді. Шағын да нақты ойға құрылған циклдің әр жыры өзіндік ерекшелігімен, қайталанбас дара образдарымен әсерлі. Жеті жыр әр қырынан танылаған әйел атаулының жеті түрлі сипатын бір топтамаға бағындырған. Осы арқылы жалпы әйел атаулының бағасын, мәртебесін арттырып, беделін еселей түскен.

«Жұлдыз» журналы бетінде ақын Ә. Қайранның «Таға» және «Ор» балладалары<sup>2</sup> жарық көрген. Алты тармақты 13 шумақтан және төрт тармақты 36 шумақтан тұратын балладалар өзіндік ішкі ойы бар белгілі бір оқиғаға құрылған. Бір қарағанда, шұбалаңқы көрінгенімен, балладалар автордың айтар ойымен, негізгі идеясымен құнды.

Ақын Жанат Медетованың «Мысық туралы балладасы»<sup>3</sup> да белгілі бір оқиғаға құрылған. Үйіне сылқиып келген күйеуіне әйелінің есік ашпауы, қызына да аштырмауы негізгі оқиға өзегіне айналған. Ақ төсекте жатқан әйелі мен қорада тесік шелекті жастанған күйеуінің халін қарама-қарсы алу арқылы ақын әрқайсысының ерекшеліктерін тереңірек аша түскен. Таң ата тоңып оянған күйеуінің кеудесіндегі пырылдаған мысық лирикалық қаһарманға қатты әсер еткен:

*«Мысығым отыр екен көзін қысып,  
Біза болып жұбайымның қырсығына».  
Көрпе боп, есіркеген бір күн мені, —  
Сол мысықтың пырылы әсем әндей.*

Лирикалық қаһарман өткен шақтағы оқиға есіне түскенде, сезіміне әсер еткен мысық пырылын «әнге» теңеуінен оған деген сезімінің артқанын байқауға болады. Балладаға арқау болған оқиға арқылы ақын өзіндік ішкі ойын жеткізеді.

Қазақ әдебиетінде баллада жанры — төл жанрларға қарағанда кенже дамығанымен, бүгінгі күнде кеңінен қолданысқа енген, болашағы бар, өрісі мол, қанатын кеңге жайған жанрлардың бірі. Өзге жанрлар сияқты қазақ әдебиетінің, поэзиясының дамуына қомақты үлес қосып жүрген, белгілі сипаттарға ие қызықты да өміршең жанр.

<sup>1</sup> [Electronic resource]. – <http://kultobe.kz/>. Асан А. Әйелдің жеті кереметі.

<sup>2</sup> Қайран Ә. Балладалар//Жұлдыз. – 2014. – № 8.

<sup>3</sup> [Electronic resource]. – [Kk.convdocs.org](http://Kk.convdocs.org). Медетова Ж. Мысық туралы баллада.

*Kuntsevich Daria Victorovna,  
Peoples' Friendship University of Russia,  
the Faculty of Philology, University Bordeaux Montaigne,  
department of comparative literature, postgraduate student  
E-mail: d.kuntsevich@gmail.com*

## **Genesis of the Russian symbolism**

*Кунцевич Дарья Викторовна,  
Российский университет дружбы народов,  
филологический факультет, Университет Бордо Монтень,  
отделение сравнительной литературы, аспирантка  
E-mail: d.kuntsevich@gmail.com*

## **Зарождение русского символизма**

Развитие литературы в России и Франции на рубеже XIX – XX веков характеризуется напряжёнными поисками новых форм эстетического выражения, происходящих в мире коренных перемен.

Особую роль в этих поисках для русской литературы имел опыт литературы французской, и прежде всего — зародившегося во Франции нового литературного направления, получившего название символизм.

В современном литературоведении отмечены принципиальные различия французского и русского символизма. Первый из них представляет собою «одно из литературно-художественных направлений в общем русле модернизма», тогда как второй — это «сложившееся на рубеже веков в среде культурной элиты движение неоромантического характера, базировавшееся на идеалистических философских основаниях и эстетическом восприятии действительности, исходившее из представлений о многомерной структуре универсума и тотальной соотнесённости всех его составляющих и выдвигавшее символ в качестве основного способа освоения мира»<sup>1</sup>.

Во Франции программным стал «Трактат о слове» («Traité du Verbe») Р. Гиля (первый символистский «манифест») от 1886 года, а уже в сентябре того же года вышла в свет статья «Литературный манифест. Символизм» («Un Manifeste littéraire. Le Symbolisme») Ж. Мореаса в журнале «Le Figaro», которая объединила представителей нового направления под именем «символистов».

В России о появлении «новых течений» в русской литературе было провозглашено в нашумевшем докладе Д. Мережковского «О причинах упадка

<sup>1</sup> Воскресенская М. А. Символизм как мировидение Серебряного Века: социокультурные факторы формирования общественного сознания рос. культурной элиты рубежа XIX–XX веков: Монография. – М.: Логос, 2005. – С. 108.

и о новых течения современной русской литературы» (1892), где справедливо указывалось на новую «мистическую потребность» своей эпохи.

Мережковский отклонял демократическую общественную проблематику, категорически отверг философский материализм (позитивизм), и сурово осудил реализм русской литературы, по существу сводимый им к натурализму.

Он впервые заявил, что в России в настоящее время зарождается символистское искусство. При этом он считал, что «символизм — не подражание французской моде, а возвращение к древнему искусству символов»<sup>1</sup>. Он видел «мертвый колорит», «скуку», «унылую, безнадежную плоскость»<sup>2</sup> в современной литературе.

Определяя особенности назревших перемен, Мережковский выделял три главных момента нового искусства: мистическое содержание, символы и расширение художественной впечатлительности. «Мистическое чувство вторгалось в пределы точных опытных исследований и разрушало их. С другой стороны, грубый материализм догматических форм поработал религиозное чувство»<sup>3</sup>.

Позднее Мережковский подчеркивал, что первым в русской литературе употребил слово «символ».

Д. Мережковский полагал, что литературный язык претерпевает негативные изменения, поэтому он выделил несколько разлагающих сил, вызывающих упадок языка<sup>4</sup>:

1. «критика», которой подвергалось большинство писателей;
2. «особенная сатирическая манера, которую Салтыков называл «рабьим эзоповским языком», это насильственное и тяжёлое остроумие, намёки, сатирические гримасы, которые плотно засели в газетном жаргоне;
3. «возрастающее невежество», под чем подразумевается понижение уровня образованности; язык мертвеет и разлагается;
4. последняя причина — «система гонораров», которая заставляет писать не то, что чувствует душа, а то, что нравится развращённому обществу.

Мережковский выдвигал три эстетических требования: расширение художественной впечатлительности, утверждение символов как доминанты поэтической выразительности в искусстве и обращение к мистическому содержанию — скрытому духу русской литературы, представленному её великим образцами в прошлом и требующему продолжения в будущем.

---

<sup>1</sup> Альфонсов В. Н. Русская литература 20 века. Школы, направления, методы творческой работы: Учебник для вузов – М., СПб.: Logos: Высшая школа, 2002. – С. 16.

<sup>2</sup> Мережковский Д. С. Л. Толстой и Достоевский. – М.: Наука, 2000. – С. 22.

<sup>3</sup> Там же. – С. 20.

<sup>4</sup> Там же. – С. 24–26.



Д. Мережковский пересматривал заново литературу прошлого, видя ценность созданного в обращении художников к религиозно-мистическим темам, в проявлении импрессионистской манеры письма и философской символике.

Н. Михайловский, возражая Мережковскому, писал, что последний заимствует свои идеи от того движения в современной французской литературе, которое известно под именем символизма или декадентства. По мнению Михайловского, движение это в некотором смысле отвечает на потребность человеческого духа, но эта потребность существовала всегда. Михайловский резко замечает, что «во-первых, не один символизм, даже во Франции, пытается удовлетворить эту потребность, а во-вторых, из всех этих попыток символизм есть самая плоская и уродливая, но только не подвигающая к разрешению задачи, но компрометирующая её»<sup>1</sup>.

Мережковский утверждал, что искусство Брюсова, Сологуба, З. Гиппиус, «наследников великой русской поэзии от Пушкина до Тютчева», «больше чем искусство: это религиозный искус; их стихи — дневники самых упорных и опасных религиозных исканий»<sup>2</sup>.

Раньше других встаёт здесь имя В. Брюсова, явившегося родоначальником указанного направления в русской литературе. В его творчестве нашло выражение — на собственно эстетическом уровне — новое в содержании эпохи, подтверждая свои теоретические положения значительным количеством своеобразных произведений.

В. Брюсов начинал с утверждения того, что русский символизм зарождался по прообразу французского, что о нём нельзя говорить, как о литературном течении с ясно обозначившимися стремлениями. «Пока еще не только мы, русские символисты, идем ощупью, наугад, но и наши старшие братья-французы. Да иного и быть не может, потому что теория основывается на образцах, и к поэтам применяется теория, а не поэты к теории»<sup>3</sup>. Брюсов был прав, указывая, что символисты создали и новый стиль, и новый стих, отличные от романтического и реалистического.

Для Брюсова не были главными те признаки символизма, которые другими могли выдвигаться в качестве его основания, — двуплановость и мистика. Соглашаясь с Мережковским и Минским, которые поддерживали теорию символа, молодой Брюсов считал, что целью «нового искусства», идущего на смену искусства реалистического, является обнажение субъективного начала, личности творца, его души во всей её сложности. Он настойчиво стремится позиционировать

<sup>1</sup> Михайловский Н. Литературная критика. Статьи о русской литературе XIX – начала XX века. – Л.: Художественная литература, 1989. – С. 463–464.

<sup>2</sup> Колобаева Л. А. Русский символизм. – М.: Изд-во Моск. ун-та, 2000. – С. 12.

<sup>3</sup> Брюсов В. Среди стихов: 1894–1924: Манифесты, статьи, рецензии. – М.: Советский писатель, 1990. – С. 39.

себя как часть нового, зыбкого мира, апеллируя при этом к поэтическому опыту Верлена и Малларме.

Молодой поэт провозглашал символизм как поэзию оттенков, в противоположность прежней поэзии красок. «*Nous voulons la nuance*, — цитирует Брюсов Верлена, — *pas la couleur, rien que la nuance*» (Мы хотим оттенка, не цвета, а только оттенка). «Таким образом, особенности языка, по нашей теории, вызываются особенностью содержания»<sup>1</sup>.

Ранние суждения Брюсова весьма противоречивы, его размышления о задачах и целях искусства довольно расплывчаты. Так, в одном из интервью он говорит о теории Дарова, под псевдонимом которого он сам печатался в сборнике «Русские символисты»: «Поэзия шла по совершенно ложному пути, стараясь давать как можно более определённые образы и думая, что этим она усиливает впечатление, тогда как в действительности она достигала как раз противоположных результатов. Когда это стремление в реализме дошло до крайностей, — наступила реакция. И символизм, следовательно, есть только протест против реализма»<sup>2</sup>.

Чтобы воздействовать на читателей, чтобы привлечь к себе внимание Брюсов решался тогда на крайние меры, которые в какой-то степени напоминают эпатаж французских романтиков: стихотворение о «бледных ногах», которое против всех правил, занимало в книге целую страницу; заявление в авторском предисловии к первому лирическому сборнику своих стихов о том, что «не современникам и даже не человечеству» завещает автор эту книгу, а «вечности и искусству»; некоторые эротические вольности.

До символизма существовало три периода поэзии, которые были изображены Брюсовым в его статье «Московские декаденты», как система, каждый элемент которой находится в движении: момент начальный, сменяется моментом предельным, а тот, в свою очередь, — центральным. «Первый период был период классический, когда поэт имел в виду только центральный момент движения. Следующая эпоха изображала только конечный момент движения. Третья эпоха — реалистическая: она стремится изобразить движение в его целом, во всех трех моментах». Символизм представляет собою лишь «начальный момент движения, предоставляя другое угадывать»<sup>3</sup>.

Считаясь с опытами «русских поэтов XIX века в области «неклассического стихосложения», учитывая вольный строй русского народного стиха и полверленовские тенденции в метрике французских символистов (Верхарн,

<sup>1</sup> Брюсов В. Среди стихов: 1894–1924: Манифесты, статьи, рецензии. – М.: Советский писатель, 1990. – С. 39.

<sup>2</sup> Там же. – С. 40.

<sup>3</sup> Там же. – С. 38–39.

Вьеле-Гриффен), Брюсов привлёк внимание к чисто тонической системе и показал, что её можно использовать не только в экспериментальных целях»<sup>1</sup>. Брюсов был одним из тех, кто энергично поддерживал преимущество тонического стиха. Известно, что новые формы стиха появляются лишь тогда, когда для этого возникают предпосылки. «Элементы новой стихотворной системы вызревают в недрах старой: возникая вначале как отступление от лежащих в основе стиха принципов его организации или как частный вид его, они, учащаясь, подготавливают базу для появления новых стихотворных форм»<sup>2</sup>.

В определённой зависимости от французской традиции находилась и брюсовская рифмовка. Поэт отказывается от богатых рифм. Вместе с тем он склоняется к неточной рифме:

*Риторике сломай ты шею!  
Не очень рифмой дорожи.  
Коль не присматривать за нею,  
Куда она ведёт, скажи!*

В процессе своего развития символисты преодолевали владевшие ими ранее философско-эстетические концепции, дополняя или видоизменяя их.

Для В. Брюсова и Д. Мережковского «идеалом была культура, “замкнувшаяся в формы”, однако вершиной творчества при этом они полагали *прозрачность*, когда сквозь современность сквозят давно минувшие эпохи»<sup>3</sup>. Так, культура Средневековья (а именно — готика), понималась символистами как идеальный «ретранслятор» античной идеи, воплотивший в архитектонике гармоничных, ясных и величественных форм *собора* идеалы христианства, зародившегося в недрах позднего эллинизма.

Для Брюсова и его сторонников символизм — литературная школа, в задачи которой входило преодоление художественного упадка русской литературы 80–90-х годов и творческое сближение с художественными достижениями западноевропейского поэтического искусства, но именно сближение, а не подражание, так как русская поэзия обладала собственными истоками в прошлом и высокими художественными образцами.

Поэзия является отражением и выражением изменений и обогащения самой жизни, действительности. Реальность конца XIX века существенно усложнилась. Можно вслед за Брюсовым выделить следующие ведущие факторы обновления поэзии и её языка: изменения действительности и внутреннего мира человека, «старение» поэтического языка.

<sup>1</sup> Максимов Д. Е. Русские поэты начала века: Очерки. — Л.: Сов. Писатель, 1986. — С. 31.

<sup>2</sup> Карпов А. С. Стих и время. — М.: Изд-во Наука, 1966. — С. 14.

<sup>3</sup> Искржицкая И. Ю. Эстетико-культурологические проблемы литературы русского символизма: автореферат... доктора философских наук. — Москва, 2000. — С. 33.

Русские символисты с необычайной остротой были захвачены чувством бесконечности мира. Перед ним заново открывалась душа — «бездна» и мир — бездна «без предела». Новое искусство должно было стать искусством синтеза, символа.

В то же время они отворачивались от социальных вопросов и, выдвигая лозунги идеалистической эстетики, признавали главным содержанием поэзии вечные темы: природу, мироздание, любовь, смерть, искусство, религию.

Символизм проявляется в том, что меняется не просто стиль в искусстве или конкретная мировоззренческая парадигма, но само представление о жизни, и, в свою очередь, система взглядов на жизнь и на мир. Поэзия символизма — «поэзия намеков». Из этого следует, что не только поэт-символист, но и его читатель должен обладать чуткой душой и вообще тонко развитой организацией.

### Список литературы:

1. Альфонсов В. Н. Русская литература 20 века. Школы, направления, методы творческой работы: Учебник для вузов – М., СПб.: Logos: Высшая школа, 2002.
2. Брюсов В. Среди стихов: 1894–1924: Манифесты, статьи, рецензии. – М.: Советский писатель, 1990.
3. Воскресенская М. А. Символизм как мировидение Серебряного Века: социокультурные факторы формирования общественного сознания рос. культурной элиты рубежа XIX–XX веков: Монография. – М.: Логос, 2005.
4. Искржицкая И. Ю. Эстетико-культурологические проблемы литературы русского символизма: автореферат... доктора философских наук. – Москва, 2000.
5. Карпов А. С. Стих и время. – М.: Изд-во Наука, 1966.
6. Колобаева Л. А. Русский символизм. – М.: Изд-во Моск. ун-та, 2000.
7. Максимов Д. Е. Русские поэты начала века: Очерки. – Л.: Советский писатель, 1986.
8. Мережковский Д. С. Л. Толстой и Достоевский. – М.: Наука, 2000.
9. Михайловский Н. Литературная критика. Статьи о русской литературе XIX – начала XX века. – Л.: Художественная литература, 1989.

*Tuymebekova Alia Abzelbekovna,  
Taraz State University,  
M. Ed., senior lecture  
E-mail: atuymebekova@mail.ru*

*Туймебекова Алия Абзелбековна,  
Тараз мемлекеттік университеті,  
педагогика ғылымының магистрі, аға оқытушы,  
E-mail: atuymebekova@mail.ru*

## **Кейіпкер бейнесін берудегі пейзаждың рөлі**

Автор повестің көптеген тұстарында кейіпкердің хал-ахуалын көрсету үшін пейзажға да көбірек жүгінеді. Табиғат суреттері баяндалатын оқиғамен қабысып жатады. Және кейіпкердің ішкі дүниесімен тығыз байланыстырылады. Енді жазушы шеберлігінің көрсеткіші болып есептелетін табиғат көріністерінің кейіпкер психологиясын ашудағы атқаратын қызметі деген мәселеге тағы да сөз етіп отырған туындыны негізге ала отырып, ой қозғап көрейік.

Қоршаған орта әр қаламгер шығармашылығында әр алуан сипатта суреттеледі. Бір жазушыда молырақ, енді біреуінде кемірек болса да, адамды табиғаттан бөліп алып көрсеткен, пейзажбен бірлікте суреттеу тәсілінен шет қалған біреуі жоқ..

Туған топырақтың тау-тас, өзен-көлі, шалғыны мен шөлейті, қысы мен жазы Б. Момышұлы туындыларында барынша мольнан суреттелген.

Жалпы “көркем туындыдағы пейзаждың қызметі үш түрлі арнаға саяды. Сюжеттік орайда ол — көркемдік жолмен қабылданған әлемнің тұтастығын білдіреді.

Шығарманың идеялық-мазмұндық астарларына қатысты ол характерологиялық міндеттер атқарады”<sup>1</sup>.

Табиғат суреттері “Ұшқан ұя” повесінде аса жиі ұшыраспайды. Жазушы оларды қажет мөлшерде ғана ретіне қарай жұмсай біліп, повестің идеялық-композициялық мақсатымен байланыстыра сабақтастырады. Повестегі пейзаждар аймақтық көріністерден бастау алады. Алғашқы тарауда табиғат өмірге енді араласа бастаған бала дүниетанымы тұрғысынан көрінеді. Шығармадағы кейіпкерлердің бар болмысы, алғашқы бесжылдықтар кезіндегі қазақ ауылының тыныс-тіршілігі бастан-аяқ табиғатпен тұтастықта, бірлікте алынады. Туған даланың қысы мен жазын, жауынды-шашынды күзін жазушы шығармасына табиғи түрде ендіре білген. Мына бейнелеулер — осы айтылған пікірімізді нақтылай түседі.

“Аспанмен тілдескен ақбас шоқылар есімде. Күн шығып келе жатса керек. Ал шоқылар алаулап көз қарығар алмастай жарқырап ала жөнелді. Күнде бұл уақытта киіз үйде пырылдап ұйықтап жататын бала, әлдеқалай оянып кетсем керек, әлгі күннің тау шоқыға асыла шығып келе жатқанын көргенде, дүниенің бұл кереметіне түсіне алмай тұрып қалған болармын. Тау бөктернің таңғы самалы тіс сақылдатады. Мына күннің шығып келе жатқан суретіне қадала қарап қалған

<sup>1</sup> Майтанов Б. Қазақ романы және психологиялық талдау. – Алматы, Санат, 1996. – 33 б.

қалпымды салқын самал да бұза алмаған болар... Күн көтерілгенше шығыстағы шоқының ұзын көлеңкесі шатқалды көлегейлеп жатып алады. Күн көтеріле көлеңке де қысқара береді. Шатқал алтын нұрға малынып, дүниенің шалқыған шағы басталады”<sup>1</sup>.

Жанды қозғалыстағы таулы өңірдің табиғаты бар сән-салтанатымен көз алдыға келеді. Тұнықтылығынан нәр алғандай боласың! Жазушы пейзаждық көріністерді үйіп-төгіп бере салмайды, оның әсемдігін талғаммен қабылдайды. Сонымен қатар қаламгердің табиғат көріністерін жеткізудегі өзіндік шеберлігі де танылады. Автор көбінесе кейіпкер хал-ахуалын көрсету үшін немесе оның іс-әрекеті алдында сыртқы табиғатқа назар аударады. Повестің көптеген тұстарында табиғат суреті баяндалатын оқиға желісімен қабысып жатады да, кейіпкердің ішкі дүниесімен тығыз үндестіріледі.

«Ақ жауын нөсерлетіп төгіп тұр. Әулиеата көшелері лай судан көлкіп, батпағы молайып, миы шығыпты. Қалың жаңбырдан ықтап, елдің бәрі біреулері ағаш түбін, біреулері сарай, үйдің ығын паналап тұрған кезі. Осынау жауын ғана билеген тым-тырыс көшеде батпақ кешіп, ат сабылтып жападан-жалғыз біреу келеді. Басындағы қара бөркінен, үстіндегі сұр шекпенінен су сорғалап ат жонынан аунап түсіп жатыр. Оны байқап келе жатқан ол жоқ. Табиғаттың осы бір бей-жай сәтімен тақасқандай ешнәрсені де елемей ат үстінде жайбарақат келе жатқан сияқты...»<sup>2</sup>. Жауыннан жасқанбай келе жатқан атты кісі кім?

Кінәсіз келінін ел алдында қаралап масқараға ұшыраған Аққұл қарттың іс-әрекеті оқырман есінде болар. Келіні кетіп, үйінен береке кеткен қария енді елдің бетіне тіке қарай алмайды. Қайдағы бір эзәзілдің сөзіне сеніп ел бетіне қарағысыз болды. Амалы таусылған ол Әулиеатадағы уездік комитетте қызмет атқаратын біз жоғарыда тоқталып кеткен Садықтан көмек сұрауға келе жатыр.

Нөсерлетіп жауып тұрған қалың жаңбырды суреттеу арқылы өкініштен іші қан жылаған Аққұлдың дәл сол сәттегі психологиялық жай-күйі одан әрмен ашыла түскендей. Қарттың іштей торығу сәтіне табиғаттың да кейпі сайма-сай келіп, психологиялық (параллелизм) жарыспалылық түзілген. Сонымен қатар осы бір көңілге суықтық, адамның тұла бойын тітіркендіретін жылымшы ызғар сезімін дарытатын табиғаттың осы бір жылаңқы сәті алдағы болатын сәтсіздікке эмоционалдық тұрғыдан дайындық тәрізді.

Құдаларынан кешірім сұрап, келінін қайтаруға жәрдемдесуін сұраған ақсақалға Садық қызы Зәуре өзiнiң бұйрығы жұрмейтiндiгiн айтады. Себебi Зәуре арқа сүйеген әдiлдiк соты бар. Осы сәттегi пейзаж да өзiнiң қоңырқай суретiмен көңiлге мұң ұялатады.

<sup>1</sup> Момышұлы Б. Екі томдық шығармалар жинағы. 1 т. – Алматы, Жазушы, 2002. – 480 б.

<sup>2</sup> Сол жерде.

«Екеуі томсырайып үн қатпай бір-бірін сынағандай орындарынан қозғалмай отырды. Тек сырттағы жауынның терезеге тырс-тырс тиген тамшылары ғана «ей, бейшаралар» дегендей естіліп тұрды»<sup>1</sup>.

Ал, енді осы Аққұл қарттың жан тәсілім етер алдындағы табиғат суреті жамандықтың хабаршысындай.

«Бұл кезде күн еңкейіп, Шақпақ жонынан асып барады екен. Айнала өртеі қызарып, біртүрлі айбарлы алау шашып тұр»<sup>2</sup>.

Повестегі пейзаждық көріністер бірде өзінің қоңырқай тартқан суреттерімен немесе ызғарлы ұсқынымен бір түрлі әсер етсе, енді бірде әсем бояуларымен шалқытады. Жазушының шаттық билеген, шалқыған көңілді суреттеудегі тіл кестесі мүлдем басқаша. Мәселен, мына суреттеуге назар аударайықшы:

«Мен тек аспанға қарай бердім. Менің шарасыз күйімді түсінгендей жамыраған жұлдыздар жан-жақтан жымыңдап көз қысады. Әлдеқайда алыс тоғай ішінен, тау жынысының тыныштығын қорғағандай, үкінің үні құлаққа келеді. Қылаусыз ашық аспан ... Жарқын күлкісі жүзін жайнатып жібергендей биікте ай баяу жылжиды. Майда, мамық сыбдыр бар — бұл түнгі ұйқыдағы ағаштардың тынысындай сезілді ... Сол сәтте тағы да бала кезім ойға оралып еді. Табиғаттың әсем де әсерлі шағы адам жанын толқытады. Романтикаға толы сәт!».

Қаһарман іштей түлеу, серпілу сәтін бастан кешіреді. Тек әсем сурет жасалған жоқ, сонымен қатар психологиялық штрихтер кестеленіп, жазғы дала көркі кейіпкер толғанысымен астасып, психологиялық параллелизм жасалды. Сол арқылы Бауыржан бейнесі де ашыла түсті. «Түйелердің арасымен жүріп келе жатып мен мамық жүнді ақ ботаның қасына еріксіз тоқтадым. Осы жерде отырып, жұлдызды аспанға телміріп ұзақ қарағаным есімде. Ай мені еркелете күлгендей сезілді. Ал қаз тізілген түйелердің өркеші тау жоталарындай көлбедеп көрінген еді. Түннің тымықтығы сонша, мен боталардың баяу демін айқын естіп тұрдым»<sup>3</sup>.

Өзіндік ерекшелігі бар соны суреттеу. Қозғалыстағы жаңды бейне. Осы суреттеулердің бәрін көзбен көргендей боласың. Жазушы тілінің көркемдігі, байлығы, әдемілігі табиғат көріністерін беруден де байқалады.

Және бір байқағанмыз, жазушының табиғат құбылыстары адамша әрекет етеді. Мәселен, «жұлдыздар жымыңдап, көз қысса», «ай еркелете күлгендей» болады. Суреткердің тылсым табиғатты жандандыра адам баласына тән сипат белгілермен бейнелеу тәсілі оның әсерлілігін үстемелей түскен. Ұлы жазушы А. П. Чехов інісіне жазған хатында: «Природа является одушевленной,

<sup>1</sup> Момышұлы Б. Екі томдық шығармалар жинағы. 1 т. – Алматы, Жазушы, 2002. – 480 б.

<sup>2</sup> Сол жерде.

<sup>3</sup> Сол жерде.



если ты не брезгуешь употреблять сравнения явлений ее с человеческими действиями»<sup>1</sup>, — деген екен. Б. Момышұлы шығармаларынан сол талаптың жауабын табамыз.

Бұл мысалдардың барлығы қаламгердің табиғат суреттерін оқиғамен, адамның жан-дүниесімен астстыра білу қыры. Яғни пейзаждың психологиялық мәнге ие болуы. Пейзаж бас қаһарманның іс-әрекетін, басқа да кейіпкерлердің қуаныш-қайғысын жеткізу үшін қолданылған. Повесте пейзаж кейіпкерлердің мінез-машығын, жеке портретін жасау үшін де айрықша мәнге ие екенін көреміз.

Повесте пейзаж кейіпкерлердің мінез-машығын, жеке портретін жасау үшін де айрықша мәнге ие екенін көреміз. Сондай ақ, шығарманың өн бойындағы табиғат суреттерінің символикалық мәнде және кереғар мағынада берілетін тұстары да жоқ емес. Қорыта айтқанда, Б. Момышұлы шығармаларында пейзаждар сан тарапты мақсатта қолданылады екен. Мұндай пейзаждың әртүрлі жолдармен пайдалануы жазушының суреткерлік эволюциясын, шеберлік диапазонын аңғартады. Біздің талдауға негіз еткеніміз жазушының бір ғана повесіндегі адам мен табиғаттың ара қатынасының суреттелуі.

### Әдебиет тізімі:

1. Момышұлы Б. Екі томдық шығармалар жинағы. 1 т. – Алматы, Жазушы, 2002. – 480 б.
2. Майтанов Б. Қазақ романы және психологиялық талдау. – Алматы, Санат, 1996. – 33 б.
3. Русские писатели о литературном труде. – Ленинград, 1956. – С. 360.
4. Пірәлиева А. Көркем прозадағы психологизмнің кейбір мәселелері. – Алматы, Алаш, 2003. – 327 б.
5. Хасенов М. Ұнамды образ және типтендіру. – Алматы, Жазушы, 1966. – 226 б.
6. Жұматаева Е. Ерлік – елдік туы. – Шымкент, 1998. – 76 б.
7. Жұмабаев М. Шығармалары. 3 т. – Алматы, Білім, 1996. – 448 б.

*Tuymebekova Alia Abzelbekovna,  
Taraz State University,  
M.Ed., senior lecture  
E-mail: atuymebekova@mail.ru*

## Place in the character's creation in the image of the dialog

<sup>1</sup> Русские писатели о литературном труде. – Л., 1956. – С. 360.

*Туймебекова Алия Абзелбековна,  
Тараз мемлекеттік университеті,  
педагогика ғылымының магистрі, аға оқытушы  
E-mail: atuymebekova@mail.ru*

## **Кейіпкер бейнесін ашудағы диалогтың орны**

Тоқталып өтерлік ерекшелік — Б. Момышұлының кейіпкер психологиясын деп басып, дәл жеткізуге оңтайлы жол ретінде шығарма оқиғасын бірінші жақтан лирикалық кейіпкердің аузымен айтқызып, соның ойымен өрбітуі. Талантты жазушының таңдаулы шығармалары бас қаһарман атынан бірінші жақта баяндалып отырады. Басты кейіпкер арқылы баяндау жазушы үшін жеке адамның ой-өрісінің, санасының дамуын толық бейнелеу үшін қажет және «мұндай түр кейіпкер немесе әңгімесінің қоршаған орта туралы субъективтендірілген қабылдауын елестетеді де, шығармадағы барлық компоненттерді олардағы жекелік көңіл-күй бастауларымен қоса құрамына алатын ұлғайтылған ішкі монолог формасына енетін сияқтанады»<sup>1</sup>. «Психологизм тұрғысынан қарағанда бірінші жақтан баяндаудың екі түрлі кемшілігі бар. Біріншіден: көптеген кейіпкерлердің ішкі әлемін тереңдетіп көрсету мүмкін еместігі, екіншіден психологиялық бейнелеудің бір сарындылығы.

Бірінші жақтан баяндаудың артықшылықтары да бар: біріншіден, тек адамның ішкі әлеміне көңіл аудару, екіншіден, адамды өзінен артық кім біледі»<sup>2</sup>.

Ал, Б. Момышұлы болса, геройларының жанына үңіле білді. Оның шығармашылығына тән ерекшелік кейіпкерлерінің ішкі әлеміне бойлай енуі, сол әлемдегі сан-қилы сезімдердің шарпысуын, солардың қайғы-қасіретін, қуаныштарын қаһармандардың өз сөздерімен дәл көрсете білуі.

Ұлы жазушы М.Әуезовтің: «... Орыс жазушыларынан анық сүйетінім: Толстой, Достоевский. Адам жанын соларша қойма ақтарғандай ақтармаған соң, жазушылықтың мәні де жоқ. Прозаға психология араласпаса, өзгенің бәрі сылдыр су, жабайының тақ-тақ жолы»<sup>3</sup>, — деген пікірі бар.

Б. Момышұлы да өз шығармаларында адам болмысының қатпар-қатпар қалтарыстарына терең үңіле біліп, прозада психологизмді алдыңғы орынға шығарады. Ол үшін қаламгер психологиялық талдау тәсілдерін молынан пайдаланады. Ал, көркемдік тәсілдің қай-қайсысы да кейіпкер табиғатының жұмбақ сырларын ашу, сол арқылы шығарманың идеялық-көркемдік салмағын арттыру

<sup>1</sup> Майтанов Б. Қаһарманның рухани әлемі. – Алматы, Жазушы, 1987. – 90 б.

<sup>2</sup> Ержанова Г. Қазіргі қазақ повестеріндегі психологизм. Фил. ғыл. канд. ғыл. дәр. алу үшін жаз. дисс. авторефераты, – Алматы, 1999.

<sup>3</sup> Әуезов М. Анкетаға жауап. // Жұлдыз, – 1991. № 10. – 129 б.

мақсатында қолданылатыны белгілі. Повестегі кейіпкерлердің психологиясын талдау олардың сөйлеген сөздері, іс-әрекеттері, диалог, монолог тәсілдері арқылы да, біз талдап өкен бейвербалды ишараттар арқылы да жүзеге асып жатады. Осы тәсілдердің қайсысын қолданса да Б. Момышұлы табиғи өлшемнің шегінен шықпайды.

Жазушы образдарды тұлғалауда, мінездерді даралауда, образ танымының диалектикасын ашуда бейвербалды ишараттардан басқа да түрлі көркемдік тәсілдерге: монолог, диалог, пейзаж т.б. сүйенеді. Қай жазушы болсын осы тәсілдерге соқпай өтпейтіні белгілі. Бірақ мәселе сол тәсілдерді қолдану арқылы жасалған характерлердің нанымдылығы мен шынайылығында, шығарманың сюжеттік-композициялық құрылымының ішкі тұтастығында. Осы ретте Б. Момышұлы сомдаған кейіпкерлердің көпшілігінің ойдан қиыстырылмай, өмірде бар, жазушының өзімен қатар жүрген адамдар болып келетінін тағы да қайталап айта кеткен жөн. Және осы кейіпкерлердің психологиясын ашу үшін қолданған көркемдік құралдар шығармаларының композициясында үнемі өз орнын тауып отырады.

Шығармаларының композициясында кездесетін диалог, пейзаждар суреткердің стильдік ерекшелігін айқындаумен бірге мінездің даралығын да танытады. Кейіпкер сөзі бірде монолог, бірде диалог арқылы көрініп отырады. Кейіпкерлердің сөзінен оның логикалық ойлау жүйесі, заман, уақыт тынысы да сезіліп отырады. Ендеше жазушы шығармаларындағы әрбір компонент олардың идеялық-эстетикалық мән-мағынасын айқындайды.

Суреткер сонымен психологиялық талдаудың компоненттерін молынан пайдалана отырып, сан түрлі мінездерді ашқан.

Суреткердің таңдаулы туындысында аталған көркемдік құралдардың ішінде диалогтың қызметі ерекше. Қаламгер өзі сомдаған кейіпкерлерінің сезім құбылыстарын суреттейтін күрделі психологиялық мезеттерде диалогты үнемі пайдаланады. Кейіпкерлердің жан-дүниелері, характер сыры осы тәсіл арқылы да кеңінен ашыла түседі.

“Диалог құрылымы мен қызметі әр қаламгердің белгілі бір шығармасында қойған профессионалдық мақсаттарына орай, жеке, жалпы стильдік заңдылықтар ескеріле тұрып, түрлі қырынан тың қасиеттермен өзгере толысатыны күмәнсіз” — деп профессор Б. Майтановтың атап көрсеткеніндей, Б. Момышұлы диалогтары да түрлі мақсаттарға пайдаланылады<sup>1</sup>.

Жазушының повестегі мына бір диалогты беру тәсіліне мән берейік. Шығармада Қабаш ұрпағының туған елге, ата қонысына оралу сәтінің үстіндегі мына бір диалог бар:

---

<sup>1</sup> Майтанов Б. Қазақ романы және психологиялық талдау. – Алматы, Санат, 1996. – 33 б.

«... Ойын қызған шақ еді. Кенет қара жолдың бұйра шаңын баяу түтіп, торқасқа мінген жолаушы келеді екен. Бізге жақындағанда ат тізгінін тежеп, тіл қатты.

– Әй, балақайлар, бері келіңдер!

Біз тобымызбен жүгіріп бардық...

– Ана ауыл, Үсен әулетінің тұрағы ма?

– Иә, — деп шу ете түстік біз.

– Дәуренбай тірі ме?

– Иә, атам әлі өлген жоқ, — деді, менен екі-үш жас кіші Мырзабай.

Ат үстіндегі жігіт езуін жиып күліп алды.

– Сен өзің кімнің баласысың?

– Мырзабаймын ғой.

Жігіт тағы да мейірлене жымыды.

– Атаңның кімі боласың?

– Атам мен апамның баласымын ғой. Егер сенбесеңіз мына балалардан сұраңыз.

Жігіт енді қарқ-қарқ күлді.

– Неге сенбейін, айналайын, Сендім, қарағым, сендім.

– Бұл Дәуренбай атамның үлкен ұлы Ормантай көкемнің баласы, — дедім мен білгішсініп.

– Ал, сен өзің кімнің баласысың?

– Момыштың баласымын.

– Әлгі молда Момыш па?

– Иә, молда атамның баласы, — деп менен бұрын Мырзабай жауап қатты»<sup>1</sup>.

Үзіндіде ретінде келтірілген осы бір шағын ғана диалог шығарма оқиғасының өрістей түсуін көрсетіп, сюжеттік-композициялық қызмет атқарып тұр.

Екіншіден кейіпкерлер репликаларынан олардың ой-өрісімен таныс боламыз. Балалардың сөйлеу мәнерінде ешқандай жасандылық жоқ, жеңіл тілмен нанымды бейнеленген. Әсіресе Мырзабайдың аңқаулығына, Момыштың ұлы Бауыржанның алғырлығына куә боламыз. Шығармада Бауыржанның нағашысы Серкебайдың тәкаппарлығы, әпербақандығын жазушы тек жоғарыда тоқталып кеткен сыртқы қимыл-көріністерін сипаттау арқылы ғана емес, сонымен қатар диалогтар арқылы да шебер суреттейді. Серкебайдың дүниетанымын, типтік белгілерін өзіндік ерекшеліктерімен көрсете білген мына бір тұсқа назар аударайық:

«Көкем ақталмақ боп, жаңа тәртіп жайлы түсіндіре бастайды. Ондайда:

– Тауыққа жұмыртқасы ақыл үйрететін болған ба, — деп кекететін Серкебай нағашым.

<sup>1</sup> Момышұлы Б. Екі томдық шығармалар жинағы. 1 т. – Алматы, Жазушы, 2002. – 480 б.

– Есердің естіге жөн үйреткені ме, шынымен!

– Нағашым-ау, сіздің шалқыған дәуреніңіз өтіп барады ғой.

Ендігі өмір талабы өзгешелеу.

– Сен не деп отырсың, ей ынжық, — деп Серкебай көкемнің кеудесін қамшысымен нұқиды.

– Қалай деп көкисің, шірік? Не дедің сен?!

– Түк те дегенім жоқ. Жай аузымнан шығып кетті, — деп міңгірледі көкем.

– Үлкеннің бетінен алғанды саған көрсетермін мен, — деп нағашым бұлақан-талқан болады.

– Кіммен бәсекелесетініңді тапқан екенсің. Қотыр бұзаудай арқандап қоюға әлі шамам келеді»<sup>1</sup>.

Барлық болмысы сөйлеген сөз, жасаған іс-әрекетінен көрініп тұрған Серкебайыңыз осы кісі. Диалог мінез жасаудың, оны түсініп-біліп, етене жақын танудың көркемдік құралына айналған. Егер әрбір көркем туыңдыда «... әбден дараланып, тұғаланып адам тұрсын; жан-жақты танылар жаңды бейне жүрсін...»<sup>2</sup>, — деген қағидаға сүйенсек, осы тұлға, характер өзін диалогта, сөздер кездесуінде ішек-қыртысына дейін, әрі қайталанбастай күйде танытқан. Серкебай образы арқылы өте қызықты, тың бейненің жасалғандығын жазушының сәтті табыстарының қатарында атаймыз. Суреткердің зерек ой, көреген көзі, кейіпкердің мінез диалектикасын жіті талдайды.

Повесте Бауыржан мен әжесінің арасындағы диалогтары да әдемі өрілген. Олардың сөздерінен баланың асау тентектігімен қатар, ерке, еркіндеу мінезі де сезіледі. Ол алтын әжесіне еркелей түсіп, сөйлете түсуге бейім. Бұлары жарасымды да.

Жалпы/жалқы, деректі/дерексіз, негізінен, ғаламзаттықтан тарайды, ал адамзаттық мұндай жіктеуге түспейді, себебі ол тек адамға ғана қатысты атауларды түсіндіреді. Сонымен бірге ғаламзаттықты *жанды-жансыз* топқа да жіктеуге болады, бірақ бұл — орыс тіліне тән жіктеу, себебі орыс тілінде зат есімнің мағыналық жіктелуі бірден осылай топтаудан (*жанды/жансыз*) басталады да, осы тілде адам мен жалпы жанды тіршілік иелеріне «кім?» деген сұрақтың, жаны жоқ затқа «не?» деген сұрақтың қойылуымен шешіледі. Ал қазақ тілінде бұлай жіктеу тән емес; тек зат есімнің ғаламзаттық тобын ғана орыс тілінің үлгісімен, қосымша түрде, *жанды/жансыз* топқа бөліп көрсетуге болады (тәсім 1):



Тәсім 1.

Осы жіктеу жүйесі негізінде ғана зат есімнің жаңа сөз жасалу қағидасы I-ұстанымға (жаңа мағыналы туындының жасалуы) сай келеді. Себебі мұнда бір сөз табының ішінде жаңа сөз туындаса да, ол қандай да бір ішкі мағыналық тобының біріне ауысып, басқа ұғымды жеткізеді. Ғаламзаттықтан адамзаттық, жалпы зат есімнен деректі, т. б. ұғымдағы басқа бір зат есім қалыптасады. Сондықтан бір сөз табы ішінде басқа жаңа ұғымдық сипатта пайда болған туынды сөз (зат есім) I-ұстаным бойынша жаңа мағыналы сөзжасам үдерісінің сипаты болып табыла алады. Мысалы: *кітапхана* — *кітапханашы*, *ой* — *ойын* — *ойыншық*, т. б. Бірінші мысалда синтетикалық-семантикалық тәсілмен кеңістік мәнді жартылай деректі зат есімнен адамзаттық есім (мамандық иесі ұғымы) туындаса, екінші мысалдағы *ой* сөзі — дерексіз, санамен сезінетін философиялық пікір атауы, одан *ойын* — дерексіз, әрекет үдерісінің атауы (қимыл қозғалысының сипаты көз алдыға келеді); ал *ойыншық* — әрекет үдерісіне қажетті деректі зат түрі — пайда болып отыр.

2) Келесі өзек мағынасы сақталған тұлғажасамдық өзгеріс ұстанымында сөздің ұғымдық өзгерісі болмайды. Яғни екінші ұстанымда бір сөз табының ішінде жаңа сөздер жасалуы жаңа ұғымдық сөздер болып табылмайды, жай ғана реңктік өзгерістегі тұлғажасам болып табылады. Бұл жағдайда сөздің негізгі лексикалық мағынасында сәл реңктік ауытқу болып, тек сыртқы тұлғасы ғана өзгеріске түсіп, басқа сөз табына ауыспайды. Сөздің тұлғалық жағынан туындауы бір сөз табының ішінде ғана жүзеге асып, бастапқы сөз табылық қызметін сақтап қалады. Алайда бұл үдеріс те сөзжасамның ішкі заңдылығының бір белгісі болып қалады, өйткені сөздің тұлғалық өзгерісі де сөзжасам ілімінің ішкі бір қағидасы болып танылуы тиіс, бірақ ол тұлғалық сөзжасам (мағыналық сөзжасам емес) ғана болып қалады. Сөзжасам ілімінде сөздің жаңа ұғымға түсіп, басқа мағынаға ие болуы немесе сыртқы қабатының тұлғалық өзгерісі деген үдеріс нәтижесі назарға алынуы тиіс. Сондықтан реңктік мағынасы бар, тұлғалық өзгеріске түскен сөздер тұлғалық туынды сөздер сөзжасам ілімінің зерттеулік нысанына ілігеді. Мұндай тұлғажасамдық өзгеріске түсетін сөздер сөз табы ішінен зат есімде, етістікте, сан есім мен сын есімде ғана бар. Сонымен екінші ұстанымдық сөзжасам үдерісін *зат есімнің реңктік мәнді жұрнақтары*, *етіс*, *болымсыз етістік*, *сан есім*, *сын есімнің шырай жұрнақтары түсіндіреді*. Морфология саласында аталған сөз табы жұрнақтары модификациялық қосымша түріне енеді. Сөзжасамда бұл мәселе тұлғажасамдық сөзжасам сипаты тұрғысынан зерттеуге түседі.

Сөзжасам ілімінің аталған екі ұстанымы бойынша туынды сөздердің жасалуы көбінесе синтетикалық тәсіл арқылы талдануымен көрінетін сөздерді қарастыру жиі орын алады. Бірақ басқа екі тәсілдің де (лексикалық-семантикалық, аналитикалық-семантикалық) қатысы арқылы сөзжасамның екі ұстанымдық сипатын көруге болады.

Аналитикалық-семантикалық тәсілде тіркесу амалы, бірігу амалы нақты туынды ұғымдық, мағыналы (1-ұстаным) сөзжасам үдерісін айқындайды. Мысалы: **аяқ киім, қалта телефон, баяндау хат, темір жол; қолишатыр, Сарыарқа, көзілдірік, білезік, бүгін** тәрізді сөздер алғашқы негізден тыс туынды, күрделі ұғымдағы сөздер болып саналады.

Ал 2-ұстаным ережесін аналитикалық тәсілдің қосарлау амалынан айқындауға болады. Қосарлау амалының қайталама және екі түрлі сөзді қосақтау жолы арқылы пайда болған күрделі сөздер сөзжасамның 2-ұстанымына сай келеді. Мысалы: жиі-жиі, ауық-ауық, киім-кепшек, бала-шаға, ыдыс-аяқ, көйлек-көншек, т. б. Екі түрлі сөздің қосарлауы арқылы жасалған күрделіні реңктік-тұлғажасамдық өзгеріске енгізуіміз — екінші сыңардағы сөздің көне түркілік немесе түркілес сөздерден қалған бір ұғымдағы сөздер болып табылатыны. Сонда қосарлау амалында нақты жаңа ұғымдық сөз туындамайды, бар болғаны реңктік сипаттағы тұлғажасамдық сөзжасам үдерісі (2-ұстаным) жүреді де, мағынаның қайталанып, қосарланып күрделенуі сезіледі.

Сөзжасамның лексикалық-семантикалық тәсілі сөзжасам ілімінің тек 1-ұстанымына ғана қызмет етеді. Лексикалық-семантикалық тәсілді екі жақты түсінуге, нақтыласақ, іштей екі амалмен танытып, талдауға болады. Ол екіге бөлініп, лексикалық амал және семантикалық амал деген айырыммен көріне алады. **Лексикалық амал** — тілдік қорымызға, сөздік құрамымызға басқа тілдегі сөздердің не заман ағымымен ұлттық дүниетанымымыздың, ой-өрісіміздің жаңаруымен бұрынғы көнерген сөздердің қайта жаңаша қолданысқа енуі. Лексикалық амалдың өзі іштей екі жолмен сараланады: **кірме сөз жолы және кірме ұғым жолы**. Кірме сөз жолы — белгі бір ұлттық тілге затқа, әрекетке, т. б. қатысты ұғым болса да, лайықты атау болмай, шеттен сөздің енуі. Бұл кезде ұлт тілінде бұрыннан бар ұғым (тұлғалық атауы жоқ) әбден нақтыланғанша, ұлттық мазмұндық тұлғаға ие болғанша, ол ұғымға қатысты кірме атау (сөз) дайын күйінде қолданыста болады да, белгілі бір дәуірден соң, ұлт тіліндегі ұғымның атауы оны ығыстыра бастайды немесе қатар қолданылып жүре береді: **аэропорт** — **әуежай** (кеңістік, орын туралы ұғым бұрыннан болса да, техниканың қонуына қатысты ұғымдық атау кірме сөзбен қалыптасты); **самолет** — **ұшақ; вертолет** — **тікұшақ** (ұшу туралы ұғым қазақ дүниетанымында болса да, көлікке қатысты ұғымдық атауы кірме сөзбен келді); т. б. Сонда **кірме сөз жолы бойынша** ұлт тілінде ұғым болса да, оған сай атау кірме болып еніп, сонан соң аударылып, жаңа сөз жасалады: **сапаржай, саяжай** — бұл сөздер де жоғарыдағыдай қалыптасқан туындылар.

Лексикалық амалдың **кірме ұғымдық жолы** дегеніміз — ұлттың дүниетанымында зат-әрекетке, т. б. қатысты ұғымның мүлде болмай, кірме сөз арқылы кірме ұғымның қалыптасуы. Мұнда ұғым да кірме, атау сөз де кірме болып, дайын қабылданады. Бұл көбінесе ұлттың дүниетанымында әлем

бейнесінің кей мазмұндық қырының, әрекет жүрмегендіктен, жат болып, қабылданбауымен байланысты. Қарапайым тілмен айтсақ, ұлтта жоқ ғылым саласына қатысты іс-әрекеттен туындаған ұғымның көрініс табуы кірме ұғым болып саналады. Кірме ұғым арқылы жалпы адамзаттық дүниетанымды және жеке ұлттық дүниетанымды көрсетіп, салыстырып тани аламыз. Кірме ұғымдық кірме тұлғалы сөздер шеттен енген лексема күйінде қалады. Себебі кез келген аталым ұлттық дүниетанымдық ұғыммен сәйкес келуі қажет. Мысалы **академия, акция, компьютер, факс** сөздері өздерінің әрекеттік қызметімен біздің танымымызға енді, жалпы дүниетанымдық ұғымымызда қалыптасты, алайда қызметтік мағынасын түйсініп, қабылдағанымызбен, ұлттық болмысымыз бен дүниетанымымызда болмағандықтан, нақты қызметін айқындап, дәлдеп беретін сыртқы жамылғашын, дыбыстық тұрпатын ешқандай сөзжасамдық тәсілмен жасауға мүмкіндік жетпей жатыр. Ал кейбір сөздерді аударуға қажеттілік жағдайында қазақша аталым балама (эквивалент) аудармамен емес, қазақ тілінің ұлттық дүниетанымын танытатын, болмыс-бітімін көрсететін мағыналық атау, мағыналық аударма қызметімен жүзеге асып, пайда болады. Өсімдіктер атауларына келсек, қазақи ұғымы бар жеміс-жидектің, кей көкөністің бұрыннан аталымы болғанмен (*алма, алмұрт, шие, жидек, жаңғақ, қауын, қарбыз, қызылша, пияз, қияр, т. б.*), көкөністің басым көпшілігі басқа халықпен араласып-құраласудың нәтижесінде біздің тұрмыстық қолданысымызға еніп, атаулары дайын лексема күйінде қалды. Сөздікте аударып көрсеткенімізбен, қолданыста кірме атауымен айтылады. Мәселен, *капуста, помидор, баклажан* көкөністері біздің ұғымымызға орыс тілі арқылы енгендіктен, бұлардың атауы балама не тура аудармамен емес, белгілі сын-белгісі арқылы жанама атаумен не метафорамен пайда болды: *капуста* — *қырыққабат, кейде орамжапырақ*; *помидор* — *қызанақ*; *баклажан* — *баялды* сөздері жанамен аталғандықтан, ауызшада қолданылмайды; *баклажан* көкөнісінің ұғымдық мағынасы бұлардан кейін кешірек аударылды, себебі қызметтік мәні белгілі болғанмен, қазақи танымға сай келетін тұрпаттық белгісін айқындап беру қиынға соқты.

Лексикалық амалмен сөздерді алу барысында бәрі бірдей аудармаға түсе бермейтіні анық. Бірі толық, бірі жартылай аударылса, енді бірі бастапқы қолданысын сақтайды. Лексикалық амалмен енген сөздердің жартылай аударылуы дегеніміз — күрделі кірме сөздердің құрамындағы халықаралық сөзжасамдық бірліктің аударылмай сақталып, негізгі ұғымды жеткізетін екінші сыңарлардың ғана аударылуы. Мысалы: **автостоянка** — **автотұрақ**, **автручка** — **автоқалам**; **биосфера (био** — «өмір») — **биоөріс, т. б.** Мұндағы **авто** бірлігі грекше «өзі істейтін, орындайтын» дегенді білдіреді.

Лексикалық-семантикалық тәсілдің **семантикалық амалы** мағынаның тауылуы мен кеңеюі арқылы жасалатын жаңа туынды сөздерді қарастырады. Осы

орайда омоним туындылар мен көпмағыналық туындылар зерттеуге түседі. Бұл туралы кейінгі мақалалық зерттеуде сөз етеміз.

Сонымен лексикалық-семантикалық тәсіл де тың ұғымдағы туынды сөздерді қалыптастырып, жасайды. Ол екі түрлі туынды сөздің жасалуын қарайды. Бірі — ұлттық ұғымы әуелден бар, бірақ дыбыстық жамылғышы болмаған, лингвистикалық, экстралингвистикалық өлшем көмегімен туған тұлғалық аудармалы сөздер; екіншісі — ұғымы да, дыбыстық жамылғышы да болмаған, кейін жалпы әлемдік дүниетаным ұғымын түйсіну, зерделеу, қабылдау арқылы пайда болған сөздер. Бұлар — негізінен, қазақшаға аударуға көне бермейтін, шет тілінен дайын күйінде алынатын сөздер. Қандай да бір кірме аталымның дыбыстық жағы мен ұғымдық, мағыналық жағын бірлікте қарастыру арқылы ол сөздің тура аталымын, баламасын табуда сөзжасам үдерісіне енетін аударма ілімінің ішкі ереже-белгілерінің негізін шығаруға болады. Сөйтіп лексикалық-семантикалық тәсіл қызметі сөзжасам ілімінің ұстанымдық ережесін толық шешіп бере алады.

## **Section 9.**

# **Languages of peoples of foreign countries of Europe, Asia, Africa, aborigines of America and Australia**

*Kadyrova Olga Mihaylovna,  
Institute of Oriental Studies  
of the Russian Academy of Sciences, postgraduate student  
E-mail: alfabem@yandex.ru.*

### **Theoretical description problems of Turkish converbal forms**

*Кадырова Ольга Михайловна,  
Институт Востоковедения РАН, аспирант  
E-mail: alfabem@yandex.ru.*

### **Теоретические проблемы описания турецких конвербальных форм**

Данная статья посвящена нефинитным глагольным формам с обстоятельственной функцией в турецком языке. Турецкий язык не похож на языки средневропейского типа, поэтому тюркологи сталкиваются с серьезными сложностями при составлении теоретических описаний, когда опираются на представления, основанные на латинской грамматике. В частности, с трудом вписываются в традиционную терминологию многие глагольные формы, характерные для тюркских (шире алтайских) языков. В русскоязычной лингвистической литературе глагольные формы с наречным значением обычно называются «деепричастиями». В турецкой лингвистической литературе указанное явление стало рассматриваться относительно недавно и пока что не получило широкого освещения. До конца XIX столетия в турецкой научной мысли господствовал не европо-, а арабоцентризм, поэтому долгое время выделялись всего четыре части речи (isim-имя, sıfat-существительное, fiil-глагол, edat-служебное слово), специфические для турецкого языка явления вообще не рассматривались. Последние несколько десятков лет глагольные формы

с наречной функцией называются либо «баглач» (bağlaç), либо «улач» (ulaç). Оба термина переводятся на русский язык как «соединитель, связка». В данной статье мы будем использовать термин «конверб», введенный Г. Рамстедом специально для описываемых нами форм, встречающихся в алтайских языках. Мы намерены рассмотреть проблемы классификации турецких конвербов по способу образования, а также по семантическим и синтаксическим функциям в предложении.

### Способы образования турецких конвербов

В турецком языке насчитывается от 10 (Н. К. Дмитриев<sup>1</sup>, Ю. В. Щека<sup>2</sup>) до 13 (Г. Л. Левис)<sup>3</sup> аффиксов, образующих конвербальные формы. Отсутствие единодушия во мнениях тюркологов обусловлено необычностью этого явления в сравнении языками средневропейского типа и сложностью выделения таких специфических форм в структуре турецкого языка.

Несложно выделить простые конструкции, которые образуются путём присоединения одного аффикса конверба к основе глагола:

|                    |                        |
|--------------------|------------------------|
| 1. Yap-ır          | Yap-ma- ır             |
| <i>Делать-CONV</i> | <i>Делать-NEG-CONV</i> |
| <i>Сделав</i>      | <i>не сделав</i>       |

Для конверба на -(у)А помимо присоединения аффикса также требуется редупликация глагольной формы:

|  |                      |                   |                           |           |                      |
|--|----------------------|-------------------|---------------------------|-----------|----------------------|
| 2. Sor- a  | sor- a               | Mekke'-ye         | var-                      | acak-sın. | ( <i>поговорка</i> ) |
| <i>Спросить-CONV</i>                                 | <i>Спросить-CONV</i> | <i>Мекка- DAT</i> | <i>достигать-FUT2-2sg</i> |           |                      |
| <i>Спрашивая и спрашивая, доберешься и до Мекки.</i> |                      |                   |                           |           |                      |

Конверб на -А также образуется от двух связанных по смыслу основ глагола:

|  |                      |                       |         |                      |
|--|----------------------|-----------------------|---------|----------------------|
| 3. Çocuk                                   | düş- e               | kalk- a               | büy- ü. | ( <i>поговорка</i> ) |
| <i>Ребёнок падать-CONV</i>                 | <i>вставать-CONV</i> | <i>расти-FUT1-3sg</i> | (∅)     |                      |
| <i>Ребёнок растёт, падая и поднимаясь.</i> |                      |                       |         |                      |

В качестве особого явления можно выделить конвербы на -ken. Отличаются они тем, что аффикс прибавляется не к основе глагола, а к показателю времени, в связи с чем появляется особое значение полученной словоформы: одновременности, уступки (противительно-уступительное значение), причинно-следственное значение.

|   |                                |                     |                         |      |                   |
|---|--------------------------------|---------------------|-------------------------|------|-------------------|
| 4. Büyük-ler                                      | konuş- ur-                     | ken                 | küçük-ler               | sus- | ar <sup>4</sup> . |
| <i>Взрослый-PL</i>                                | <i>разговаривать-FUT1-CONV</i> | <i>маленький-PL</i> | <i>молчать-PRS1-3sg</i> | (∅)  |                   |
| <i>Когда взрослые разговаривают, дети молчат.</i> |                                |                     |                         |      |                   |

<sup>1</sup> Дмитриев Н. К. Турецкий язык. – 1960. – С. 56–58.

<sup>2</sup> Щека Ю. В. Практическая грамматика турецкого языка. – М. 2007. – С. 294–319.

<sup>3</sup> Lewis G. L. Turkish grammar. – Oxford. 1967. – С. 174–190.

<sup>4</sup> Aziz Nesin. Şimdiki çocuklar harika. – İstanbul. 1997. – С. 32.



5. Çık-mış-ken dolaş-ayım, de-di<sup>1</sup>.

*Выходить-PSTP-CONV гулять-IMP-1sg сказать-PST*

*Раз уж я вышел, погуляю, — решил он.*

Аффикс *-ken* прибавляется не только к глагольной форме, но и к именной, передавая значение одновременности второстепенного события основному:

6. İstanbul-da-yken söyle-miş-ti-m san-a<sup>2</sup>

*Стамбул-LOC-CVB скажи- PF-PST-1sg ты-DAT*

*Я тебе еще (будучи) в Стамбуле сказала.*

7. Tarık da küçük-ken bir harika ocuk-tu..<sup>3</sup>.

*Тарык тоже маленький-CONV AR замечательный ребенок-PST*

*Будучи маленьким, Тарык был замечательным ребенком.*

Иногда прибавляется к основе местоименного наречия:

8. Böyle-yken<sup>4</sup>

*Так-CONV*

*В такой ситуации...*

Возможность присоединения формы на *-ken* к именной основе вызывает сомнение в том, что данную форму следует относить к конвербам. Однако отечественные и зарубежные тюркологи единодушны во мнении, что это деепричастие, герундий, улач. Необычность образования данных конструкций объясняется её происхождением от отдельно стоящего вспомогательного глагола «*imek*» с аффиксом «*-ken*»: *iken*. Видимо, к основе глагольной или именной формы присоединяется «нулевой» глагол «*imek*», а затем — аффикс «*-ken*». По той же причине данный аффикс не участвует в законе сингармонизма с основой слова, а гармонирует с глаголом «*imek*». Данная форма является переходной от грамматической формы вспомогательного глагола к аффиксу. Это рассуждение подтверждает, что конверб — это особая форма глагола.

Подобно конвербу на *-ken* образуется редко употребляемая форма на *-Sa-sInA*. Этот маркер прибавляется к имени или к основе глагола с временным аффиксом. В работах по турецким конвербам чаще всего приводятся следующие примеры употребления формы:

9. Deli-cesine sevmek

*Безумец-CONV любить*

*Безумно любить*

<sup>1</sup> Кузнецов П. И. Учебник турецкого языка. – 2007. – С. 251.

<sup>2</sup> Aziz Nesin. Şimdiki çocuklar harika. – İstanbul. 1997. – С. 21.

<sup>3</sup> Там же. – С. 137.

<sup>4</sup> «Ben liseyi bitirdim, böyleyken, illkokula giden çocuğumun sorduğu şeyi bilmezsem, doğru olur mu?» // Aziz Nesin. Şimdiki çocuklar harika. – İstanbul. – 1997. – С. 129.

11. Öl-ür-cesine sevmek

*Умирать-FUT1-CONV любить*  
*Любить до смерти (сильно любить)*

11. Dünya parçalan-mış-casına<sup>1</sup>

*Мир развалиться- PF-CONV*  
*Словно мир развалился*

Что касается происхождения формы на -CasInA, то П. И. Кузнецов разделяет аффикс на три части: SA-sI-nA<sup>2</sup>, но не объясняет своё решение. Г. Л. Левис и Ю. В. Щека приводят этот показатель как единое целое<sup>3</sup>.

Не все исследователи включают в классификацию конвербов так называемую форму на (-)г -maz, состоящую из повторения одной и той же основы в положительной и отрицательной форме настоящего-будущего времени, служащей для передачи значения моментальности смены событий.

12. Söyle-r söyle-mez de burn-u-nun üst-ü-ne yumruğ-u ye-miş<sup>4</sup>.

*Сказать.CONV сказать.CONV и нос. 3sg.GEN поверхность.3sg.DAT кулак.ACC съесть.PST*

*Только он сказал, как сразу получил кулаком по носу.*

Данная форма присутствует в списке турецких герундиев Г. Л. Левиса<sup>5</sup> и отсутствует в разделе «Деепричастия» в «Практической грамматике Турецкого языка» Ю. В. Щеки. Она является нефинитной, так как не согласуется с подлежащим в отличие от глаголов-сказуемых в форме настоящего-будущего времени. Семантика данной конструкции несёт на себе наречное значение: «Когда?» — «Сразу как только сказал». Поэтому мы считаем целесообразным внесение формы на (-)г -maz в список конвербов.

Нет единого представления тюркологов о сложных (состоящих из нескольких элементов) глагольных формах с наречным значением, которыми богат турецкий язык. Например, можно выделить следующие сложные конструкции: inca-ya kadar — CONV-DAT послелог, ma-dan önce — VN-ABL + послелог, так называемые формы на -dik (-acak-) и др.

Сам аффикс -dik (ğ)-/-acak (ğ)- представляет собой особое явление, которому сложно подобрать аналог в индоевропейских языках. Ж. Корнфильд в таблице условных обозначений указывает аффикс на -dik/-acak- как «имяобразующий»

<sup>1</sup> Щека Ю. В. Практическая грамматика турецкого языка. – М. 2007. – С. 314.

<sup>2</sup> Кузнецов П. И. Учебник турецкого языка. – М. 2007. – С. 365.; Щека Ю. В. Практическая грамматика турецкого языка. – М. 2007. – С. 313.

<sup>3</sup> Lewis G. L. Turkish grammar. – Oxford. 1967. – С. 188.

<sup>4</sup> Aziz Nesin. Şimdiki çocuklar harika. – İstanbul. 1997. – С.109.

<sup>5</sup> Lewis G. L. Turkish grammar. – Oxford. 1967. – С. 174–190.

(*factive nominal*)<sup>1</sup>. С одной стороны эта морфема является имяобразующим аффиксом, превращающим глагольную форму в имя действия, а с другой — передает значение фактически происходящего или произошедшего события (в отличие от отглагольного имени на -mA-, называющего действие абстрактно, безотносительно к реальности):

13. ... salon-a geç-tiğ-imiz zaman, gülünç bir durum-la karşılaştık<sup>2</sup>.

*Зал.DAT перейти.FN.1PL время смешной AR ситуация.PP встретиться. PST.1PL*

*Перейдя в зал, мы столкнулись со смешной ситуацией.*

Аффикс -асак- передает значение факта, который является будущим по отношению к основному событию:

14. Yakalan-acağ-ı sıra-da, ağaç-lar-a tirman-mak zor-u-nda kal-ıyor-muş<sup>3</sup>.

*Быть пойманным.FNFUT.3sg черед LOC дерево.PL. DAT взлезть.INF нужна.3sg. LOC остаться.PRS2.PST.*

*В те моменты, когда его должны были поймать, он был вынужден залезать на дерево.*

Формам с имяобразующим маркером наречное значение придают соответствующие падежные окончания, послелогии, грамматикализовавшиеся имена.

15. Arkadaş-lar, onun söz-ler-i-nden bişey anlama-dık-ları-ndan gülü-yor-lar-dı<sup>4</sup>.

*Товарищ.PL PRON слово.PL.3sg.ABL что-либо понимать.FN.3PL. ABL смеяться.PRS2.PL. PAST*

*Товарищи смеялись оттого, что ничего не понимали из его слов.*

16. Geçen mektub-um-a bugün-e kadar cevap alma-dığ-ım için merak-ta-yım<sup>5</sup>.

*прошлый письмо.1sg.DAT сегодня.DAT PP ответ получить.FN.1sg PP беспокойство.LOC.1sg*

*Я беспокоюсь оттого, что не до сегодняшнего дня не получила ответ на твое письмо.*

Г.А. Левис большую часть таких форм называет эквивалентами герундиев. Ю.В. Щека в «Практической грамматике турецкого языка» вслед за Ш. С. Айляровым<sup>6</sup> рассматривает только синтаксические конструкции на -dık-/-асак- в разделе «Развернутые обстоятельства»<sup>7</sup>. Турецкий лингвист М. Хенгирмен указывает

<sup>1</sup> Jaklin Kornfilt. – Turkish. London. – 1997./List of abbreviations.

<sup>2</sup> Aziz Nesin. Şimdiki çocuklar harika. – İstanbul. 1997. – С.148.

<sup>3</sup> Там же. – С. 82.

<sup>4</sup> Там же. – С.165.

<sup>5</sup> Там же. – С. 83.

<sup>6</sup> Айляров Ш. С. Развернутые члены предложения в современном турецком языке. – 1974.

<sup>7</sup> Щека Ю. В. Практическая грамматика турецкого языка. – 2007. – С. 407–432.

эти формы в списке «Улач», которые передают значение образа действия (*diğ halde*), времени (*diğ zaman, dıktan sonra*), причины (*diğindan*). Примечательно, что к «улач» причины турецкий ученый относит и инфинитив в исходном падеже (*-maktan*)<sup>1</sup>, в то время как отечественные тюркологи рассматривают эту форму в разделах, посвященных инфинитиву, указывая, что турецкий инфинитив склоняется по падежам. И мы вынуждены согласиться с мнением отечественных тюркологов, потому что турецкий инфинитив действительно склоняется по падежам в зависимости от своей синтаксической роли в клаузе.

Классификация М. Хенгирмена основана на семантике. И здесь мы видим, что разный подход к классификации позволяет включать в неё различные формы.

По нашему мнению, турецкие конвербы можно классифицировать по способу образования, разделив их на простые, образованные посредством одного аффикса, и сложные, образованные путем сложения нескольких грамматических показателей.

К простым конвербам относятся формы на *-(y)Ip, -(y)IncA, -(y)ArAk, -DıkçA, -(y)AlI*. При чём форма на *-(y)AlI* может встречаться и в сложном варианте. Когда смысловой глагол повторяется дважды: в форме прошедшего времени и в форме конверба. Пример:

17. O gel-di gel-eli<sup>2</sup>...

*Он прийти.PST прийти.CONV*

*С тех пор, как он пришёл...*

Конверб на *-CasInA* также лучше отнести к простым конвербам, т.к. сложившийся из разных компонентов аффикс теперь уже невозможно разложить на элементы.

Сложных форм оказывается намного больше:

|   | Форма                 | Способ образования   |
|---|-----------------------|--|
| 1 | 2                     | 3  |
| 1 | <i>-(y)A</i>          | Аф. конверба, редупликация основы                                      |
| 2 | <i>-(y)ken</i>        | Аф. конверба, аффикс времени/падежа                                    |
| 3 | <i>-(-)r -mAz</i>     | два аф. настоящего-будущего времени                                    |
| 4 | <i>-Dık-tA</i>        | Имяобразующий аф., аф. местного падежа                                 |
| 5 | <i>-Diğ-IncA</i>      | Имяобразующий аф., аф. конверба  |
| 6 | <i>-Dık-tAn sonra</i> | Имяобразующий аф., аф. исходного падежа, послелог                      |
| 7 | <i>-Diğ-I halde</i>   | Имяобразующий аф., личный аф. принадлежности, грамматикализованное имя |

<sup>1</sup> Hengirmen M. Türkçe temel dilbilgisi. – 2006. – С. 256–261.

<sup>2</sup> Lewis G. L. Turkish grammar. – 1967. – С. 181.

| 1  | 2                                     | 3  |
|----|---------------------------------------|--|
| 8  | -Diğ-I/AcAğ-I za-man/sırada, -DIğİndA | Имяобразующий аф., личный аф. принадлежности, грамматикализованное имя                         |
| 9  | -Diğ-I/takdir-de                      | Имяобразующий аф., личный аф. принадлежности, грамматикализованное имя в форме местного падежа |
| 10 | -Diğ-I-ndAn                           | Имяобразующий аф., личный аф. Принадлежности, аф. Исходного падежа                             |
| 11 | -Diğ-I için                           | Имяобразующий аф., личный аф. принадлежности, послелог   |
| 12 | -Diğ-I gibi                           | Имяобразующий аф., личный аф. принадлежности, послелог   |
| 13 | -mA-dAn önce                          | Имяобразующий аф., личный аф. принадлежности, послелог   |
| 14 | Diğ-I/AcAğ-I kadar                    | Имяобразующий аф., личный аф. принадлежности, послелог   |
| 15 | mAk-sIzİn                             | Окончание инфинитива, аф. конверба   |

### Семантика турецких конвербов

Богатство и красота современного турецкого литературного языка во многом достигается за счет большого разнообразия грамматических и синтаксических конструкций. В предыдущем разделе мы попытались составить список конвербальных форм. Каждая конвербальная форма служит для передачи значения образа действия и темпорального аспекта сопутствующего основному событию действия, или только темпорального аспекта. Кроме того, такие формы нередко служат синтаксическим средством связи сопутствующих событий в одном предложении. Как было сказано выше, в турецких грамматиках эта форма называется «баглач» или «улач», что значит «соединитель». И действительно в турецкой литературе встречается большое количество предложений, где информация о разных событиях соединяется морфолого-синтаксическим способом, т. е. с помощью конвербов:

18. Çocuk-lar kendi-leri-ni tut-ama-yıp kırırda-yarak gülüşme-ye

*Ребёнок.PL RPRON.3PL. ACC сдерживать.IMPOS. CONV хихикать.CONV пересмеиваться.DAT*

başla-yınca Müfettiş yanlış söyle-diğ-i-ni anla-dı<sup>1</sup>.

*начать.CONV ревизор ошибка сказать.FN.3sg.ACC понять.PAST*

*Когда дети, не удержавшись, начали хихикать и пересмеиваться, ревизор понял, что ошибся.*

<sup>1</sup> Aziz Nesin. Şimdiki çocuklar harika. – 1997. – С. 27.

Если классифицировать конвербы по семантическим значениям, то можно выделить следующие виды:

| оттенки временного значения          | характер или способ действия | причина основного события | уступительное значение |
|--------------------------------------|------------------------------|---------------------------|------------------------|
| -ken, (-)rken                        | -(y)ip                       | -DiğİndAn                 | -mİşken                |
| -(y)Inca                             | -(y)ArAk                     | Diğİ için                 | -Diğİ halde            |
| -(y)AlI                              | -(y)A                        |                           | -Diğİ takdirde         |
| -(-)r-mAz                            | -CAsInA                      |                           |                        |
| -Diğ-I/AcAğ-I zaman/sırada, -DiğİndA | -mAksIzIn                    |                           |                        |
| -DIktAn sonra                        |                              |                           |                        |
| -mAdAn önce                          |                              |                           |                        |
| -Diğ-I gibi                          |                              |                           |                        |

Вышеперечисленные параметры представляются нам вполне ясными. Однако следует учитывать, что границы между ними размыты: конверб на -(y)arak обозначает способ действия, но также имеет значение одновременности или чуть ранее начатого действия, конверб на -(y)inca нередко несет на себе и значение причинности.

Примеры:

19. Ağla-yarak, içini çek-e çek-e, şiir-i okuma-ya başla-dı<sup>1</sup>.

*Плакать.CONV вздыхать.CONV вздыхать.CONV стихотворение.ACC читать.DAT начать.PST*

*Плача и вздыхая, он начал читать стихотворение.*

20. ... karı-sı-ndan umud-u-nu kes-ince o-nu boşa-mış<sup>2</sup>.

*Жена3sg.ABL надежда3sg.ACC прекратитьCVB онаACC отпуститьPST*

*Потеряв надежду на жену, развелся с нею.*

Наиболее встречаемый конверб на -(y)Ip может служить средством сокращения грамматической формы для однородных сказуемых или даже предикатов, относящихся к разным действующим лицам:

21. İpek hemen **kalkıp** kasanın yanına **gitti**, bir telefon **etti**<sup>3</sup>.

*Ипек сразу встать-CONV касса-GEN бок-3sg-DAT подойти-PST AR телефон делать-PST*

*Ипек сразу встала и, подойдя к кассе, позвонила по телефону. (Перевод А. Аврутина)<sup>4</sup>.*

<sup>1</sup> Aziz Nesin. Şimdiki çocuklar harika. – 1997. – С.139.

<sup>2</sup> Там же. – С. 72.

<sup>3</sup> Orhan Pamuk. Kar. – 2002.

<sup>4</sup> Орхан Памук. Снег. –2007.

Эта клауза содержит три равнозначных события: встала — выражено конвербом, подошла и позвонила — выражено прошедшим временем. Конверб на -(y)Ir позволил избежать многократного повторения одной и той же формы в одном предложении. Как мы видим, в переводе на русский язык переводчик также употребил деепричастие (конверб), но в отношении другого действия — «подойдя». Следовательно, и в русском языке деепричастие может иногда служить средством соединения цепочки однородных предикатов.

### **Синтаксические функции конвербов**

Рассмотреть конструкции с конвербами в турецком языке как синтаксическое явление тоже непросто. Ряд исследователей склоняется к тому, что они представляют собой особый род сложноподчиненных предложений, т. к. клауза, содержащая конверб, может иметь собственный субъект действия, отдельный от основного субъекта клаузы (примеры 5 и 19), а аффикс конверба является маркером подчинительной связи. Но поскольку в индоевропейских языках в роли предиката клаузы обычно выступает финитный глагол, а конверб является нефинитной формой, другие исследователи называют такую клаузу «оборотом» а не предложением. Причем тюркологи расходятся во мнениях о синтаксическом статусе сложных конвербальных форм, о которых говорилось выше. В русскоязычной тюркологической литературе они называются «развернутыми обстоятельствами» (Ш. С. Айяров, Ю. В. Щека). В западной литературе их могут включать в классификацию герундиев вместе с другими конвербальными формами (Г. Л. Левис). Ж. Корнфильт конструкции на -dik- (-acak-) считает финитными, т. к. в их составе содержится морфологический показатель лица, выполняющего действие, т. е. имеет место согласование с субъектом. Однако мнение о финитности этих конструкций можно оспорить, потому что в турецком языке для финитных глаголов и отглагольных форм с имяобразующим маркером применяются разные лично-числовые показатели. Для финитных глаголов — это личные аффиксы сказуемости 1-й и 2-й группы<sup>1</sup>, для конструкций на -dik- личные аффиксы принадлежности. Также аффикс -dik- не является самостоятельным показателем временного значения. Прошедшее или настоящее время действия, выраженного формой на -dik-, угадывается из контекста. Более того, мы осмелимся заявить, что аффикс -dik- является только имяобразующим маркером и не несет на себе морфологию времени, а передает значение реальности произошедшего или происходящего события.

Учитывая, что конверб является нефинитной формой, хотя и может иметь собственный субъект действия и даже в ряде случаев согласовываться с ним, и то, что морфологические показатели конвербов служат для связи между

---

<sup>1</sup> Щека Ю. В. Практическая грамматика турецкого языка. – 2007.



действиями внутри осложненного предложения, мы склонны считать такие синтаксические конструкции оборотами с конвербами, а не частями сложно-подчиненного предложения.

### **Заключение**

Рассмотрев три аспекта описания турецких конвербальных форм — семантический, морфологический и синтаксический, мы можем сделать следующие выводы:

1. Морфологические показатели конвербов многозначны, по составу разделяются на простые, состоящие из одного аффикса и сложные, состоящие из двух или нескольких аффиксов, послелогов и грамматикализованных слов.
2. Турецкий конверб передает значение не только второстепенного действия, сопутствующего предикату, но и равнозначное основному предикату действию. Передаваемое посредством аффикса конверба наречное значение не является однозначным и во многом определяется дискурсом.
3. Синтаксические конструкции с конвербами следует считать оборотами с конвербами, а не придаточными предложениями.

### **Условные обозначения:**

Заглавные буквы аффиксов — звуки, участвующие в законе гармонии гласных и согласных.

(y) — протезный йотированный звук, появляется в аффиксах на стыке с гласным.

ACC — аккузатив.

ABL — аблатив.

AR — артикль.

DAT — датив.

CONT — длительное время.

CONT. PST — длит. в прошедшем.

CVB — конверб.

IND — индикативная частица.

IMPOS — аффикс невозможности.

INF — инфинитив.

INS — инструмент.

GEN — генитив.

IMP — императив.

(по лицам и числам)

LOC — локатив.

FUT1 — настоящее-будущее время на (-)г.

- IND — индикативная частица.  
IMPOS — аффикс невозможности.  
INF — инфинитив.  
INS — инструмент.  
GEN — генитив.  
IMP — императив.  
(по лицам и числам)  
LOC — локатив.  
FUT1 — настоящее-будущее время на (-)г.  
FUT2 — будущее время на -асак.  
NEG — маркер отрицания.  
FN — имяобразующий маркер.  
FNFUT — имяобразующий маркер  
со знач. будущности.  
PL — показатель множ. числа.  
POS — аффикс возможности.  
PRS1 — настоящее вр. на (-)г.  
PRS2 — настоящее время на -уог.  
PST — прошедшее вр.  
PTCP — причастие.  
PSTP — прошедшее перфективное вр.  
PP — послелог.  
1/2/3sg — личный аффикс, аффикс принадлежности ед. ч.  
1/2/3 pl — личный аффикс, аффикс принадлежности мн. ч.  
3sg (Ø) — нулевой маркер 3 л.ед. ч.  
PRON — местоимение.  
RPRON — возвратное местоимение.  
VN — отглагольное имя.

*Ramanova Aigul Abibullaevna,  
Makhambet Utemisov  
West Kazakhstan State University,  
candidate philological sciences  
E-mail: Ramanova2008@mail.ru*

**Phonetic and lexical  
phenomena that are identified during  
the merger of possessive affixes**

Раманова Айгул Абибуллаевна,  
М.Өтемісов атындағы Батыс  
Қазақстан мемлекеттік университеті,  
филология ғылымдарының кандидаты  
E-mail: Ramanova2008@mail.ru

## Тәуелдік жалғауларының түбірмен бірігуі барысында байқалатын фонетикалық және лексикалық өзгерістер

Тілдің дамуы барысында болып жататын түрлі құбылыстар, соның ішінде тәуелдік жалғауының түбірмен бірігіп, өзінің сөздің грамматикалық тұлғасын түрлендіру қызметінен айырылып, түбірдің дыбыстық құрамының өзгеруін, мағынасының өзгеруін, соған орай синтаксистік қызметінің өзгеруін туғызатын дәрежеге жетуі тілде жиі кездесетін құбылыстарға айналған. Осындай тәуелдік жалғаудың түбірмен бірігуі нәтижесінде пайда болған сөздер лексикалық бірліктер ретінде танылып, сөздіктерде реестр сөз ретінде беріліп, дербес лексемалар ретінде танылып жүр. Бұл сөздерді тәуелдік жалғауының түбірмен бірігуі арқылы жасалған туынды сөздер деп санаймыз.

Қазақ тіліндегі тәуелдік жалғаудың түбірмен бірігуі әрекетінен пайда болған сөздердің әрқайсысында болған өзгерістер түрліше сипат алған. Сондықтан да түбірдің өзгеруіне әсер ететін фонетикалық және лексикалық жағдайларға жеке-жеке тоқталғанды жөн көрдік.

**Фонетикалық өзгеріс.** Тәуелдік жалғауы түбірмен бірігуі әрекеті барысында бастапқы түбірдің буын жігіне өзгеріс енгізеді. Мәселен, *көбі*, *түбі* тәрізді сөздерді алсақ, бастапқы түбірлері – *көп*, *түп* – бір буынды сөздер болса, тәуелдік жалғауының түбірмен бірігуі арқылы олар екі буынды сөздерге айналған: *кө-бі*, *тү-бі*. Болмаса, *керегі* сөзін алайық, бастапқы түбір – *керек* – екі буынды сөз болса, қазіргі туынды сөз үш буыннан тұрады: *ке-ре-гі*. Осы тұста айта кететін жайт, тәуелдік жалғауы бірігуі әрекетінің нәтижесінде ашық буынды бітеу буынға немесе, керісінше, бітеу буынды ашық буынға өзгертіп отырады. Дәлел: осы тәсіл арқылы пайда болған *қырқы*, *себебі* сөздерін алайық. Бастапқы түбірлер – *қы-рық*, *се-беп* түрінде болса, қазіргі жағдайда *қыр-қы*, *се-бе-бі* түрінде өзгеріске түскен. Яғни, бастапқыда *қы-рық* сөзі ашық буын мен бітеу буыннан құралса, қазір бітеу буын мен ашық буыннан тұратын сөзге айналған. Ал *себен* сөзі де бастапқыда ашық буын мен бітеу буыннан тұрса, бүгінгі күні тек ашық буыннан қалыптасқан сөзге (*се-бе-бі*) айналған. Аталған сөздердегі буын түрлерінің алмасуына әсер етіп отырған — тәуелдік жалғауының түбірмен бірігуі әрекеті.

Тәуелдік жалғауы түбірмен бірігуі арқылы оның құрамындағы дауысты дыбыстың редукциялануына әсер етеді, яғни дауыссыз дыбысқа аяқталған сөзге

тәуелдік жалғауының дауысты дыбыстан басталатын көрсеткіштерінің кірігуі арқылы сөз құрамындағы қысаң дауыстыны редуцияға ұшыратады. Мысалы: *аузы-мұрны* деген қос сөзді алсақ, оның екі сыңары да редуцияға ұшыраған. *Ауыз, мұрын* түріндегі бастапқы түбірлерге тәуелдік жалғауының дауыстыдан тұратын *-ы* көрсеткішінің кірігуі арқылы сөз құрамындағы қысаң *ы* дыбысы түсіп қалған: *ау (ы)зы-мұр (ы)ны*. Тілде осы тұлғасында қолданылады. Бұдан өзге құрамындағы тәуелдік жалғауының түбірмен бірігуі арқылы редуцияға ұшыраған мына сөздерді де атай аламыз: *ау (ы)зы-басы, бет-ау (ы)зы, дені-қар (ы)ны, қыр (ы)қы, қаз-қал (ы)ны, мей (і)лі, ажар-көр (і)кі*.

Қазақ тіліндегі ықшамдалу амалы, яғни үнем принципі тәуелдік жалғауының түбірмен бірігуі әрекетінде де кездесіп отырады. Жоғарыда айтылғандар — соның алғашқы дәлелдері. Бұлардан басқа тілде тәуелдік жалғауының түбірмен бірігуі барысында өтетін элезия құбылысын да (сөз ішінде түсірілетін дыбыс) байқай аламыз. Мәселен, тәуелдік жалғауының түбірмен бірігуі арқылы пайда болған *күшім* сөзі ықшамдалу заңдылығына ұшыраған. Бастапқы түбір «*күшік*», оған «*-ім*» түріндегі тәуелдік жалғауы жалғанған. Қолданылу жиілігінің артуына байланысты және тәуелдік жалғауының түбірмен бірігуі негізінде сөз құрамындағы «*-іг*» буыны түсіп қалған (*күшігім* < *күш (іг)ім*). Қазір ықшамдалған түрі – «*күшім*» күйінде қолданылады. Мысалы: *Еркелете басынан сипап, «күшім-күшім» деп те қойды* (М. Сүндетов).

Айтылған жайт сөз ішіндегі дыбыстардың түсірілуіне байланысты. Келтірілген деректен тәуелдік жалғауы түбірмен біріге отырып, оның дыбыстық жағынан ықшамдалуына да әсер ететінін байқаймыз.

Тәуелдік жалғауының көрсеткіштері түбірге жалғануы барысында оның құрамындағы қатаң дыбыстың ұяндауына әсер ете отырып, сол күйде түбірмен бірігіп кетеді. Мысалы: *ардағым, жарығым* тәрізді еркелету мәніндегі сөздердің бастапқы түбірлері – *ардақ, жарық* қатаң *қ* дыбысына біткен. Ал тәуелдік жалғауының жалғануы, одан әрі түбірмен біріге түсуі нәтижесінде қатаң *қ* дыбысы ұяң *ғ*-ға айналған. Бұл топқа мына сөздерді де атай аламыз: *анық-қанығы* (< *қанық+ы*), *аяғы* (< *аяқ+ы*), *бар-жоғы* (< *жоқ+ы*), *бас-аяғы* (< *аяқ+ы*), *жарықтығым* (< *жарықтық+ым*), *керегі* (< *керек+і*), *көбі* (< *көп+і*), *қарағым* (< *қарақ+ым*), *қол-аяғы* (< *аяқ+ы*), *бегім* (< *бек+ім*), *себебі* (< *себең+і*), *тегі* (< *тек+і*), *түбі* (< *түп+і*), *шырағым* (*шырақ+ым*), *шет-шегі* (< *шек+і*).

Бұлардың барлығы да қазір тілде осы тұлғаларында реестр сөз ретінде қолданылады. Сондықтан да жоғарыдағы өзгерістерді көрсетіп отырмыз.

Тілден түбір мен қосымша арасына қыстырма дыбыс ретінде қойылған тәуелдік жалғауын да кездестірдік. Мәселен, тіліміздегі *жиырмаасыншы* түріндегі реттік сан есімнің құрамынан көнерген тәуелдік жалғауын байқаймыз. Басқа реттік сан есімдерден бұл көрсеткіш кездеспейді. Тек осы сан есімге ғана тән.

Ғалым М. Томанов бұл құбылысты былайша түсіндіреді: «Қазіргі қазақ тіліндегі *жиырманышы* — *жиырмасыншы* деген жарыспалы сөздердің пайда болуында аналогияның ізі байқалады. Дауысты дыбысқа аяқталған сөздерге тәуелдіктің III жағы *-сы* түрінде жалғанатыны мәлім. Соған ұқсатудан барып, осы реттік сан есімнің, екінші варианты — жиырмасыншы пайда болған. Дұрысында әдеби норма *жиырманышы* болу керек еді. Бұл соңғы вариант реттік сан есімдердің қалыптасқан тәсіліне лайық (*бір-інші, алт-ыншы, сегіз-інші*)»<sup>1</sup>.

Ғалым пікіріне талдау жасап көрелік. Тілдегі «аналогия — тілдің бір бірлігінің (единицасының) басқа бірлігіне формальдық немесе семантикалық жағынан ұқсастыру процесі иә болмаса бірліктердің бір жұбындағы ұқсастықты екінші жұбына ауыстыру дегенді білдіреді. Аналогия тіл қызметіндегі бір құрылымдық үлгіні сол негізде жаңа бірліктер жасау үшін қолданылады»<sup>2</sup>.

Біздіңше, бұл сан есімнің құрамында тәуелдік жалғауы дыбыстар арасына қойылған қыстырма дыбыс тәрізді. Себебі, *жиырманышы* дегеннен гөрі, тілге *жиырмасыншы* түріндегі тұлғасы айтуға жеңілірек тиеді. Сондықтан да тілдегі сөз құрылымының ұлғаю заңдылығына сай түбір мен қосымшаның арасына сына дыбыс қажет болғандықтан, ғалым М. Томанов айтқандай, басқа тілдік бірліктерге ұқсастыру процесінің, яғни аналогияның негізінде тәуелдік жалғауының көрсеткіші ешқандай мағына үстемей, тек қосалқы күйде қолданылып жүргені байқалып тұр. Мәселен: *жиырмасыншы* десек, реттік мағынаны ұғамыз, ал тәуелдік жалғауы еш ұғым беріп тұрған жоқ. Осы тәріздес мағынасыз бөлшектерді «Қазақ грамматикасының» морфонология саласында бірнеше түрге бөліп көрсетеді<sup>3</sup>. Соның ішінен осы жағдайға келетіні — мағыналы бөлшектерге (жұрнақ, жалғауларға) ұқсас болып келген түрі.

Сонымен, *жиырмасыншы* реттік сан есімінің құрамындағы тәуелдік жалғауы төмендегіше жағдайларға байланысты алынған деп анықтаймыз:

- 1) айтылуда тілге жеңіл болу үшін сына дыбыс ретінде алынған;
- 2) қажетті қыстырма дыбыс аналогия заңдылығына сәйкес мағыналы бөлшекке яғни тәуелдік жалғауына ұқсастырып алынған.

Сонымен, тілдің морфонология заңдарының негізінде түбір мен қосымша арасына қыстырма ретінде келіп тұрған тәуелдік жалғауының көрсеткішін түбірмен біріккен деп есептейміз. Себебі, бұл көрсеткіш өзінің бастапқы мағынасын да, қызметін де сақтамаған. Түбір құрамында үнемі осы тұлғасында қолданылуы — өзгермейтін заңдылық және реттік сан есімнің қалыптасуында да белгілі бір деңгейде өзіндік орны бар. Сондықтан да тәуелдік жалғауының бұл қолданысын түбірмен бірігу әрекетіне қатысты айтып өткенді жөн деп таптық.

<sup>1</sup> Томанов М. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы. – Алматы: Ана тілі, 1991. – Б. 99.

<sup>2</sup> Қазақ тілі. Энциклопедия. – Алматы: ІДК-ТИРО, 1998. – Б. 21.

<sup>3</sup> Қазақ грамматикасы. Фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис. – Астана. – 2002. – Б. 158.

**Лексикалық мағынаның өзгеруі.** Тәуелдік жалғауының түбірмен бірігуі сол сөздің лексикалық мағынасына да әсер етеді. Түбірмен бірігу әрекетінің нәтижесінде пайда болған сөз бастапқы лексикалық мағынасынан бүтіндей айырылып, жаңа лексикалық мағынаға ие болады. Сол арқылы тілде жаңа туынды сөздер пайда болып, сөздік құрам толыға түседі. Сондықтан да тәуелдік жалғауының түбірмен бірігуі әрекеті арқылы қалыптасқан сөздердің барлығы біртұтас сөз ретінде сөздіктерде беріліп отырады. Мәселен, «Қазақ тілінің сөздігінде» (Алматы, 1999) кездесетін бірнеше сөздерге тоқталып кетейік<sup>1</sup>.

«Абзалы — дұрысы, шыны деген мәнді білдіретін модаль сөз». Ол тәуелдік жалғауының III жақ көрсеткішінің түбірмен бірігуі арқылы пайда болған (<абзал+ы). Бастапқы түбір «абзал» – қадірлі, асыл, аяулы деген мағынаны білдірген, сын есім тобындағы сөз болса, бүгінде бірігуі әрекетінің негізінде сол мәннен айырылып, жаңа туынды мағынаны иеленген. Соған сәйкес сөздікте дербес сөз ретінде беріліп отыр.

«Жарығым — еркелету ретінде айтылатын «шырағым», «сәулем» мәніндегі сөз». Бұл тәуелдік жалғауының I жақ көрсеткішінің түбірмен бірігуі әрекетінің негізінде жасалған (<жарық+ым). Бастапқы түбір «жарық» — зат есім, қазіргі білдіріп тұрған туынды мағынасына тәуелдік жалғауының түбірмен бірігуі нәтижесінде ие болған. Екі сөз екі түрлі мағынаны білдіреді, сондықтан да сөздікте де әрқайсысы жеке-жеке беріліп отыр.

Айтып өткеніміздей, тәуелдік жалғауының түбірмен бірігуі арқылы қалыптасқан сөздер тілімізде өзіндік дербес лексикалық мағынасы бар тілдік бірліктерге айналған. Сөздіктерден жинаған, алдыңғы тарауда көрсетілген сөздер жүйесі — осының нақты дәлелі.

Тілімізде тәуелдік жалғауының түбірмен бірігуі арқылы жасалған туынды сөздер мағынасы жағынан түрлі-түрлі. Олардан лексикалық мағыналы сөздердің түрлі мағыналық ерекшеліктерін көруге, кездестіруге болады. Лексикалық мағыналы сөздердің антонимдік қабілеті бары оқулықтарда да, ғылыми еңбектерде де зерттеліп, аталып жүргені белгілі. Міне, сөздерге тән бұл мағыналық ерекшелік тәуелдік жалғауының түбірмен бірігуі арқылы жасалған туынды сөздерге де тән ерекшелік. Тәуелдік жалғауының түбірмен бірігуі арқылы пайда болған туынды сөздер ішінен бір-біріне қарама-қарсы мәндегі антонимдерді табуға болады.

Антонимдер — бір-біріне қарама-қарсы мәндегі сөздер. Аталған тәсіл бойынша (тәуелдік жалғауының кірігуі әрекеті) қалыптасқан антонимдерді анықтау барысында «Қазақ тілінің антонимдер сөздігін» қарап шықтық<sup>2</sup>. Соның нәтижесінде төмендегі антонимдерді анықтадық.

<sup>1</sup> Қазақ тілінің сөздігі. – Алматы: Дайк-Пресс, 1999.

<sup>2</sup> Жұмабекова А. Қазақ тілінің антонимдер сөздігі. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2000.

**Алды-арты.** Екеуі де өлі түбірлерге (алд-, арт-) тәуелдік жалғауының III жақ көрсеткіштерінің бірігуі негізінде пайда болған көмекші есімдер. Бір-біріне қарама-қарсы мәнде жиі қолданылады. Мысалы: *Алды — шымырлаған қаракөк иірім, арты — жарқабақ* (Ш. Мұртазаев). *Қойдың алды осы арадан қанағат тауып іркіліп қалды да, аздан кейін арты да шағылды кешіп осы ойпаңға құлады* (Т. Ахтанов).

**Асты-үсті.** Берілген антонимдердің екеуінің де әуелгі түбірлері бүгінде дербес қолданымайтын — өлі түбірлер (аст-, үст-). Түбірге тәуелдік жалғауының бірігуі арқылы көмекші есімдер жасалған. Екеуі бір-біріне қарама-қарсы мәндегі ұғымдарды білдіреді. Бұлар да тілде жиі қолданылады. Мысалы: *Сібірлік қалаларға тәуелді, асты күйдірген кірпіштен, үсті қарагай бөренелерінен құралған, аумағы да, қарасы да кең, ұсқыны салтанатты екі қабат үй екен* (С. Мұқанов).

**Басы-аяғы.** Бастапқы түбірлері (бас, аяқ) дербес мағынаға ие зат есімдер, оларға тәуелдік жалғауының III жақ көрсеткіштері жартылай түрде кіріккен. Тілде жиі қолданылады. Антонимдер сөздігінде осы тұлғаларында берілуі тәуелдік жалғауының түбірмен біріге түскендігін көрсетеді. Құрамындағы жалғауымен бірігіп келіп, бір бүтін лексикалық бірлік ретінде қолданылады. Мысалы: *Бестің басы болғаниша, Алтының аяғы бол. Сөздің басы қатты болса, аяғы тәтті болады* (Мақалдар).

**Басы-соңы.** Бұл антонимдер *бас* және *соң* түбірлеріне *-ы* тәуелдік жалғауының III жақ көрсеткіштерінің жалғануы арқылы пайда болған. Қарама-қарсы мәнде жұмсалатындығын мына сөйлемдер де дәлелдей түседі: *Басы — сайран, сұл жалғанның соңы — ойран, Адам өмірі — тағдыр ойыны. Біл де ойлан!* (М. Жұмабаев). *Уақыт дейтін шық-шық ұратын сағат тіліне тіпті де, көнбес басы да, соңы да жоқ меңіреу шексіздік* (С. Сматаев).

**Күндіз-түні.** Қарама-қарсы мәнді қос сөз екінші сыңарына тәуелдік жалғауының түбірмен бірігуі нәтижесінде пайда болған. Жалғаудың бірігуі екі сөздің қосарланып келуіне негіз болған. Бұл қос сөз қарама-қарсы мәндегі мезгіл ұғымдарын білдіреді. Мысалы: *Алматы мен Семей арасына Мағаштар күндіз-түні аз аял етіп жүрсе де, жиырма күндей сапар шекті* (М.Әуезов). *Күндіз-түні егінді қанатты құс пен құйрықты, тұяқты жан-жануардан қорып, әбден жүдеп, азып барады* (С. Сматаев).

**Күні-түні.** Бұл қос сөз де алдыңғы сияқты қарама-қарсы мәндес екі түбірден тұрады. Екі сыңары да тәуелдік жалғауының кірігуі әрекетіне ұшыраған (*күн+і-түн+і*). Тілде осы тұлғасында қолданылады. Мысалы: *Шықпа жаным шықпамен шөліккеп тұрған дақыл күні-түні ылғал тілейді* (Д. Досжанов). *Ертеден кешке дейін аңсаған, күні-түні ойлаған зат түске де кірмей қоймайды гой* (Қ.Әбдіқадыров).



**Қысы-жазы.** Алдыңғылар сияқты бұл қос сөздің сыңарлары да қарама-қарсы мәндес сөздер. Екеуінің де түбіріне тәуелдік жалғауының көрсеткіштері толық түрде кірігіп кеткен. Соның негізінде антонимдес қос сөз пайда болған. Мысалы: *Тәңірбергеннің қайын атасы мал ажарынан қысы-жазы көз алмай, сәл гана қоңы қисайса да жаны шығып отырушы еді* (Ә.Нұрпейісов). *Үстінде қысы-жазы өзгермейтін сол баяғы жарғақ тон, әлденеге мәз болып, сонадайдан күліп келеді* (Қ.Жұмаділов).

**Іші-сырты.** Қос сөздің екі сыңары да тәуелдік жалғауының кірігу әрекетінен пайда болған көмекші есімдер. Туынды мағыналары бір-біріне қарама-қарсы, соның негізінде антонимдес мәнді қос сөзді құрап отыр. Тілде жиі қолданылады. Мысалы: *Қазір әр қостың іші-сырты бума-бума, тең-тең жүктерге толып кеткен* (Қ.Жұмаділов). *Қорамса үйінің іші-сырты толған адам* (С. Жүнісов).

Тәуелдік жалғауының түбірмен бірігу әрекеті арқылы пайда болған сөздер өз ішінен синонимдік қатар құруға да қабілетті. Демек, тәуелдік жалғауы бастапқы түбірмен бірігу барысында оның мағынасына да әсер етеді, соның негізінде жаңа мағынаға ие сөздер жасалып, олар тілде жаңа синонимдер қатарын құрады және басқа да қатарларды толықтырып отырады. Төмендегі сөздердің барлығы «Синонимдер сөздігінде» берілген<sup>1</sup>.

Тәуелдік жалғауының түбірмен бірігу әрекеті арқылы пайда болған сөздер өз ішінен бес синонимдік қатар құраса, жеке сөздер (*бәрі, мейлі, мысалы, тегі, тәрізі, асылы*) тіліміздегі басқа да бірнеше синонимдік қатарды толықтырып отырады. Олар төмендегідей:

**Қалқам, қарағым, қарғам, қарғашым, қарашығым, құлыным, ботам, жаным, жарығым, жарқыным, сәуем, шыбыным, шырағым.** Өзінен кіші жақын-жуықты, баланы жақсы көргенде, айтылатын еркелеткіш сөздер. Бұл — синонимдік қатардың ең үлкен тобы, он үш сөзді қамтиды (қалғандары, әрі кетсе, төрт-бес сөзден құралған). Барлығы да тәуелдік жалғауының I жақ көрсеткішінің түбірмен бірігуі арқылы қалыптасқан. Тілімізде үлкендер өзінен кішілерді жақсы көріп, еркелеткенде осы сөздерді қолданады. Мысалы: — *Қалқам, сөзің асыл, даусың ашық екен, — десіп есік алдында отырған әйелдер Ақынеғұлды қошеметтеп жатты* (С. Мыңжасарова). — *Қарағым, жең бар ма? — деді қарт ана маған Майра арқылы шай ұсынып жатып* (Ә.Нұршайықов). — *Шаршап қалдың ғой, қарғам, сабыр етшіі* (Қ.Исабаев). *Шешесі кішкене сандығын ашып, алдына тосты да: — Қарғашым, өзің қарашы, мұндағы керегің не?.. — деді* (Қ.Әбдіқадыров). — *Құдай тілеуіңді берсін, қарашығым!* — *Тұрар көкеңді таныдың ба, құлыным? — деп сыбырлады әйел* (Ш. Мұртазаев). — *Ауылдың мал-жаны аман ба, ботам?* (Қ.Исабаев). — *Жаным, жеңгең осы бала, аты Қаныша, — деп шешем бізді таныстырып жатыр* (Б. Соқпақбаев). — *Ой, жарығым, жас қой,*

<sup>1</sup> Синонимдер сөздігі. – Алматы. – 2001.

жолды көтере алмай шаршады ғой, — деді осы кезде қыздардың қасына келген Дәмелі (С. Мыңжасарова). — Осы сен білетін бір нәрсе бар ғой, айтышы жарқыным, — деді Мұрат оган қадала қарап (Т. Ахтанов). — Ұйықтады ма, сәулем? — деді кемпір (Б. Майлин). — Қош, шыбыным, аман жүр (Б. Соқпақбаев). — Дұрыс айтасың, шырағым, — деді сәлделі ақсақал (І. Есенберлин).

**Қасы, жаны, маңы, маңайы.** Адам мен ауыл-үйдің ең жақын тұсы. Мысалы: Тарғыл бүркіттің тап қасынан бүрқ-бүрқ шаң ұша бастады (Ә. Кекілбаев). Жол жаны шарбыдай шұқарып, төмпелер мен дөңестер тегіс ашылып қалған (Х. Есенжанов). Мешиіт маңы бықырлаған халық, ерттеулі аттар, тал қорапты арбалар, жеңіл күймелер (С. Жүнісов). Орда маңайы онсыз да қара түнек (І. Есенберлин).

**Соңы, аяғы, ақыры, шеті.** Бір нәрсенің таусылар, бігер жері, кезеңі. Мысалы: Жауын соңы желге ұласып, тал-дарақтың жапырағы қарақұс бүрген сары балапанның жүніндей бүрқырап ұшты (Ш. Мұртазаев). Қазір тамыздың аяғы — жемістің нағыз уылжып тұрған кезі (Қ. Жұмаділов). Бәлен күнгі еңбегінің ақыры сәтті аяқталғанына қуанған Жұбан Ғалымғалиды директор кабинетіне апару мақсатында жатақханаға ерте келген-ді (Е. Домбаев). Шіліктің арғы шеті өзен суатына шығады екен (Ж. Молдағалиев).

**Тегі, зады, тәрізі, асылы.** Бір нәрсенің болғандығын дәл білемей, болжаммен айтылғанды білдіретін модаль сөз. Мысалы: Тегі бұл топ өлікті құрметтемейді, артында қалған адамдарын құрметтейді екен-ау... (Ғ. Мүсірепов). — Зады, жаңа ғана қоныс аударған (С. Сарғасқаев). — Мынау, тәрізі, Сұртөле-ау, — деді атын айтқан адамның мініп келген көлігін алыстан таныған Жақия (Қ. Исабаев). Асылы, тұтқыннан гөрі қарауылдың халі мүшкіл сияқты (Ш. Мұртазаев).

**Арты, сырты.** Бір нәрсенің ішіне қарама-қарсы жағы. Мысалы: Пешітің арты қара көлеңке — қасқырдың апанындай қараңдайды. Терезе сырты қап-қараңғы болғанымен Тұрар сол түнектен өз әкесін көрді (Ш. Мұртазаев).

**Ені, көлденеңі.** Белгілі бір заттың ұзындығы емес, қысқа жағы. Мысалы: Көлденеңі қырық шақырымдай ғана жықылда Гүлнаш адасып жүр (Т. Әлімқұлов). «Орда» дегені: терезелері көп, орта тұсында қала тәртібімен салынған жалғыз есігі бар, еңсесі биік, төбесі жасыл бояулы қаңылтырмен жабылған, жуан қарагай бөренелерден қиылған ені кең, тұрқы ұзын үй екен (С. Мұқанов).

**Бәрі** — сөзі «тұтасымен, бүтіндей, дерліктей» деген мағынаны білдіретін синонимдік қатарды толықтырады. Осы топтағы басқа сөздермен (барлығы, баршасы, күллісі) мәндес болып келеді. Мысалы: Бәрі мұздай боп көк темірлі қару-жарақ асынған (І. Есенберлин). Қыраңнан айналадағының бәрі алақандағыдай көрінді (С. Сматаев).

**Мейлі** — тіліміздегі «не болса, о болсын, күл болмаса, бұл болсын» деген ұғымды білдіретін басқа да сөздермен (құй, бәрібір) бірігіп келіп, синонимдік

қатар құрады. Мысалы: *Шалдың шыдамында шек жоқ: мейлі аяғы үзіліп түспес, ертерек мына бәлені арғы бетке шығарып құтылса екен* (Ш. Айтматов). *Мейлі апам болсын, мейлі Қаныша болсын, Сәулеге қолғабыс студен бас тартпайды* (Б. Соқпақбаев).

**Мысалы** — «бір нәрсені анықтап түсіндіру үшін келтіретін дәлел, айғақ» деген мәнді беретін «мәселен, мәселенки» сөздерімен мағыналас болып келіп, сол синонимдік қатарды толықтырады. *Мысалы, Ақсақ Темір мен Құсайын Әмір Чинас пен Ташкент ордасындағы соғыста, могол Илияс-Қожадан жеңілуін алайық* (І. Есеберлин). *Мысалы, біреуі тұрып «мен жүз сексен сомға тартам» десе, енді біреуі тұрып «мен жүз сексен сомға тартам» дейді екен...* (С. Мұқанов).

Сонымен, тәуелдік жалғауы кірігу әрекетінің негізінде сөздің бастапқы мағынасына әсер ете отырып, жаңа мәнге ие сөздің пайда болуынан тілде жаңа синонимдік қатарлар мен антонимдер тобы толығып отыратындығы да белгілі болды.

Тәуелдік жалғауының түбірмен бірігу әрекеті арқылы тілде кісі есімдері яғни жалқы есімдер пайда болған. Бұл топқа тілдегі: *Айым, Арайлым, Балым, Гүлім, Досым, Күнім, Нұрым, Жаным, Шырайлым* тәрізді адам аттары жатады. Бұл есімдер әуел баста еркелету мәніндегі жалпы есімдер болғандығы белгілі. Өзінен кішілерді еркелету, жақын тарту мағынасында айтылатын сөздер бірте-бірте жалқы есімдерге айналған. Аталған есімдердің қалыптасуына негіз болып отырған — тәуелдік жалғауының I жақ көрсеткіштері. Бұл тұста тәуелдік жалғаулары сөз тудырушылық қызметті атқарып тұр. Мәселен, *ай, күн, дос, гүл, бал, нұр, жан* — жалпы зат есімдер болса, — *ым*, — *ім* тәуелдік жалғау көрсеткіштерінің түбірмен бірігу әрекетінің негізінде олардан жаңа мәнге ие жалқы есім сөздер пайда болған: *Айым, Арайлым, Балым, Гүлім, Досым, Күнім, Нұрым, Жаным*. Тілде адамдар оларды алғашқыда өз балаларын еркелету мақсатында айтса да, келе-келе осы аттас есімдерді де қоя бастаған. Соның негізінде жалқы есімдер қатары көбейе түскендігі де анық. Бұл тұжырымымызды есімдер тарихын зерттеуші ғалым Т. Жанұзақов берген түсініктемелер одан әрі айқындай түседі. Ғалым еңбегінде бұл тәсіл арқылы пайда болған кісі аттарына толық талдау жасалғандықтан, оны бүтіндей бергенді жөн көрдік. «Көптеген кісі аттарында I жақ тәуелдік жалғауының элементтері байқалады.

Айым, Айымхан, Күнімхан тәрізді кісі аттарындағы — м- тәуелдік жалғауының бірінші жағы. Бұл есімдер өзінің шығуы жағынан көне дәуірге тән.

Ал Нұрым, Досым, Ханым, Жолымбет тәрізді есімдер де баланы жақсы көру, өзіне меншіктеуге байланысты қойылған. Мұндағы — м- тәуелдік жалғауының I жағы екендігі айқын көрініп тұр. Әйтм — Айтыбайдың қысқарған фонетикалық түрі. Бірақ та мұндағы — м- әрі еркелету, әрі тәуелдік жалғаудың I жақ жұрнағы қызметін атқарып тұр.

Ханым, Бегім тәрізді есімдердің түбірі атақ-дәреже, титулдар. Бұған «м» жалғауы жалғанып, Ханым, Бегімбет тәрізді кісі аттары жасалған ...»<sup>1</sup>. Бұл тұжырым тілдегі тәуелдік жалғауының I жақ көрсеткіштері арқылы пайда болған есімдердің өте ертеде қалыптасқандығын көрсетеді. Аталған есімдердің тілдегі қолданысына мына мысалдар — нақты дәлел: *Балым қария Ырашқа мейірлене, телміре қарап отыр* (М. Сүндетов). — *Не боп қалды, Айым, — деп айқай салды атының басын кері бұра берген Бақи* (Қ. Исабаев). *Нұрым өмірі сөзге іркіліп көрмеген, кәріге де, балаға да тіл тауып жанаса кететін жан-ды* (Х. Есенжанов). *Жаным тақай бере-ақ сықылықтай күліп Саяны қушақтай алды* (Д. Досжанов).

Тәуелдік жалғауы тілде жаңа лексикалық мағынаға ие сөздер қалыптастырады десек, солардың бірі — атақ-дәреже атаулары, титулдар. Бұл туралы түркітанушы В. И. Асланов мынаны айтады: «Біздіңше, ханым сөзі ертеде «менің ханым» ұғымын білдірген хан+ым сөзінен жасалған. Уақыт өте келе ол лексикаланып, тек хандардың әйелдеріне ғана арналып қолданылатын болған ...»<sup>2</sup>. Қазақ ғалымы Т. Жанұзақовтың талдауы да осыған жақын: «... Ханым тек әйелдерге ғана қойылатын есім. Проф. А. Н. Кононов кісі аттары соңындағы осы -м жалғауын — женский род — деп таниды. Бірақ та ол I жақ тәуелдік жалғауы қазақ тілінде женский род категориясын көрсетпейді. Род категориясынан гөрі тәуелдік және еркелету жалғауларына бейім түр»<sup>3</sup>. Сонымен, көрсетілген атақ-дәреже атаулары ертеде жоғары тап өкілдерінің өз әйелдерін еркелету мағынасында айтқан сөздерінен пайда болған. Тілде жиі қолданылуына байланысты олар жоғары тап өкілдерінің әйелдеріне қарата айтылатын атақ-дәреже атаулары ретінде қалыптасып кеткен. Ғалымдар пікірін ұстана отырып, біз тілде тәуелдік жалғауының I жақ көрсеткіштері арқылы төмендегіше атақ-дәреже атаулары қалыптасқан деп анықтаймыз.

Ханым — ханның әйелі, зайыбы. Мысалы: *Әженің қасында сұлтанның өз шешесі Алтын-ханым бар* (М. Мағауин). *Жарының ауыр жаралы екенін естісімен, бір топ нөкерімен Ақторғын ханым да жетті* (І. Есенберлин).

Бикем — жоғары тап өкілдерінің әйелдеріне қарата айтылған. Мысалы: — *Арсың ба, Жаган бикем? Алтын хан еліндегі монғолдармен аралас отырған көшпелі Керей руының қызы Жаган бикем* (І. Есенберлин).

Бегім — бектердің әйелі немесе қыздары. Мысалы: *Жылқы Талас өзеніне таяған жерде, Нигер-Сұлтан-Бегім орағыта Қасымның алдынан шығады. Қарашыңның Тоқтар-Бегім деген қарындасы болатын* (І. Есенберлин).

<sup>1</sup> Жанұзақов Т. Қазақ есімдерінің тарихы. – Алматы: Ғылым, 1971. – Б. 155.

<sup>2</sup> Асланов В. И. Некоторые случаи перехода грамматических форм в лексикализованные образования // Известия АН Азербайджанской ССР. Серия общественных наук. – Баку. – 1963. – № 2. – С. 26–30.

<sup>3</sup> Жанұзақов Т. Қазақ есімдерінің тарихы. – Алматы: Ғылым, 1971. – Б. 156.

Патшайым — патшаның не ханның әйеліне, кейде қызына қатысты қолданылады. Мысалы: *Қасында үлде мен бүлдеге оранған патшайым* (Қ. Жұмаділов). *Өйткені бұл қыз Гүлбаһрам-Патшайым атты Әбілқайыр ханның Маңғыт әйелінен туған кіші қызы еді* (І. Есенберлин).

Сұлтаным — сұлтанның әйелі не қызы. Мысалы: *Елшілік құрамындағы әйел, алыстан келген қалыңдық — Ділішат-сұлтаным еді. Әз-ханым әжесінің орнын Ділішат-сұлтаным басуға тиіс еді* (М. Мағауин).

Тәуелдік жалғаулары түбірмен бірігу әрекеті арқылы тілде бүгінгі күні жеке лексикалық бірлік ретінде танылатын — атауыш тұлғаларды қалыптастырады. Атауыш тұлға — екінші біреуді жақсы көргенде, еркелеткенде немесе жек көргенде айтылатын сөздер. Тіліміздегі: *айым, күнім, жаным, ботам, сәулем, жарығым, қарағым, құлыным, шырағым, шыбыным* тәрізділерді осы топқа енгіземіз. Бұлар жеке лексикалық мағынаға ие және сөздіктерде біртұтас сөз ретінде беріледі. Мысалы: — *Шыбыным, ағаңның мына жейдесін сен ки* (Б. Соқпақбаев). *Құшақтап бетінен сүйіп, «Жолың болсын, құлыным, жақсы оқы», — дейді әкесі* (І. Есенберлин). Осы сөйлемдердегі *шыбыным, құлыным* дегендер еркелету мәнінде айтылған атауыш тұлғалар. Біріншісінің бастапқы түбірі «*шыбын*» — жәндік атауы болса, екіншісі — жылқы төлінің атауы. Қазіргі жаңа мағына мен бастапқысының арасында айырмашылық бар және екеуі екі түрлі мәнді білдіретін дербес лексикалық бірлік ретінде танылады. Ал, бұл сөздердің қалыптасуына негіз болған — тәуелдік жалғауының түбірмен бірігу әрекеті. Яғни бұл тұста тәуелдік жалғауы сөздің мағынасының өзгеруіне, түрленуіне әсер етіп тұр. «... Туынды мағына негіз сөздің мағынасын өзгертпей, оның мағынасына үстеліп қосылуы мағынаның түрленуіне жатады. Сөзжасамда ол түрленген туынды мағына деп аталады»<sup>1</sup>. Біз айтып отырған атауыш тұлғалар да түрленген туынды мағынаны иемденген сөздер. Себебі алғашқы мағына (*жан, күн, ай, қарақ, шырақ, т. б.*) түгелдей өзгеріске ұшырамаған, тәуелдік жалғауының кірігуі арқылы оған мағына реңкін түрлендіретін еркелету мәні үстелген (*жан-ым, күн+ім, ай+ым, қарақ+ым, шырақ+ым*).

Жоғарыда айтылғандарды тәуелдік жалғауының түбірмен бірігуі арқылы бастапқы түбірдің мағынасы түрленіп, жаңа мәнге ие болатынын байқадық. Осы тәсілдің негізінде пайда болған сөздер арқылы тіліміздің, ең алдымен, сөздік құрамы толығына түседі, бір-біріне мәндес немесе қарама-қарсы сөздер қатары да молаяды. Бұл өзгерістерді сөздік құрамымыздың толық әрі жүйелі көрсеткіші түсіндірме сөздіктерден көруге болады.

<sup>1</sup> Оралбай Н. Қазақ тілінің сөзжасамы. – Алматы. – 2001. – Б. 42.

*Meirbekov Assylbek Kairatbekovich,  
PhD student, Faculty of Filology  
E-mail: ameirbekov@mail.ru*

*Elikbaev Bauirzhan Koshkinbaiuly,  
PhD, Faculty of Filology  
E-mail: bauyrzhan1977@mail.ru*

*Meirbekov Akyllbek Kairatbekovich,  
PhD, Faculty of Filology,  
International Kazakh-Turkish University  
named after H. A. Yassawi  
E-mail: ph-doctor@mail.ru*

### **Socio-pragmatic aspects of speech acts of congratulation and wish of Kazakh language at the wedding occasion**

*Мейірбеков Асылбек Қайратбекұлы,  
PhD докторант, Филология факультеті  
E-mail: ameirbekov@mail.ru*

*Елікбаев Бауыржан Көшкінбайұлы,  
филология ғылымдарының  
докторы, Филология факультеті  
E-mail: bauyrzhan1977@mail.ru*

*Меирбеков Ақылбек Қайратбекұлы,  
PhD доктор, Филология факультеті,  
Қ. Ясауи атындағы Халықаралық  
Қазақ-Түрік Университеті  
E-mail: ph-doctor@mail.ru*

### **Қазақ тіліндегі үйлену тойы дискурсіндегі құттықтау және қалау, тілек мәнді сөйлеу актілерінің элеуметтік-прагматикалық аспектілері**

Әлеуметтік-прагматика белгілі бір сөйлесім жағдайындағы қолданылған тілдік бірліктердің формасы мен қызметтерін зерттейді. Бұл анықтамамыздағы тілдік бірліктердің формасы дегеніміз олардың жалпы фонетикалық және грамматикалық сипаттамалары. Сөйлесім жағдайының әлеуметтік сипаттамаларына оған қатысушылардың саны, жынысы, ұлты, әлеуметтік статустары, өзара жақындықтары (мәселен: енді танысқан адамдар, дос жарандар, құрбы құрдастар,



туыстар), сөйлесім жағдайының ресмилігі немесе бейресмилігі, сөйлесім жағдайы орын алған контекст және т.б.<sup>1</sup>

Әлеуметтік прагматикаға жақын прагмалингвистикалық ұғымдардың бірі сөйлеу актілері. Сөйлеу актісі деген терминді ғылыми айналымға тіл білімінің философиялық мәселелерімен айналысқан J. L. Austin әкелген болатын. Austinnің пайымдауынша сөйлеу актісі дегеніміз белгілі бір қоғамда қалыптасқан сөйлеу әрекеттерінің негізгі қағидаттары мен ережелеріне сәйкес пайда болатын мақсатты сөйлеу<sup>2</sup>. Оның ізбасары J. Searl сөйлеу актілерін: директивті, коммисивті, экспрессивті, декларативті және репрезентативті деп бес негізгі топтарға бөліп классификациялады<sup>3</sup>.

Экспрессивті сөйлеу актісін зерттеу нысаны ретінде алғанда біз Н. А. Трофимованың «Экспрессивті сөйлеу актісі — психологиялық көңіл күйді білдіру интенциясын жүзеге асыратын және адресаттың эмоционалдық күйіне ықпал ететін сөйлеу актісі» деген пайымдауын басшылыққа аламыз<sup>4</sup>. Экспрессивті сөйлеу актілеріне сәлемдесу, құттықтау, тілек, рахмет айту және көңіл айту мәнді сөйлеу актілері жатады. Аталмыш сөйлеу актілері күнделікті тұлғааралық қарым-қатынастың бөліп жаруға келмейтін бір бөлімі. Әрі бұл сөйлеу актілеріне әр елдің мәдениеті әр түрлі әсерін тигізбек. Мәселен зерттеу нысанымыз етіп отырған құттықтау және қалау, тілек мәнді сөйлеу актілері қазақ тілінде үйлену тойы дискурсында ең көп айтылатын сөйлеу актісі. Оған тиісінше ұлттық мәдениетіміздегі үйлену тойына байланысты салт дәстүрлер өзіндік ықпалын тигізеді.

Құттықтау мәнді сөйлеу актісі — белгілі бір жағдаяттарға байланысты адресанттың адресат ықыласына оңды әсер ету және қуандырту мақсатында жүзеге асырған сыпайы формадағы сөйлеу актісі. Адресанттың бұл жердегі айтылған мақсаты иллокутивті акт болып есептеледі.

Қалау, тілек мәнді сөйлеу актісіне келер болсақ, ол — айтушының адресатқа қатысты өзінің ілтипаты мен ақ жарқын көңілін білдіру үшін және адресаттың болашақ өмірінде оған тек жақсылық қалайтынын жеткізу үшін жұмсалатын, қоғамдағы қарым-қатынас әдебіне сәйкес келетін сөйлеу іс-әрекеті. Осы қос тұжырымдаманы жасаған Е. В. Вдовинаның пікірінше, адресаттың қоғамдағы рөлі мен статусы қаншалықты жоғары болса, соншалықты сөйлеу актісіндегі құттықтау

<sup>1</sup> Dezhara S., Rezaei O., Davoudi S., Kafrani. R.S. A Comparative Study of Greeting Forms Common among Native Male and Female Speakers of Persian//Journal of Language Teaching and Research – 3(6) – 2012. – P. 1224–1232.

<sup>2</sup> Austin J. How to do things with words. – Harvard University Press. – 1962.

<sup>3</sup> Searle J. R. Speech Acts: An Essay in the Philosophy of Language. – Cambridge University Press. – 1969.

<sup>4</sup> Трофимова Н. А. Экспрессивные речевые акты. Семантический, прагматический, грамматический анализ. – Санкт-Петербург, – 2008. – 376 с.



және қалау, тілек мәні сөйлеу актілерінің берілуі кішіпейілденіп, қарым-қатынас ресмилене түседі<sup>1</sup>. Демек осылай ету арқылы адресанттар адресатқа өздерінің құрметін білдіреді.

Жоғарыдағы, біз экспрессивті сөйлеу актісіне байланысты пайымдауын негізге алған, Н. А. Трофимованың да бұл салаға қосқан өзіндік үлесі бар. Оның пікірінше, қалау, тілек мәнді сөйлеу актісі — илокутивті мақсаты адресаттың іс-әрекетіне, істің белгілі бір жағдаяттарына қатысты айтушының реакциясынан құрылатын, тілектің орындалғанын қалайтынын білдіретін сөйлеу актісі. Автор, қалау тілек мәнді сөйлеу актісінің, сөйлеушінің адресатқа деген ілтипатын білдіріп, сонымен қатар сол қоғамның басқа мүшелерімен оның арасындағы қарым-қатынасын реттеп отыратын функциясын ерекше атап өткен. Демек, қалау, тілек мәнді сөйлеу актісі тұлғааралық қарым-қатынасты оңтайлы реттеп отыру үшін тиімді деп айтсақ жаңылмаспыз.

Ал құттықтау мәнді сөйлеу актісі болса, белгілі бір сөйлесім жағдаятында көпшілік мақұлдаған тәртіпке байланысты, сөйлеуші өзінің эмоционалдық көңіл күйін құттықтау арқылы білдіре отырып, сол әрекетінің нәтижесінде адресаттың бойында жылы эмоционалдық лебіз тууына әсер ететін сөйлеу әрекеті болып табылады.

Үйлену тойы коммуникациясында өлең айту, әңгіме айту, құттықтау, тілек айту секілді вербалды және би билеу, сыйлықтар сыйлау, қол алысу, құшақтасу секілді бейвербалды іс-әрекеттер орын алады. Аталмыш іс-әрекеттердің арасындағы ең негізгісі құттықтау, тілек айту. Үйлену тойы дискурсында құттықтау және қалау, тілек мәнді сөйлеу актілері тост жанрында беріледі. Демек, құттықтаудан кейін бір емес бірнеше тілектер айтылады.

Құттықтау және қалау тілек мәнді сөйлеу актілері үйлену тойы контекстінде қарастыру бүгінгі таңдағы аталмыш сөйлеу актілерінің ең жиі орын алатын сөйлесім жағдайын саралаумен тең. Жаһандық лингвисттерден G. Emery өзінің Оман араб диалектіндегі сәлемдесу, құттықтау және көңіл айту мәнді сөйлеу актілерін зерттеген мақаласында үйлену тойы дискурсындағы тілек білдіруші адресанттардың жас ерекшелік факторлерінің білдірілген тілектердің лингвистикалық формасын тигізген әсерін зерттей отырып, Оман араб диалектіндегі құттықтау және тілек мәнді сөйлеу актілерінің әлеуметтік-прагматикалық аспектілерін анықтады<sup>2</sup>.

Олардың әлеуметтік-прагматикалық аспектілері құттықтау және қалау, тілек мәнді сөйлеу актілерінің мән мазмұнына және грамматикалық құрылымына әсер етуші бірден-бір экстралингвистикалық фактор. Берілген мақалада негізінен

<sup>1</sup> Вдовина Е. В. Поздравление и пожелание в речевом этикете: концептуальный и коммуникативный анализ. Автореф. дисс. ... к. филол. н. – М., 2007. – 24 с.

<sup>2</sup> Emery G. Greeting, congratulation and commiserating in Oman Arabic. Language, Culture and Curriculum. – 2000 – 13, 2, – P. 196–216.

құттықтау және қалау, тілек мәнді сөйлеу актілерінің әлеуметтік прагматикалық аспектілері ішінен гендерлік, жас ерекшелік және тұлғааралық қарым-қатынас жақындығы факторлерін қарастырдық. Мұндағы тұлғааралық қарым-қатынас жақындығы тілек білдіруші мен той иелері, екі жас жұбайлармен арадағы туысқандық, достық, құрбы құрдастық жақындығы. Зерттеуіміздің негізгі қарастыру арнасын анықтап көрсету үшін төмендегідей зерттеу сұрақтарына жауап береміз. Олар:

1. Гендерлік ерекшеліктердің үйлену тойы дискурсіндегі құттықтау және қалау, тілек мәнді сөйлеу актілеріне ықпалы бар ма?
2. Жас ерекшелік факторының үйлену тойы дискурсіндегі құттықтау және қалау, тілек мәнді сөйлеу актілеріне ықпалы қалай беріледі?
3. Тұлғааралық қарым-қатынас жақындығының үйлену тойы дискурсіндегі құттықтау және қалау, тілек мәнді сөйлеу актілеріне ықпалының нышандары қандай?

Қазақ елінің дәстүрінде құттықтау және қалау, тілек мәнді сөйлеу актілерін білдірудің ерекше екі түрі бар. Олар: бата беру және құттықтау мен тілекті өлең түрінде ұйқастырып айту. Бата негізінен қазақтың дастархан басында, түрлі жиын-тойларда, адам өмірінде кездесетін қуаныш кезінде той иесіне, қуаныш иесіне арнап, сондай-ақ алыс жолға аттанғалы тұрған азаматтарына ақ жол тілеп, қол жайып айтатын тілек. Қазақтың ақ батасы ұрпақтарын адамгершілікке, имандылыққа, ақыл мен парасаттылыққа, шешендікке баулыған. Тілімізде батаның келесідей: 1) Нәрестеге бата, 2) Асқа бата, 3) Ұлға бата, 4) Қызға бата, 5) Келінге бата, 6) Сапар бата, 7) Жастарға бата, 8) Сүндет той батасы, 9) Наурыз батасы, 10) Ораза айт батасы, 11) Жарапазан батасы, 12) Ас қайыру батасы секілді түрлері бар. Батаны жас үлкен, көп көрген, ақсақалдар береді. Үйлену тойы дискурсінде әр түрлі баталар беріледі солардың бірі:

*Жас келіннің батасы,  
Жастардың көп қатасы.  
Жек көрмейді баласы,  
Анасы мен атасы,  
Балалар, көтер қолыңды,  
Қайырлы құтты жолыңды,  
Ием берсін мал мен бас.  
Толтырсын оң мен солыңды.  
Мен берейін батамды,  
Кішіпейіл болып, келінжан,  
Сыйла енең мен атаңды.*

Мысалдан байқалып тұрғандай үйлену тойы дискурсінде дәл осы секілді ұйқасқан өлең формасындағы баталар беріледі. Мақаламызда батаны қарастырып

отырған себебіміз мұнда құттықтау және тілек білдіруге адресанттың жас ерекшілік фактор эсер етіп отырғанын байқаймыз. Жоғарыда айтқанымыздай батаны тек жасы үлкен, ақсақалдар бере алады. Сырттай императив ретінде берілгенімен перлокутивтік прагматикалық аспектілерін саралағанда біз бұл бата арқылы қалау, тілек мәнді сөйлеу актісі орын алып тұрғанын көреміз. Демек, батадағы қорытынды етістік бұйрық рай формасында бола отырып, ол қалау, тілек мәнді сөйлеу актісін білдіріп отыр. Мысалы:

***Өмір жасың ұзақ болсын! Әр дайым ата анаңның үмітін ақтап, бәрімізді осындай қуаныш шаттыққа бөлеп жүр!***

Берілген қалау, тілек мәнді сөйлеу актілерінің соңғысы да бұйрық райлы етістік формасында берілгенімен оның атқарып отырған қызметі қалау, тілек. ***Бақытты болыңдар!*** деген қалау, тілек мәнді сөйлеу актісі де императив формасында беріледі.

Ал жастар батаның орнына батаның мақымында құттықтау және тілектерін ұйқасқа келтіріп өлең формасында айтады. Мысалы:

- 1) ***Өмірдері бақытты, әнді болсын,  
Өңірлері осындай сәнді болсын!  
Достық пенен жастық шақ жалын атып,  
Ақ махаббат баянды, мәнді болсын!***
- 2) ***Егіз аққу сияқтанған достарым,***
- 3) ***Бастапсыздар жұбайлы өмір-дастанын.***
- 4) ***Мықты болсын тіккен ордаң — отауың,***
- 5) ***Қутты болсын алғаш түндік ашқаның.***

Бірінші өлең мақымындағы қалау, тілек мәнді сөйлеу актілерінің төрт қатар түгел дерлік қалау, тілек мәнді сөйлеу актілері болса, екіншісінде үшінші қатары қалау, тілек мәнді сөйлеу актісінде, ал төртінші қатары құттықтау мәнді сөйлеу актісі.

Бата берумен салыстырғанда мұндай өлең ұйқасындағы құттықтау, тілектерді білдіруші адресанттың жас ерекшілік факторі ескерілмейді. Әрі осындай өлең ұйқасындағы құттықтау, тілектерді білдіруші адресант осылай етуі арқылы өзінің адресатпен белгілі бір әлеуметтік жақындық дәрежесінде екенін таныта алады. Мәселен, тілек білдіруші мұндай сөйлесім жағдайында адресаттың құрбы құрдасы немесе туысқандық жақыны бар тұлға болуы ықтимал.

Үйлену тойы дискурсындағы құттықтау және қалау, тілек мәнді сөйлеу актілерінің прагматикалық мақсаттылығы әр түрлі болуы мүмкін. Мысалы:

***Әр дайым арамызда ойнап, күліп, шалқып жүре бер!*** деген сөйлеу актісінде перлокутивті эсері адресатқа жақсылық тілеуден гөрі, адресанттың адресатпен жақынырақ қарым-қатынас орнату мақсатында айтылған қалау, тілек мәнді сөйлеу актісі екенін аңғарылады. Адресанттың ол интенциясы ***арамызда жүре бер*** дегенінен көрінсе, бұл мақсатты сөйлеуді қалау, тілек мәнді сөйлеу актісі

егіп отырған *ойнап, күліп, шалқып жүре бер* деген тілек. Осы арада бұл сөйлеу актісінің *Мен саған әр дайым арамызда ойнап, күліп, шалқып жүруіңді тілеймін* деген пропозиционалдық сипаты адресанттың адесатқа интенциясын жоғарыда келтірілген қалау, тілек мәнді сөйлеу актісі формасында берілуі нәтижесінде білдіріліп отыр. Үйлену тойы дискурсінде айтылған бұл қалау, тілек мәнді сөйлеу актісі жастардың құрбы-құрдас, дос жараңдары тарапынан білдірілгенін оның прагматикалық мақсаттылығы мен тілек нысаны арқылы анықтай аламыз. Бұл сөйлеу актісіндегі тілек нысаны *ойнап, күліп, шалқып жүру* демек *бақыт*. Ал «бақыт», «байлық» және «махаббат» көбіне жастарға өздерінің құрды-құрдас, дос жараңдары тілейтін нысандар. ***Осы дастархан басында отырған достарыңның бәрі сол қуанышты бірге тойлай берейік!*** Деген қалау, тілек мәнді сөйлеу актісінің де дәл осындай екі түрлі перлокутивті әсері бар.

Жасы үлкен кісілер болса үйлену тойы дискурсінде үйленіп отырған жастарға отбасы берекесін, татулығын және жастардың көбеюін тілейді. Бұл жағдайда жасы үлкен ер кісілер жастарға отбасы берекесі, татулығын тілесе, әйел кісілер жастардың көбеюін тілейді. Мысалы: ***1) Шаңырақтарың биік болсын, кережелерің кең болсын, босағаларың берік болсын! 2) Сендердің ақ отауларыңның іргесі берік, шаңырағы биік болсын, түтіні түзу шалқысын! 3) Үй ішің жанға, қораларың малға, қалталарың ақшаға толсын!*** Бұл құттықтаулардың тілек нысанынан оны білдіруші жасы үлкен ер кісі екенін анықтай аламыз. Бұл құбылыс қазақ халқының санасына сіңген сыпайы сөйлеу стратегиясынан туындап отыр. Ал ***1) Балаларыңыз көп болсын, бақытты ұзақ өмір сүріңіздер! 2) Екі бастарың — үш болсын! Үш бастарың — төртеу болсын! 3) Достарың да, ұрпақтарың да көп болсын! Бүгінгі той алда болатын көптеген қызық қуаныштың басы болуға жазсын!*** Деген тілектерді тілек нысанынан оны білдіруші жасы үлкен әйел кісі екенін анықтай аламыз. Одан өзге үйлену тойы дискурсінде жиі айтылып жататын ***Тойларың тойға ұлассын!*** деген тілекті де көбіне әйел кісілер білдіреді. Бұл тілектің астарында үйлену тойының шілдехана бесік тойға ұласуы айтылып отыр. Демек, бұл да адресанттың үйленіп отырған жастардың көбеюін тілейтінін білдреді. Кейде жасы үлкен әйел кісілер де тілектерін өлең мақымына салып:

***Көңілде көктеп махаббат гүлі, нұр гүлі,  
Естілсін үйден күміс күлкінің сыңғыры  
Өрісі кеңіп бабадан қалған зүлеттің  
Тербелсін бесік, естілсін сәби былдыры.***

деп, қалау, тілек мәнді сөйлеу актілерін білдіріп жатады.

Зерттеу сұрақтарымызға орай келсек, үш сұрақ бойынша да үйлену тойы дискурсінде айтылатын құттықтау және қалау, тілек мәнді сөйлеу актілерінің

әлеуметтік-прагматикалық аспектілеріндегі айырмашылықтар жете зерттелуі қажет екендігі толығымен мысалдар және олардың әлеуметтік-прагматикалық аспектілерін сипаттау арқылы дәлелденілді.

Әр түрлі салт-дәстүрлерімізге байланыста айтылатын құттықтау және қалау, тілек мәнді сөйлеу актілерінің әлеуметтік-прагматикалық аспектілерін лингвистикалық тұрғыдан саралап, оның прагматикасы мен перлокутивті прагматикасын және пропозиционалдық мазмұнын зерттеу қазақ тілін үйренушілердің прагматикалық біліктіліктерін қалыптастыруға өзіндік зор үлесін қоспақ. Әрі олардың үйлену тойы дискурсында ұлттық санамызға сіңген сыпай сөйлеу стратегиясын ұстанып өз қалау, тілектерін дұрыс жеткізуге көмектеспек.

### **Әдебиет тізімі:**

1. Dezhara S., Rezaei O., Davoudi S., Kafrani R.S. A Comparative Study of Greeting Forms Common among Native Male and Female Speakers of Persian // *Journal of Language Teaching and Research* – 2012 – 3 (6) – P. 1224–1232.
2. Austin J. *How to do things with words*. Harvard University Press. – 1962.
3. Searle J. R. *Speech Acts: An Essay in the Philosophy of Language*. – Cambridge University Press. – 1969.
4. Трофимова Н. А. Экспрессивные речевые акты. Семантический, прагматический, грамматический анализ. – Санкт-Петербург, 2008. – 376 с.
5. Вдовина Е. В. Поздравление и пожелание в речевом этикете: концептуальный и коммуникативный анализ. Автореф. дисс... к. филол. н. – М., 2007. – 24 с.
6. Emery G. *Greeting, congratulation and commiserating in Oman Arabic*. *Language, Culture and Curriculum*. – 2000 – 13, 2, – P. 196–216.

# Contents

|   |           |
|---|-----------|
| <b>Section 1. The Germanic languages</b> .....  | <b>3</b>  |
| <i>Alibekova Aigul Oryntaevna, Rsaliyeva Anar Maksutovna,<br/>Kadyrova Gulnur Maksatkhankyzy</i>  |           |
| Mysteries of trees in Celtic legends .....  | 3         |
| <i>Nasrullaeva Nafisa Zafarovna</i>   |           |
| The concept “kindred relations” as a problem<br>of gender linguistics (on the material of English phraseology) .....  | 8         |
| <i>Rakhimova Guzal Yuldashovna,<br/>Atamuratov Dilshod Alimbayevich</i>   |           |
| A lexicographical analysis of “Memory” concept<br>(based on dictionaries of Uzbek and English languages) .....  | 13        |
| <i>Stroganova Galyna Olexandrivna</i>   |           |
| Metaphorization objects in German economic media discourse .....  | 18        |
| <i>Tersina Iryna Zinoviivna</i>   |           |
| Adjectival word combinations in potteriana:<br>author-determined peculiarities .....  | 24        |
| <i>Shtaltovna Yuliya Anatolievna</i>  |           |
| Influence of democratization on derivative<br>processes in cultural sphere of modern English language .....   | 29        |
| <b>Section 2. Journalism</b> .....  | <b>34</b> |
| <i>Alimova Gulnoza Bahshillovna</i>   |           |
| Sozialnetzwerke als das Ergebnis der Informations globalisierung .....  | 34        |
| <b>Section 3. Literature of peoples of foreign countries</b> .....  | <b>37</b> |
| <i>Guliyeva Saadat Namiq</i>  |           |
| Formation and the ways of development<br>of British children’s literature (on the base of the works<br>by Charles Dickens, William Thackeray and Lewis Carroll) ..... | 37        |
| <i>Zhumkina Svetlana Serikbayevna</i>   |           |
| Kazakh fairy tales: the stance to the real life .....   | 43        |
| <i>Isayeva Lala Shahin</i>  |           |
| Orientalism of James Morier and his role in formation<br>of the character of the East in English literature .....   | 50        |
| <i>Karshibayeva Ulzhan Davirovna</i>  |           |
| Rhythmes problem in Victor Hugo prose .....   | 56        |
| <i>Matkarimova Salomat Kuzievna</i>   |           |
| Influence on Gazals in the way of tatabbu by Navoi .....  | 61        |

|   |            |
|---|------------|
| <i>Mukhammedova Khulkar Eliboyevna</i>  |            |
| Specific types of woman characters in Charles Dickens's novels . . . . .  | 64         |
| <i>Mukhammedova Nilufar Eliboyevna</i>  |            |
| Portrayal of mother in Margaret Drabble's novel "The witch of exmoor" . . . . .                                       | 68         |
| <i>Sardaryan Karinna Gamletovna</i>   |            |
| The artistic originality of the poem I. V. Zhylenko «Holiday in August» . . . . .                                     | 72         |
| <i>Khvorostianyi Ihor Hryhorovych</i>   |            |
| The ideological and artistic horizons of poetry of Oleksandr Konyskyi . . . . .                                       | 77         |
| <i>Kholikov Bakhodir Alikulovich</i>  |            |
| Poetic outcome of vital problems . . . . .  | 82         |
| <b>Section 4. Russian language . . . . .</b>  | <b>90</b>  |
| <i>Vaulina Ekaterina Urievna</i>  |            |
| Vocabulary of nanotechnology in the explanatory dictionary . . . . .  | 90         |
| <i>Guramishvili Zaira Shakirovna</i>  |            |
| Regard to the question of functioning<br>of the linguistic terminology in Russian language . . . . .                  | 96         |
| <i>Nurkeeva Balkadisha Abilkaevna, Gainutdinova Gulfiya Faisovna</i>  |            |
| The problems of organization polylanguage's formation in Kazakhstan . . . . .   | 102        |
| <b>Section 5. Slavonic languages . . . . .</b>  | <b>109</b> |
| <i>Volianska Yevgeniia Volodymyrivna</i>  |            |
| The term «occasionalism» as a linguistic problem: morfonological aspect . . . . .                                     | 109        |
| <i>Kostova Maria Ivanova, Minkov Radoslav Minkov</i>  |            |
| Concise Russian-Bulgarian thematic medical<br>dictionary – a handbook for students and specialists . . . . .          | 114        |
| <i>Formanova Svitlana Victorivna, Boeva Evelina Volodimirivna</i>   |            |
| The concept of corruption in Ukrainian language consciousness . . . . .   | 119        |
| <b>Section 6. Comparative-historical,<br/>typological and comparative linguistics . . . . .</b>                       | <b>126</b> |
| <i>Amrenov Adilbek Dautbekovitch</i>  |            |
| On a anthroponyms in Turkic writing<br>of the 16 <sup>th</sup> century: linguistic, historical code . . . . .         | 126        |
| <i>Ahmedova Ugiljan Kuranbayevna, Nurmatova Manzura Rakhimbayevna</i>   |            |
| The role of translation in expressing semantic<br>and linguocultural features of Uzbek and English proverbs . . . . . | 134        |
| <i>Baiserkesheva Juldiz Sagitjanovna, Kalandarova Gulbakhar Nurullaevna</i>   |            |
| To function karakalpak words (karakalpakisms)<br>of karakalpak literary works in russian translations . . . . .       | 138        |



|  |            |
|--|------------|
| <i>Djafarova Dildora Ilhomovna</i>   |            |
| Die vergleichende Analyse<br>der Klassifikationsmerkmalen im Motivationsprozess.....   | 146        |
| <i>Kalandarova Gulbakhar Nurullaevna</i>   |            |
| Interaction theoretical and practical questions<br>of Russian and Karakalpak language in lexical sphere.....   | 149        |
| <i>Monastyrska Olesja Vasylivna</i>  |            |
| Speech genre of joke: the state of study of problem .....  | 155        |
| <i>Nurmatova Manzura Rakhimbayevna,<br/>Ahmedova Ugiljan Kuranbayevna</i>  |            |
| English and Uzbek somatic phraseological units as a linguistic phenomenon....  | 161        |
| <i>Sapabayeva Gulandom Masharipovna,<br/>Jumaniyazov Zohid Atabayevich</i>   |            |
| The national-cultural and gender features<br>of representation, appearance and character of the person<br>by composite words in English and Uzbek languages..... | 164        |
| <i>Safarov Odiljon Mamadiyevich</i>  |            |
| Georges Mounin über antike Übersetzungen.....  | 168        |
| <i>Smishchenko Miroslava Sergeevna</i>   |            |
| The logical analysis of concepts «work» and «rabota»<br>in English and Russian languages.....  | 174        |
| <i>Snigovska Oksana Volodymyrivna</i>  |            |
| Language in context of intercultural communication:<br>transition from Hellenization to Westernization/Americanization .....                                     | 177        |
| <b>Section 7. Theory of literature. Textual criticism.....</b>   | <b>182</b> |
| <i>Orazhanova Maygul Irangaipovna, Yergaliyev Kuanysh Sovetuly</i>   |            |
| Genre of ballads in Kazakh literature.....   | 182        |
| <i>Kuntsevich Daria Victorovna</i>   |            |
| Genesis of the Russian symbolism.....  | 186        |
| <i>Tuymebekova Alia Abzelbekovna</i>   |            |
| The role of the hero in the image of the landscape.....  | 191        |
| <i>Tuymebekova Alia Abzelbekovna</i>   |            |
| Place in the character's creation in the image of the dialog .....   | 195        |
| <b>Section 8. Theory of language .....</b>   | <b>203</b> |
| <i>Belova Tatiana Sergeyevna</i>   |            |
| Suggestive power of the language sound system .....  | 203        |
| <i>Bondarenko Natalia Grigorievna</i>  |            |
| Social determinant of communicative action in philosophical researches .....   | 209        |

|   |            |
|---|------------|
| <i>Bondarenko Natalia Grigorievna, Kasyanova Natalya Aleksandrovna, Shalbarova Inna Muhadinovna, Belova Lyudmila Vasilyevna</i>       |            |
| Valuable language matrix in cultural and historical aspect. . . . .   | 215        |
| <i>Vassilenko Anatoly Petrovich</i>   |            |
| Phraseological units in classification: cliché & maxim . . . . .  | 220        |
| <i>Yergaliyev Kuanysh Sovetuly, Maygul Irangaipovna Orazhanova, Asanbayeva Yeldana Bakytovna</i>                                      |            |
| Globalization in the language and its reflection in publicistic headlines . . . . .   | 226        |
| <i>Zubenko SergeyYurievich</i>  |            |
| The verb as a part of speech in the language of the Voynich manuscript. . . . .   | 231        |
| <i>Minina Svetlana Wladimirowna</i>   |            |
| Wie eine Frage regelt den Sprechakt . . . . .   | 238        |
| <i>Issina Gaukhar Ilikeshevna, Akhmetgalina Aminiya Sergeevna</i>   |            |
| Cultural concepts in the context of national language . . . . .   | 243        |
| <i>Turbekova Ulzhan Kozhamberdievna</i>   |            |
| Improving the language barrier with the help<br>of dictionary work in the classroom professional Kazakh language . . . . .            | 247        |
| <i>Shakaman Yrysgul Bektemirkyzy</i>  |            |
| Principles in the theory of word-formation in Kazakh linguistics . . . . .  | 256        |
| <b>Section 9. Languages of peoples of foreign countries<br/>of Europe, Asia, Africa, aborigines of America and Australia. . . . .</b> | <b>263</b> |
| <i>Kadyrova Olga Mihaylovna</i>   |            |
| Theoretical description problems of Turkish converbal forms. . . . .  | 263        |
| <i>Ramanova Aigul Abibullaevna</i>  |            |
| Phonetic and lexical phenomena that are identified<br>during the merger of possessive affixes . . . . .                               | 273        |
| <i>Meiirbekov Assylbek Kairatbekovich, Elikbaev Bauirzhan Koshkinbaiuly, Meirbekov Akylbek Kairatbekovich</i>                         |            |
| Socio-pragmatic aspects of speech acts of congratulation<br>and wish of Kazakh language at the wedding occasion . . . . .             | 284        |